

Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 112 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 наурызда № 10532 тіркелді.

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағының б) тармақшасына, 12-1-бабының 2-тармағына, 15-10-бабының 2, 3, 4, 5, 6, 10, 11, 12, 13, 16-тармақтарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 260) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.12.2024 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруын;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылатын Қағидалардың 5-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 24.12.2020 № 463 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

*Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі*

В. Школьник

Энергетика министрінің
Қазақстан Республикасының
2022 жылғы 20 ақпандағы
№ 112 бұйрығымен бекітілген

Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 30.06.2023 № 250 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 260) тармақшасына сәйкес әзірленді және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу тәртібін, Қазақстан Республикасының Біртұтас электр энергетикалық жүйесін теңгерімдеу аймақтарын айқындауды, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің жүйелік операторға жоғарылатуға (төмендетуге) теңгерімдеуге қатысуға өтінімдер беруді, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің жоғарылатуға (төмендетуге) теңгерімдеуге қатысуға өтінімдерін іріктеу және іске қосуды, теңгерімдеуші электр энергиясының көлемін, теңгерімдеуші электр энергиясын сатуға сағаттық орташа өлшенген бағаларын есептеуді, теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерін және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің сағаттық теңгерімсіздіктерін есептеуді, теңгерім провайдерлерінің тізбесін қалыптастыру тәртібін, теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есеп айырысулар тізілімін қалыптастыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н /қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) генерация-тұтыну объектісі – электр энергиясын өндіруге (беруге) және (немесе) тұтынуға (жинақтауға) қабілетті электр станциясы, зауыт немесе өзге де физикалық объект;

2) генерация-тұтынудың жоспарлы сальдосы – электр энергиясын өндіру-тұтынудың сағаттық тәуліктік кестесінде жүйелік оператор бекіткен электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің электр энергиясын өндіру және тұтыну (операциялық тәуліктің бір сағаты үшін) мәндерінің кВт*сағаттағы айырмасы;

3) генерация-тұтынудың нақты сальдосы – электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің электр энергиясын өндіру мен тұтынудың нақты мәндерінің кВт*сағ айырмасы (операциялық тәуліктің бір сағаты үшін), в кВт*сағ;

4) дайындық уақыты – 10 (он) минутқа тең операциялық тәулік сағаты шеңберіндегі уақыт сегменті, ол осы өтінім іске қосылған операциялық сағат минутынан бастап есептелетін жүйелік оператор іске қосқан өзінің жоғарылатуға арналған теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімін не төмендетуге арналған теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімді орындауға дайындау үшін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісіне беріледі;

5) жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы (бұдан әрі – қаржы-есеп айырысу орталығы) – "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 70-46) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган айқындаған, 2023 жылғы 1 шілдеге дейін қолданыста болған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер және қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату жөніндегі объектілер өндіретін электр энергиясын сатып алу-сату шарттарының тарапы болып табылатын заңды тұлға;

6) жауапкершілікті беру шарты - осы теңгерім провайдеріне өз теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу үшін жауапкершілікті берген теңгерім провайдері мен электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісі арасында жасалатын шарт;

7) жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға өтінім – теңгерімдеуші нарық жүйесіндегі электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері беретін теңгерімдеуші электр энергиясын сатуға өтінім;

8) жоғарылатып теңгерімдеудің ең төмен электр қуаты – теңгерімдеуші электр энергиясы нарығы субъектісінің МВт-да жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға жүйелік оператор іске қосқан өтінімді орындау шеңберінде теріс теңгерімсіздік жасау қуатының ең төменгі мәні (жоспарлы тәртіппен);

9) қосылу шарты – теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу (сату) жөніндегі міндеттемелер бойынша өзара есептеулерді және теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектілері мен теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы арасындағы теңгерімдеуші нарықтағы теріс теңгерімсіздіктерді қамтамасыз ету үшін теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы мен электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығы арасында жасалатын шарт;

10) оң теңгерімсіздік – мәні нөлден үлкен (теріс емес), кВт*сағаттағы теңгерімсіздік ;

11) операциялық тәуліктер – электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесін іске асыру жүзеге асырылатын, ортаеуропалық уақытпен сағат 00:00-де басталатын және сағат 24:00-де аяқталатын күнтізбелік тәуліктер;

12) Орталық Азиямен шекарадағы ауытқу - Орталық Азия (бұдан әрі – ОА) мемлекеттерінің энергожүйелерімен теңгерімдеу аймағының шекарасындағы электр энергиясының сальдо-ағынының тәулік сағатына, кВт*сағ-қа нақты және жоспарлы мәндерінің айырмасы;

13) орындау уақыты - ұзақтығы бойынша 21 (жиырма бір) минуттан 50 (елу) минутқа дейін өзгертін операциялық тәулік сағаты шеңберінде дайындық уақыты аяқталған минуттан кейінгі минуттан бастап және операциялық тәулік сағатының соңғы минутының өтуімен аяқталатын, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының тиісті субъектісі өзінің өтінімін тікелей орындауды жүзеге асыратын уақыт кезеңі көтеруге теңгерімдеуге қатысуға не жүйелік оператор іске қосқан төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға өтінім;

14) Ресей Федерациясымен шекарадағы ауытқу - тәулік сағатына, кВт*сағ-қа Ресей Федерациясының (бұдан әрі – РФ) энергетикалық жүйесімен теңгерім аймағының шекарасындағы электр энергиясының сальдо-ағынының нақты және жоспарлы мәндерінің айырмасы;

15) теңгерім провайдері - электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында өз теңгерімсіздіктерін және олармен жасалған шарттарға сәйкес теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының басқа субъектілерінің теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу үшін жауапкершілікті өзіне алған, теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы қалыптастыратын теңгерім провайдерлерінің тізбесіне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі;

16) теңгерімдеу аймағы – электр энергиясының теңгерімсіздігін физикалық реттеуге, теңгерімдеуші электр энергиясына бірыңғай бағаларды қолдануға және теріс теңгерімсіздіктерге кедергі келтіретін техникалық сипаттағы шектеу қойылмаған Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің (бұдан әрі – ҚР БЭЖ) бөлігі;

17) теңгерімдеу аймағының нәтижелік теңгерімсіздігі – тәуліктің бір сағатында, кВт*сағ-та теңгерімдеу аймағының шекарасында (периметрі бойынша) электр энергиясының сальдо-ағынының нақты және жоспарлы мәндерінің айырмасы;

18) теңгерімдеу аймағының оң нәтижелік теңгерімсіздігі – тәуліктің бір сағатында, кВт*сағ-та теңгерімдеу аймағының шекарасында (периметрі бойынша) электр энергиясының сальдо-ағынының оң мәні;

19) теңгерімдеу аймағының теріс нәтижелік теңгерімсіздігі – тәуліктің бір сағаты үшін теңгерімдеу аймағының шекарасында (периметрі бойынша) электр энергиясының сальдо-ағынының теріс мәні, кВт*сағ;

20) теңгерімдеуші нарық жүйесі – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің сатып алуға өтінімдер мен сатуға өтінімдер беруге, электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесін қалыптастыруға, цифрлық кеншілер үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттық көлемін айқындауға, энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттық көлемін айқындауға, жүйелік оператормен келісілген бекітілген тәуліктік кестеге түзетулер енгізуге, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын өндіру-тұтынуының нақты мәндерін қалыптастыру, электр энергиясының сағаттық теңгерімсіздіктерін есептеу, электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алу-сатудың сағаттық бағаларын, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алудың (сатудың) және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудың (сатудың) сағаттық бағаларын есептеуге арналған аппараттық-бағдарламалық кешен;

21) теңгерімдеуші нарық жүйесінің қолжетімсіздігі – бұл теңгерімдеуші нарық жүйесінің жүйелік оператормен расталған жай-күйі, нәтижесінде бір немесе бірнеше энергия тораптары жүйесінің барлық сыртқы пайдаланушыларында жүйенің функционалына немесе ресурстарына қолжетімділік мүлдем жоқ;

22) теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есептеулер тізілімі - теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы қалыптастыратын құжат, оның негізінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері Қазақстан Республикасының электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында теңгерімдеуші электр энергиясы нарығы субъектілерінде туындаған міндеттемелер бойынша өзара есептеулерді жүзеге асырады, сондай-ақ электр энергиясы теңгерімдеуші нарық субъектілерінің талап ету құқығын және ақшалай міндеттемелерінің болуын растайтын құжат болып табылады;

23) теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы – Заңның 5-бабының 70-45) тармақшасына сәйкес теңгерімдеуші электр энергиясын және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы теріс теңгерімсіздіктерді орталықтандырылған сатып алу-сатуды жүзеге асыратын уәкілетті орган айқындаған ұйым;

24) теңгерімдеуші электр энергиясы - жүйелік оператордың электр энергиясын өндіру-тұтынудың бекітілген сағат сайынғы тәуліктік кестесін іске асыруы кезіндегі оң теңгерімсіздіктерді жабуға арналған электр энергиясы;

25) теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тариф – электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері үшін теңгерімдеуші электр энергиясын теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына сатудың ең жоғары рұқсат етілген бағасы;

26) теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерін және сағаттық теңгерімсіздіктерді есептеу - теңгерімдеуші электр энергиясының және

теңгерімсіздіктердің көлемін, сондай-ақ олардың есепті айдың әрбір сағаты бойынша құнын көрсететін, өзара есеп айырысулар үшін негіз болып табылатын құжат;

27) теңгерімсіздік – генерация-тұтынудың жоспарлы және нақты сальдосының, кВт*сағаттағы айырмасы;

27-1) реттеуші теңгерімсіздік – жиілікті және қуат ағындарын автоматты реттеу жүйесінің әсерінен туындаған, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі жасаған және (немесе) жүйелік оператордың "Авария" режиміндегі көтеріп немесе төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға арналған командаларының іске қосылған өтінімдерін және жүйелік оператордың генерацияны арттыруға арналған диспетчерлік командаларын орындау нәтижесінде жасалған теңгерімсіздік;

28) теріс теңгерімсіздік – мәні нөлден кіші (теріс), кВт*сағаттағы теңгерімсіздік;

29) теріс теңгерімсіздіктердің шекті тарифі – электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері үшін рұқсат етілген теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу бағасы;

30) төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға өтінім - теңгерімдеуші нарық жүйесіндегі электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері беретін теріс теңгерімсіздіктерді сатып алуға өтінім;

31) төмендетіп теңгерімдеудің ең төмен электр қуаты – теңгерімдеуші электр энергиясы нарығы субъектісінің МВт-да төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға жүйелік оператор іске қосқан өтінімді орындау шеңберінде оң теңгерімсіздік жасау қуатының ең төменгі мәні (жоспарлы тәртіппен);

32) уәкілетті орган – электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

33) электр энергиясының көтерме сауда нарығы – электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері арасындағы электр энергиясын сатып алу-сату шарттары негізінде жұмыс істейтін электр энергиясының жоспарлы көлемдерін сатып алу-сатумен байланысты қатынастар жүйесі;

34) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері – энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар және жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген цифрлық майнерлер, сондай-ақ жүйелік оператор, орталықтандырылған сауда нарығының операторы және электр энергиясын бірыңғай сатып алушы;

35) электр энергиясының сальдо-ағыны – электр беру желілерінің белгілі бір тобы (қимасы) бойынша не коммерциялық есепке алу нүктелері бойынша электр энергиясын қабылдау және босату мәндерінің айырмасы;

36) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы – Жүйелік оператордың ҚР БЭЖ электр энергиясының теңгерімсіздігін физикалық реттеу нәтижесінде туындайтын және теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сатумен байланысты электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері мен теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы арасындағы өзара қатынастар жүйесі;

36-1) тепе-теңдік коэффициенті – пайда болған теңгерімсіздіктерді қаржылық реттеу мақсатында теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық бағаларын және теріс теңгерімсіздіктерді есептеу үшін қолданылатын коэффициент;

37) жүйелік оператордың генерацияны арттыруға арналған диспетчерлік командасы – жөндеудің кез келген түрінен шығарылған және суық резерв жағдайындағы энергия өндіруші ұйымның генерациялаушы жабдықты жұмысқа енгізуге арналған жүйелік оператордың командасы;

38) жүйелік оператордың генерацияны арттыруға арналған диспетчерлік командасы – генерациялайтын жабдықты қосуға немесе ажыратуға және (немесе) энергия өндіруші ұйымдардың генераторларының белсенді жүктемесін өзгертуге арналған жүйелік оператордың командасы;

39) инвестициялық тарифті алушы – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 12 тамыздағы № 606 қаулысымен бекітілген Инвестициялық тарифті қалыптастыру және ұсыну мерзімдерін белгілеу қағидаларында айқындалған тәртіппен инвестициялық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген инвестициялық тарифті алушылардың тізбесіне енгізілген электр энергиясын көтерме тұтынушы (өнеркәсіптік объект);

40) үкіметаралық тарифті алушы – электр энергиясының көтерме сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларында айқындалған тәртіппен үкіметаралық тариф бойынша электр энергиясын сатып алуды жүзеге асыратын және уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген, электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға жіберілетін үкіметаралық тарифті алушылардың тізбесіне енгізілген электр энергиясын көтерме тұтынушы.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының Электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.12.2024 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.02.2026 № 87-н/қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2-тарау. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу тәртібі 1-параграф. Жалпы ережелер

3. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы ҚР БЭЖ-дегі теңгерімсіздіктерді қаржылық реттеуді қамтамасыз ету, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерін ҚР БЭЖ-дегі теңгерімсіздіктерді реттеуге қатысуға ынталандыру, сондай-ақ ҚР БЭЖ-дегі теңгерімсіздіктер үшін төлемді атаулы бөлуді қамтамасыз ету мақсатында жұмыс істейді.

4. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының қатысушылары электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері және теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығы болып табылады.

5. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында екі тауар сатып алынады және сатылады: теңгерімдеуші электр энергиясы және теріс теңгерімсіздіктер.

6. Теңгерімдеуші электр энергиясын және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату жөніндегі барлық операциялар теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы мен электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері арасында жүзеге асырылады.

7. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес қосылу шарты шеңберінде теңгерімдеуші электр энергиясын теңгерімдеуші нарығының субъектілері арасындағы теңгерімдеуші нарығындағы теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу(сату) жөніндегі міндеттемелер бойынша өзара есептеулерді жүзеге асырады.

8. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығымен теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сатуға шарттар, сондай-ақ қосылу шартын жасасуға міндетті.

9. Теңгерімдеуші электр энергиясын және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша жасалатын теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату шарты және теріс теңгерімсіздіктер шеңберінде жүзеге асырылады.

10. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының әрбір субъектісі мен теңгерім провайдері теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату шартын, сондай-ақ қосылу шартын жасасады.

11. Осы Қағидаларда генерация-тұтыну объектілері ретінде:

1) энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алуға лицензиясы жоқ электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісі үшін-электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының осы субъектісіне кіретін (тиесілі) генерация-тұтыну объектілері;

2) энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алуға лицензиясы бар электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісі үшін-электр энергиясының бөлшек сауда нарығы субъектісінің құрамына кіретін (тиесілі), электрмен жабдықтау электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының осы субъектісінен электр энергиясын сатып алу есебінен жүзеге асырылатын генерация-тұтыну объектілері.

2-параграф. ҚР БЭЖ электр энергиясының теңгерімсіздігін физикалық реттеу

12. ҚР БЭЖ-де электр энергиясының теңгерімсіздігін физикалық реттеуді жүйелік оператор жүзеге асырады.

13. ҚР БЭЖ-де электр энергиясының теңгерімсіздігін физикалық реттеу әрбір теңгерімдеу аймағында жеке жүзеге асырылады.

14. Теңгерімдеу аймағында теңгерімдеу аймағының алынған теңгерімсіздіктері физикалық реттеуге жатады.

15. Теңгерімдеу аймағының алынған теңгерімсіздіктерін физикалық реттеу операциялық тәуліктің әр сағатында жеке жүзеге асырылады.

Осы реттеуді жүзеге асыру кезінде жүйелік оператор операциялық тәуліктің тиісті сағаты шеңберінде реттеу жөніндегі шаралар (бұдан әрі – барынша азайту жөніндегі шаралар) қабылданбаған жағдайда осы сағаттың қорытындылары бойынша күтілетін теңгерімдеу аймағының нәтижелік теңгерімсіздік мәнін барынша азайтуға бағытталған шараларды қабылдайды.

16. Реттеу жөнінде шаралар қабылданбаған жағдайда операциялық тәулік сағатының қорытындылары бойынша күтілетін теңгерімдеу аймағының нәтижелік теңгерімсіздігінің мәнін жүйелік оператор осы сағат ішінде (оның 30 (отызыншы) минуты өткенге дейін) өткен үш тәуліктің ұқсас сағаттары үшін теңгерімдеу аймағының нәтижелік теңгерімсіздігінің нақты мәндерін талдауды ескере отырып жүргізілген осы мәнді бағалау арқылы айқындайды.

17. Теңгерімдеу аймағында операциялық тәулік сағаты ішінде жүйелік оператор қабылдайтын барынша азайту жөніндегі шаралар осы сағат ішінде жүйелік оператордың жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға өтінімдерді немесе оған теңгерімдеуші электр энергиясы нарығы субъектілерінің теңгерімдеу аймағында берген төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға өтінімдерді іске қосуын, сондай-ақ осы энергия жүйелерімен шекаралардағы ағындардың ауытқуын реттеуге бағытталған оның көрші мемлекеттердің энергия жүйелерімен өзара іс-қимылын қамтиды.

18. Жүйелік оператордың жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға өтінімдерді іске қосу теңгерімдеуші нарық жүйесінде жүзеге асырылады.

19. Жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға өтінімдерді жүйелік оператор операциялық тәуліктің әр сағатында жеке, бірақ тиісті сағаттың 30 (отызыншы) минутынан кешіктірмей іске қосады.

20. Операциялық тәулік сағаты шеңберінде жүйелік оператор тек жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімдерді немесе төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімдерді ғана іске қосады.

21. Жүйелік оператор іске қосқан даярлау уақыты өткеннен кейін оларды берген электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының тиісті субъектілері орындаған уақыт ішінде жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға өтінімдер орындауға жатады, бұл ретте:

1) жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға іске қосқан өтінімді орындау шеңберінде теңгерімдеуші нарықтың тиісті субъектісі жоспарлы тәртіппен осы өтінімде көрсетілген жоғарылатып теңгерімдеу көлемінде теріс теңгерімсіздік жасайды;

2) төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға іске қосқан өтінімді орындау шеңберінде теңгерімдеуші нарықтың тиісті субъектісі жоспарлы тәртіппен осы өтінімде көрсетілген төмендетіп теңгерімдеу көлемінде оң теңгерімсіздік жасайды.

22. Жүйелік оператор іске қосқан электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға өтінімдерді орындауды осы өтінімдерде көрсетілген оны генерация-тұтыну объектілерін тарту арқылы жүзеге асырады.

23. Жүйелік оператор іске қосқан орындау уақыты өткеннен кейін жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға өтінімдер теңгерімдеуші нарық жүйесінде автоматты түрде сөндіріледі және теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының тиісті субъектілері электр энергиясын генерация-тұтынудың ағымдағы мәндерін электр энергиясын генерация-тұтынудың тиісті тәуліктік кестелерінде көрсетілген мәндерге дейін өзгертуді жедел қамтамасыз етеді.

24. Жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға өтінімдерді жүйелік оператор операциялық тәуліктің нақты сағаты ішінде жүйелік оператордың тиісті бағалауына сәйкес реттеу жөнінде шаралар қабылданбаған жағдайда осы сағаттың қорытындылары бойынша күтілетін теңгерімдеу аймағының алынған теңгерімсіздігінің мәніне тең мәнде жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеудің жиынтық көлемін қамтамасыз ететін мөлшерде іске қосады.

Операциялық тәулік ішінде іске қосу үшін нақты өтінімдерді іріктеуді жүйелік оператор осы Қағидалардың 55-60-тармақтарына сәйкес теңгерімдеуші нарық жүйесінде жүзеге асырады.

25. Егер тәулік сағатының қорытындысы бойынша теңгерімдеу аймағының (осы сағат үшін) алынған теңгерімсіздігінің нақты мәні нөлге тең болмаған жағдайда, онда теңгерімдеу аймағының нәтижелік теңгерімсіздігінің бұл реттелмеген бөлігі жүйелік оператордың осы энергия жүйелерімен өзара іс-қимыл шеңберінде көрші мемлекеттердің энергия жүйелерінен осы сағат ішінде алған реттеуі болып есептеледі.

26. Жүйелік оператор жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға өтінімдерді немесе төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға өтінімдерді іске қосқан кезде электр энергиясының

теңгерімдеуші нарығының тиісті субъектілерінің электр энергиясын генерация-тұтынудың тәуліктік кестелері түзетуге жатпайды.

27. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері теңгерімдеуші нарық жүйесінде (осы жүйенің жалпы бөлімінде) жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға арналған әрбір жүйелік оператор іске қосқан өтінім (төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінім) туралы автоматты түрде хабардар етіледі, бұл ретте бұл хабарлама тиісті іске қосу жүргізілген минутта жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген хабарламада мынадай ақпарат болады : егер бір өтінім іске қосылған болса, іске қосылған өтінімнің түрі, оның көлемі мен бағасы, не тиісті минут ішінде бірнеше өтінім іске қосылған болса, іске қосылған өтінімдердің түрлері, олардың көлемдері мен бағалары.

Хабарлама алған теңгерімдеуші нарық субъектісі осы хабарламада өтінімнің орындалу мүмкіндігін растайды. Он минут ішінде алынған хабарламада өтінімді растау болмаған жағдайда, осы өтінім өшіріледі және осы көлемде сараланған тізімде ретімен іске қосылмаған келесі өтінім іске қосылады.

Теңгерімдеуші нарық субъектісі техникалық қолдау көрсету мамандары растаған теңгерімдеуші нарық жүйесіндегі қателер және (немесе) теңгерімдеуші нарық жүйесінің қолжетімсіздігі салдарынан алынған хабарламадағы өтінімді растамаса, өтінім теңгерімдеуші нарық субъектісімен расталған болып табылады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.12.2024 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27-1. Жүйелік оператордың операциялық тәуліктің бір сағаты ішінде жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға арналған бір өтінімді кезең-кезеңімен іске қосуына (іріктеуіне) жол беріледі, бұл мынаны білдіреді:

1) бірінші кезеңде, бірінші іске қосу кезінде осы өтінімде көрсетілген бастапқы жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеу көлемінің бастапқы ерікті (жүйелік оператор айқындаған) бірінші бөлігі іске қосылады;

2) келесі кезеңдерде осы өтінімде көрсетілген жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеу көлемінің алдыңғы іске қосылғаннан кейін қалған бөлігі іске қосылады.

Жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімдерді кезең-кезеңмен іске қосу (іріктеу) кезінде осы өтінімде көрсетілген жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеудің толық емес көлемінде өтінімдерді іске қосуға болады.

Іске қосудың бірінші кезеңінен кейін жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімді кезең-кезеңімен іске қосу шеңберінде осы өтінімнің жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуінің бастапқы көлемі сағаттың қалған уақыты үшін бірден (сол минутта) теңгерімдеуші нарық жүйесінде осы өтінімді жоғарылатып (

төмендетіп) теңгерімдеу көлемінің бастапқы (іске қосылғанға дейін) көлемінде жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеу көлемінің бірінші іске қосылған бөлігі қанша пайыз алса, сонша пайызға автоматты түрде түзетіледі (төмендетіледі).

Жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімді іске қосудың әрбір келесі кезеңінен (соңғысын қоспағанда) кейін теңгерімдеуші нарық жүйесінде (сол минутта) жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеудің жаңа қалған көлемін (сағаттың қалған уақыты үшін) көрсете отырып, осы өтінімге ұқсас автоматты түзету жүзеге асырылады.

Бұл ретте кезең-кезеңімен іске қосу нәтижелері бойынша электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісін жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға осындай тәсілмен іске қосылған өтінімде көрсетілген жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеу көлемі осы өтінімді кезең-кезеңімен іске қосу шеңберінде іске қосылған жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеудің жиынтық көлемі болып табылады.

Іске қосудың әрбір кезеңінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының тиісті субъектілері осы Қағидалардың 27-тармағына сәйкес теңгерімдеуші нарық жүйесінде бұл туралы автоматты түрде хабардар етіледі.

Ескерту. 2-тарау 27-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (01.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Физикалық реттеу қорытындылары бойынша операциялық тәулік сағаттарының бағытын айқындау

28. Физикалық реттеу қорытындылары бойынша операциялық тәулік сағатының бағыты әрбір теңгерімдеу аймағында жеке анықталады.

29. Егер жүйелік оператор операциялық тәулік сағатында жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға бір немесе одан да көп өтінімді іске қосқан жағдайда, онда бұл сағат теңгерімдеуші нарық жүйесінде жоғарылатуға арналған сағат ретінде айқындалады.

Егер жүйелік оператор операциялық тәулік сағатында төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға бір немесе одан да көп өтінімді іске қосқан жағдайда, онда бұл сағат теңгерімдеуші нарық жүйесінде төмендетуге арналған сағат ретінде айқындалады.

Жүйелік оператор жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға өтінімді (өтінімдерді) іске қосқан операциялық тәуліктің өткен сағаты бағыты бойынша қандай болғандығы туралы ақпарат осы сағат өткеннен кейін бес минут ішінде теңгерімдеуші нарық жүйесінде көрсетіледі.

30. Егер жүйелік оператор операциялық тәулік сағатында төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға бірде-бір өтінімді іске қоспаған жағдайда, онда мұндай сағаттың бағыты осы сағат үшін теңгерімдеу аймағының нәтижелік теңгерімсіздігі туралы жүйелік оператордың нақты деректері негізінде тиісті есептік кезеңнің қорытындылары бойынша теңгерімдеуші нарық жүйесінде айқындалады, бұл ретте:

1) егер операциялық тәуліктің осы сағатында теңгерімдеу аймағының нәтижелік теңгерімсіздігі теріс болған жағдайда, онда бұл сағат теңгерімдеуші нарық жүйесінде төмендетуге арналған сағаты ретінде айқындалады;

2) егер операциялық тәуліктің осы сағатында теңгерімдеу аймағының нәтижелік теңгерімсіздігі оң болған жағдайда, онда бұл сағат теңгерімдеуші нарық жүйесінде жоғарылатуға арналған сағат ретінде айқындалады.

Жүйелік оператор жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға бірде-бір өтінімді іске қоспаған операциялық тәуліктің өткен сағаты бағыты бойынша қандай болғандығы туралы ақпарат теңгерімдеуші нарық жүйесінде есептік кезеңнен (күнтізбелік айдан) кейінгі айдың жиырмасыншы күнінен кешіктірілмей көрсетіледі.

31. Теңгерімдеу аймағының нәтижелік теңгерімсіздігі нөлге тең болған не теңгерімдеуші нарық жүйесі қолжетімсіз болған операциялық тәулік сағаттары теңгерімдеуші нарық жүйесінде реттеусіз сағат ретінде айқындалады.

Жүйелік оператор "Авария" режимін жариялаған операциялық тәулік сағаттары теңгерімдеуші нарық жүйесінде "Авария" деп айқындалады.

Теңгерімдеуші нарық жүйесі қолжетімсіз болған операциялық тәуліктің өткен сағаты бағыты бойынша қандай болғандығы туралы ақпарат осы сағат не осы сағаттар (егер бірнеше сағат болса) аяқталғаннан кейін бес минут ішінде теңгерімдеуші нарық жүйесінде көрсетіледі.

Реттеусіз сағат ретінде айқындалған тәулік сағаты үшін теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы (бұдан әрі – ЭЭТН ЕАО) мен электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері (бұдан әрі – субъектілер) арасындағы теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату бойынша теңгерімдеу аймағындағы барлық операциялар осы Қағидалардың 98-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Субъектінің жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға іске қосқан өтінімдері теңгерімдеуші нарық жүйесінде "Авария" деп белгіленген сағат ішінде жойылады, бұл кезде осы субъектіге Жүйелік оператордан бұйрық беріледі.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.12.2024 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-параграф. Теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтер және теріс теңгерімсіздіктерге шекті тарифтер

32. Теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифті және теріс теңгерімсіздіктерге шекті тарифті теңгерімдеуші нарық жүйесі шеңберінде теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы айқындайды.

33. Теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тариф және теріс теңгерімсіздіктерге шекті тариф барлық теңгерімдеу аймақтары үшін бірыңғай болып айқындалады.

34. Теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тариф Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелген) бекітілген Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларында айқындалатын сағаттық мөлшерлемелерді ескере отырып, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 205 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20700 болып тіркелген) бекітілген Электр энергиясына арналған шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін пайда нормасын айқындау әдістемесі бойынша айқындалатын теңгерімдеу үшін үстемеақыға ұлғайтылған ҚР БЭЖ-індегі электр энергиясына ең жоғары шекті тариф ретінде айқындалады.

Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері үшін рұқсат етілген теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу бағасын білдіретін теріс теңгерімсіздіктерге шекті тариф ҚР БЭЖ-де электр энергиясына ең төмен шекті тариф ретінде айқындалады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген сағаттық мөлшерлемелер 1-ге (бірлікке) теңестіріледі.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.12.2024 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5-параграф. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің теңгерімдеу аймағына тиесілігін айқындау

35. Егер электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің барлық генерация-тұтыну объектілері бір теңгерімдеу аймағында орналасса, онда бұл субъект осы теңгерімдеу аймағында орналасқан болып есептеледі.

36. Егер электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің генерация-тұтыну объектілері бірнеше теңгерімдеу аймақтарында орналасса, онда бұл субъект осы теңгерімдеу аймақтарының әрқайсысында орналасқан болып есептеледі.

6-параграф. Жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға өтінімдер беру

37. Жүйелік оператордың жедел-ақпараттық кешенімен біріздендірілген диспетчерлік басқарудың жедел-ақпараттық кешені бар электр энергиясының теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектілері теңгерімдеуші электр энергиясын сату (теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу) үшін жүйелік операторға уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға өтінімдер береді.

38. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы нақты уақыт режимінде жұмыс істеген кезде бірыңғай сатып алушымен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарт (шарттар) жасасқан энергия өндіруші ұйымдар және Тізілімге енгізілген және тиісті тұлғалар тобы шеңберінде тұтынушылармен электр қуатын қамтамасыз ету бойынша екіжақты шарттар жасасқан энергия өндіруші ұйымдар жүйелік операторға күн сайын Заңның 15-10-бабының 3-тармағына сәйкес уәкілетті орган белгілеген тәртіпке сәйкес алдағы жоспарлау тәуліктерінің әрбір сағатына жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға өтінімдер беруге және жүйелік оператор оларды іске қосқан жағдайда осы өтінімдерді орындауға міндетті.

39. Жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдерді және төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдерді жүйелік операторға беру теңгерімдеуші нарық жүйесінде жүзеге асырылады.

Жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдерді және теңгерімдеуші нарық жүйесінде төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдерді қабылдау ағымдағы (операциялық) тәуліктің әрбір басталмаған сағатына да, алдағы тәуліктің әрбір сағатына да тәулік сайын жүзеге асырылады, бұл ретте алдағы тәулікке өтінімдерді қабылдау ағымдағы тәуліктің 16: 00-ден (Астана уақытымен) бастап жүзеге асырылады.

40. Жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдер және төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдер жүйелік операторға мынадай мерзімдерде беріледі:

1) бірыңғай сатып алушымен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарт (шарттар) жасасқан энергия өндіруші ұйымдар және тізілімге енгізілген және тиісті адамдар тобы шеңберінде тұтынушылармен электр қуатын қамтамасыз ету жөніндегі екіжақты шарттар жасасқан энергия өндіруші ұйымдар ағымдағы тәулік аяқталғанға дейін кемінде 1 сағат бұрын алдағы тәуліктегі әрбір сағатқа жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға берген өтінім де, төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға өтінім де береді;

2) бірыңғай сатып алушымен электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шарттар (шарт) жасаспаған электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері осы өтінімдерді олар берілетін сағат басталғанға дейін кемінде 1 сағат бұрын береді, бұл ретте жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға берген өтінім немесе төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға берген өтінім немесе осы екі өтінім де берілуге тиіс.

41. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері олардың генерация-тұтыну объектілері орналасқан теңгерімдеу аймақтарында жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға өтінімдер және төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға өтінімдер береді.

Бұл ретте электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының бір субъектісі бірден бірнеше теңгерімдеу аймақтарында берген өтінімдер бір-бірінен тәуелсіз болып табылады және әрбір теңгерімдеу аймағында жеке есепке алынады (біріктірілмейді).

42. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға өтінімде келесі параметрлерді көрсетеді:

- 1) өтінім берілетін теңгерім аймағы;
- 2) өтінім берілетін тәулік сағаты;
- 3) теңгерімдеуші электр энергиясын сату бағасы (тарифі), теңгемен сағ, еселігі 0,01 теңге / кВт* * сағ;
- 4) өтінімді орындау үшін тартылатын электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің генерация - тұтыну объектілері бойынша бөліністе берілген ұлғайтуға теңгерімдеу көлемі (теңгерімдеуші электр энергиясын сату көлемі) кВт*сағ.

43. Теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектісі төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға өтінімде келесі параметрлерді көрсетеді:

- 1) өтінім берілетін теңгерім аймағы;
- 2) өтінім берілетін тәулік сағаты;
- 3) теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу бағасы (тарифі), теңгемен/кВт * сағ;
- 4) өтінімді орындау үшін тартылатын электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің генерация - тұтыну объектілері бойынша бөліністе ұсынылған төмендетуге арналған теңгерімдеу көлемі (теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу көлемі) кВт*сағ.

44. Жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдерде көрсетілген бағалар теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтен аспауға тиіс.

45. Төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдерде көрсетілген бағалар теріс теңгерімсіздіктерге шекті тарифтен аспауға тиіс және теріс не нөлге тең бола алмайды.

46. Жоғарылатып теңгерімдеу көлемі және төмендетіп теңгерімдеу көлемі, тиісінше , жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімде және төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімде көрсетіледі, алдағы тәуліктің нақты сағатына берілетін өтінімдер осы өтінімдерде 30 (отыз) түрлі вариацияларда (мәндерде), осы сағат ішінде әрбір мүмкін болатын орындау уақытының мәні үшін бір-бірден көрсетіледі.

47. Жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдерде көрсетілетін, жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеу көлемін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері дербес, бірақ электр қуаты нарығының талаптарын ескере отырып, осы Қағидаларда айқындалған тәртіппен есептелетін, осы субъектілерге сәйкес келетін төмендетіп (жоғарылатып) теңгерімдеудің ең төмен көлемінен төмен емес көлемде айқындайды.

Жоғарылатып теңгерімдеудің ең аз көлемдерінің және төмендетіп теңгерімдеудің ең аз көлемдерінің мәндері осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес есептеледі.

Бұл ретте энергия өндіруші ұйымды жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға өтінімде көрсетілетін жоғарылатып теңгерімдеудің рұқсат етілген ең жоғары көлемі электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарында электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға (ұсынылған) алдағы тәулікке қойылған және өткізілген электр энергиясының (осы ұйымның) тиісті сағаттық көлемдерінің айырмасына сандық түрде теңестіріледі.

Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында (осы тармақта көрсетілген), электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға алдағы тәулікке сатуға қойылған (ұсынылған) электр энергиясының сағаттық көлемі, электр энергиясының көтерме сауда нарығында берілген сатуға арналған тиісті өтінімдерде мәлімдеген энергия өндіруші ұйымдар үшін орталықтандырылған сауда-саттықта электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға алдағы тәулікке сатуға жоспарланатын электр энергиясының көлемі болып табылады.

48. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісі беретін жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға өтінімдерде көрсетілетін генерация-тұтыну объектілері, осы өтінімдер берілетін және жүйелік оператордың жедел-ақпараттық кешенімен біріздендірілген диспетчерлік басқарудың жедел-ақпараттық кешені бар теңгерімдеу аймағында орналасқан осы субъектінің генерация-тұтыну объектілері қатарынан таңдалады.

49. Егер жүйелік оператор теңгерімдеудің жана уақытша аймақтарын айқындаған жағдайда, электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің жүйелік операторға ұлғайтуға арналған теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімінде (төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімінде) көрсетілген генерация-тұтыну объектілері теңгерімдеудің әртүрлі аймақтарында орналасқан жағдайда, онда бұл өтінім (бастапқы өтінім) теңгерімдеуші нарық жүйесінде, осындай теңгерімдеу аймақтарының әрқайсысы үшін біреуібірнеше жаңа өтінімдерге автоматты түрде бөлінеді.

Оларға қосылатын генерация-тұтыну объектілері үшін жоғарылатып теңгерімдеуге (төмендетіп теңгерімдеу көлемі) қатысуға жаңа өтінімдерде көрсетілетін жоғарылатып теңгерімдеу көлемдері ұлғайтуға теңгерімдеуге қатысуға (төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға өтінім) бөлінген өтінімде осы генерация-тұтыну объектілері үшін қандай жоғарылатып теңгерімдеу көлемдері (төмендетіп теңгерімдеу көлемі) көрсетілгені негізге алына отырып автоматты түрде айқындалады.

Осы тармаққа сәйкес жүзеге асырылған бастапқы өтінімді бөлу нәтижесінде теңгерімдеуші нарық жүйесінде автоматты түрде қалыптастырылған жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға берген жаңа өтінімдер (төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдер) үшін жоғарылатып теңгерімдеудің ең аз көлемі (төмендетіп теңгерімдеудің ең аз көлемі) бойынша талап қолданылмайды.

Осы тармаққа сәйкес жүзеге асырылатын бөліктерге жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға берген барлық өтінімдер және жүйелік оператор осы сағаттан кейінгі

сағаттарға теңгерімдеудің жаңа уақытша аймақтарын (бұдан әрі – жаңа аймақтарды айқындау сағаты) айқындаған сағат өткенге дейін жүйелік операторға берілген төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдер дереу бөлінеді.

Жүйелік оператор осы тармақтың төртінші бөлігінде көрсетілген және әлі басталмаған сағаттарға сәйкес келетін жаңа уақытша теңгерімдеу аймақтарының іс-әрекетін, жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға өтінімді және төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға өтінімді жойған кезде, олар бөлінгенге дейін болған бастапқы күйіне дереу автоматты түрде қалпына келтіріледі.

50. Егер жүйелік оператор теңгерімдеудің жаңа уақытша аймақтарын айқындаған кезде, теңгерімдеуші электр энергиясы нарығы субъектісінің жүйелік операторға берілген жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімінде (төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға берген өтінім) көрсетілген генерация-тұтыну объектілері де бір, бірақ басқа теңгерімдеу аймағы шегінде орналасқан болса, онда осы өтінім үшін теңгерімдеуші нарық жүйесінде бірден орналасады осы өтінім берілген теңгерім аймағы автоматты түрде өзгереді (жанартылады).

51. Жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға берген өтінім және төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға берген өтінім осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша ресімделеді.

7-параграф. Жоғарылатып (төмендетіп) арналған теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдерді түзету және жою

52. Жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдерді және төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдерді түзетуді теңгерімдеуші нарық жүйесіндегі электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері жүзеге асырады және осы өтінімдерде көрсетілген бағалар мен көлемдерді түзетуден тұрады.

53. Осы сағат басталғанға дейін 10 минуттан кешіктірмей тәуліктің нақты сағатына берілген (берілген) жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімде және (немесе) төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімде көрсетілген бағалар мен көлемдер қажет болған жағдайда электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының тиісті субъектісі жаңа бағалар мен көлемдерді көрсете отырып түзетіледі.

54. Осы сағат басталғанға дейін 10 минуттан кешіктірмей тәуліктің нақты сағатына берілген (берілген) жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға өтінімді және (немесе) төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға өтінімді қажет болған жағдайда электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының тиісті субъектісі теңгерімдеуші нарық жүйесінде жояды (күшін жояды).

Жоғарылатып арналған теңгерімдеуге қатысуға берілген өтінім немесе төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінім жойылған жағдайда, бұл өтінім теңгерімдеуші нарық жүйесінде берілмеген (жойылған) болып есептеледі.

8-параграф. Операциялық тәуліктің бір сағаты ішінде іске қосу үшін жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға өтінімдерді іріктеу

55. Тәулік сайын, ағымдағы тәулік аяқталғанға дейін 50 (елу) минут бұрын теңгерімдеуші нарық жүйесінде әрбір теңгерімдеу аймағы үшін бір мезгілде 48 сараланған тізім - алдағы тәуліктің әрбір сағатына 2 түрлі сараланған тізім қалыптастырылады, олар мыналарды білдіреді:

1) осы өтінімдерде көрсетілген бағалардың өсу тәртібімен жоғарыдан-төменге қарай сараланған жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдердің тізімі (бұдан әрі – жоғарылатып сараланған тізім);

2) осы өтінімдерде көрсетілген бағалардың кему тәртібімен жоғарыдан төменге қарай сараланған төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдердің тізімі (бұдан әрі – төмендетіп сараланған тізім).

Бағаның екі және көп тең жағдайында олардың орналасу тәртібі оларға тиісті өтінімдерді беру уақытына сәйкес айқындалады: өтінім берудің өте ертеден өте кешіне.

Осы тармақта көрсетілген сараланған тізімдер осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысандар бойынша теңгерімдеуші нарық жүйесінде ресімделеді.

Жоғарылатып сараланған тізім және төмендетіп сараланған тізім өтінім берген субъект атауын көрсетпей теңгерімдеуші нарық жүйесіндегі электр энергиясының барлық теңгерімдеуші нарығының субъектілері үшін қолжетімді (нақты уақыт режимінде) болып табылады.

56. Жоғарылатып сараланған тізімдер және төмендетіп сараланған тізімдер оларда көрсетілген жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдерді және төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдерді түзету кезінде, сондай-ақ жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға берген жаңа өтінімдер және төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдерді беру кезінде теңгерімдеуші нарық жүйесінде автоматты түрде өзекілтендірілуге жатады.

57. Жүйелік оператор теңгерімдеудің жаңа уақытша аймақтарын айқындаған кезде теңгерімдеуші нарық жүйесінде қалыптасқан жоғарылатып сараланған тізімдердің және келмеген сағатқа сәйкес келетін төмендетіп сараланған тізімдердің барлығы теңгерімдеудің жаңа уақытша аймақтарына сәйкес теңгерімдеуші нарық жүйесінде бірден автоматты түрде қайта құрылады.

Жүйелік оператор теңгерімдеудің жаңа уақытша аймақтарының іс-әрекетін жойған кезде, теңгерімдеуші нарық жүйесінде қалыптасқан жоғарылатып сараланған тізімдердің және басталмаған сағатқа сәйкес келетін төмендетіп сараланған тізімдердің барлығы әрекетті қалпына келтірген теңгерімдеудің базалық аймақтарына сәйкес теңгерімдеуші нарық жүйесінде бірден автоматты түрде қайта құрылады.

58. Операциялық тәуліктің бір сағаты ішінде іске қосу үшін жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімдерді іріктеуді жүйелік оператор осы тізімде

бірінші тұрған өтінімнен бастап, осы сағатқа сәйкес келетін жоғарылатып сараланған тізімнен кезекпен (жоғарыдан-төменге) жүзеге асырады.

Жүйелік оператор электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерін жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімдерді бұғаттау себебін көрсете отырып, іске қосылуы тиісті электр беру желілері бойынша жол берілетін ағындардың асып кету қаупін тудыратын өтінімдерді бұғаттайды. Бұғатталған өтінімдер жоғарылатып сараланған тізімдерге қатыспайды, бұл ретте осы өтінімдер теңгерімдеуші нарық субъектілері берген болып есептеледі.

Ескерту. 58-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (01.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

59. Операциялық тәуліктің бір сағаты ішінде іске қосу үшін төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімдерді іріктеуді жүйелік оператор осы тізімде бірінші тұрған өтінімнен бастап, осы сағатқа сәйкес келетін төмендетіп сараланған тізімнен кезекпен (жоғарыдан-төменге) жүзеге асырады.

Жүйелік оператор электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерін төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімдерді бұғаттау себебін көрсете отырып, іске қосылуы тиісті электр беру желілері бойынша жол берілетін ағындардың асып кету қаупін тудыратын өтінімдерді бұғаттайды. Бұғатталған өтінімдер төмендетіп сараланған тізімдерге қатыспайды, бұл ретте осы өтінімдер теңгерімдеуші нарық субъектілері берген болып есептеледі.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (01.07.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

60. Жоғарылатып сараланған тізімдер және төмендетіп сараланған тізімдер теңгерімдеуші нарық жүйесіндегі электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері үшін, оның ішінде өткен сағаттар бойынша қолжетімді болып табылады.

9-параграф. Жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдер бойынша төлем сомаларын есептеу

61. Теңгерімдеу аймағында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі операциялық тәуліктің бір сағаты ішінде, теңгерімдеу аймағында жиілікті және қуат ағындарын автоматты реттеу жүйесінің (бұдан әрі – ЖҚАР) әсерінен туындаған теріс теңгерімсіздіктерді шегергенде, оның жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға өтінімі іске қосылған осы сағатта жасаған теріс теңгерімсіздік теңгерімдеу аймағы осы сағат ішінде осы субъект электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында сатқан теңгерімдеуші электр энергиясы ретінде ресімделеді.

62. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында теңгерімдеуші электр энергиясын өткізуді (сатуды) теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына ғана жүзеге асырады.

63. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші электр энергиясын әрбір теңгерімдеу аймағы үшін бөлек сатып алады.

Операциялық тәуліктің тиісті сағаты үшін теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы тиісті теңгерімдеу аймағы үшін сатып алатын теңгерімдеуші электр энергиясының көлемі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалады.

64. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы осы сатып алу жүзеге асырылатын теңгерімдеу аймағында теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алады.

65. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектісіне операциялық тәулік сағаты үшін теңгерімдеу аймағында сатылған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін төлейтін соманы теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы тиісті өтінімнің нақты орындалуын ескеретін мынадай формула бойынша есептейді:

$$S_{\text{ээт}} = B_{\text{ээт}} * (O_{\text{жоғары}} * l + (O_{\text{факт}}^{\text{жоғары}} - O_{\text{жоғары}}) * d), \quad \text{мұнда}$$

$S_{\text{ээт}}$ - теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектісіне операциялық тәулік сағаты үшін теңгерімдеу аймағында сатылған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$O_{\text{факт}}^{\text{жоғары}}$

– осы сағат ішінде теңгерімдеу аймағында ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теріс теңгерімсіздіктерді шегергенде, осы теңгерімдеу аймағында берілген жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға арналған оның өтінімі іске қосылған сағат ішінде теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы осы теңгерімдеу аймағында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісі жасаған теріс теңгерімсіздіктің нақты мәні ретінде айқындайтын теңгерімдеу аймағындағы операциялық тәулік сағаты ішінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің жоғарылатып теңгерімдеуінің нақты көлемі (теңгерімдеуші электр энергиясын сату көлемі), кВт * сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$O_{\text{жоғары}}$

– электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісін жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімде көрсетілген жоғарылатып теңгерімдеу көлемі (теңгерімдеуші электр энергиясын сату көлемі), кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$B_{\text{ээт}}$ - электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға іске қосылған өтінімінде көрсетілген теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу бағасы (тарифі), теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

d - мынадай мәндерді қабылдайтын өлшемсіз коэффициент:

$$d = 1, \text{ егер: } 0,9 * O_{\text{жоғары}} \leq O_{\text{факт}}^{\text{жоғары}} \leq 1,1 * O_{\text{жоғары}},$$

$$d = \frac{1,1 * O_{\text{жоғары}}}{O_{\text{факт}}^{\text{жоғары}}}, \text{ егер: } O_{\text{факт}}^{\text{жоғары}} > 1,1 * O_{\text{жоғары}},$$

$$d = 0, \text{ егер: } O_{\text{факт}}^{\text{жоғары}} < 0,9 * O_{\text{жоғары}}.$$

l – мынадай мәндерді қабылдайтын өлшемсіз коэффициент:

$$l = 1, \text{ егер: } O_{\text{факт}}^{\text{жоғары}} \geq 0,9 * O_{\text{жоғары}},$$

$$l = \frac{O_{\text{факт}}^{\text{жоғары}}}{0,9 * O_{\text{жоғары}}} * \frac{O_{\text{факт}}^{\text{жоғары}}}{O_{\text{жоғары}}}, \text{ егер: } 0 < O_{\text{факт}}^{\text{жоғары}} < 0,9 * O_{\text{жоғары}},$$

$$l = 0, \text{ егер:}$$

$$O_{\text{факт}}^{\text{жоғары}} = 0$$

(осы сағатта теңгерімдеу аймағында ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теріс теңгерімсіздіктерді шегергенде, осы теңгерімдеу аймағында берілген оның жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға өтінімі іске қосылған сағат ішінде осы теңгерімдеу аймағында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі теріс теңгерімсіздік жасамаған не осы сағатта, керісінше, осы субъект оң теңгерімсіздік жасаған).

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. Теңгерімдеу аймағында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі оның теңгерімдеу аймағында берілген төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімі іске қосылған операциялық тәуліктің бір сағаты ішінде жасаған оң теңгерімсіздік осы сағат ішінде осы субъект электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында сатып алған теріс теңгерімсіздік ретінде ресімделеді.

67. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында теріс теңгерімсіздіктерді тек теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан сатып алуды жүзеге асырады.

68. Теңгерім нарығының есеп айырысу орталығы әр теңгерім аймағының теріс теңгерімсіздіктерін жеке-жеке сатады.

Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы операциялық тәуліктің тиісті сағатына сататын тиісті теңгерімдеу аймағының теріс теңгерімсіздіктерінің көлемі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен айқындалады.

69. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісі теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына операциялық тәулік сағаты үшін теңгерімдеу

аймағында сатып алынған теріс теңгерімсіздіктер үшін төлейтін сома тиісті өтінімнің нақты орындалуын ескеретін мынадай формула бойынша есептеледі:

$$S_{\text{ТТ}} = B_{\text{ТТ}} * (O^{\text{төмен}} * l + (O_{\text{факт}}^{\text{төмен}} - O^{\text{төмен}}) * d), \text{ мұнда:}$$

$S_{\text{ТТ}}$ - электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісі теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына операциялық тәулік сағаты үшін теңгерімдеу аймағында сатып алынған теріс теңгерімсіздіктер үшін төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$O_{\text{факт}}^{\text{төмен}}$

- теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы осы сағатта теңгерімдеу аймағында ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған оң теңгерімсіздіктерді шегергенде, осы теңгерімдеу аймағында берілген оның төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімі іске қосылған сағат ішінде осы теңгерімдеу аймағында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісі жасаған оң теңгерімсіздіктің нақты мәні ретінде айқындайтын теңгерімдеу аймағындағы операциялық тәулік сағаты ішінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің төмендетіп теңгерімдеуінің нақты көлемі (теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу көлемі), кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$O^{\text{төмен}}$ - - электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісін төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға іске қосылған өтінімде көрсетілген төмендетіп теңгерімдеу көлемі (теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу көлемі) кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$B_{\text{ТТ}}$ - электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға іске қосылған өтінімінде көрсетілген теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу бағасы (тарифі), теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

d - мынадай мәндерді қабылдайтын өлшемсіз коэффициент:

$$d = 1, \text{ егер: } 0,9 * O_{\text{факт}}^{\text{төмен}} \leq O_{\text{факт}}^{\text{төмен}} \leq 1,1 * O_{\text{факт}}^{\text{төмен}},$$

$$d = \frac{O_{\text{факт}}^{\text{төмен}}}{1,1 * O_{\text{факт}}^{\text{төмен}}}, \text{ егер: } O_{\text{факт}}^{\text{төмен}} > 1,1 * O_{\text{факт}}^{\text{төмен}},$$

$$d = 0, \text{ егер: } O_{\text{факт}}^{\text{төмен}} < O_{\text{факт}}^{\text{төмен}};$$

l – мынадай мәндерді қабылдайтын өлшемсіз коэффициент:

$$l = 1, \text{ егер: } O_{\text{факт}}^{\text{төмен}} \geq 0,9 * O_{\text{факт}}^{\text{төмен}},$$

$$l = \frac{O_{\text{факт}}^{\text{төмен}}}{O_{\text{факт}}^{\text{төмен}}} * 1,3, \text{ егер: } 0,7 * O_{\text{факт}}^{\text{төмен}} \leq O_{\text{факт}}^{\text{төмен}} < 0,9 * O_{\text{факт}}^{\text{төмен}},$$

$$l = \frac{O_{\text{факт}}^{\text{төмен}}}{O_{\text{факт}}^{\text{төмен}}} * 1,7, \text{ егер: } 0,5 * O_{\text{факт}}^{\text{төмен}} \leq O_{\text{факт}}^{\text{төмен}} < 0,7 * O_{\text{факт}}^{\text{төмен}},$$

$$l = \frac{O_{\text{факт}}^{\text{төмен}}}{O_{\text{факт}}^{\text{төмен}}} * 2,0, \text{ егер: } 0 * O_{\text{факт}}^{\text{төмен}} < O_{\text{факт}}^{\text{төмен}} < 0,5 * O_{\text{факт}}^{\text{төмен}},$$

$$l=0, \\ O_{\text{факт}}^{\text{төмен}}$$

0 егер: (осы сағатта теңгерімдеу аймағында ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған оң теңгерімсіздіктерді шегергенде, осы теңгерімдеу аймағында берілген оның төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімі іске қосылған сағат ішінде осы теңгерімдеу аймағында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі оң теңгерімсіздік жасамаған немесе осы сағатта, керісінше, бұл субъект теріс теңгерімсіздік жасаған).

Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің теңгерімдеуші электр энергиясын өткізуіне (сатуына) және олардың теңгерімдеуші электр энергиясы нарығында теріс теңгерімсіздіктерді сатып алуына жүйелік оператордың жедел-ақпараттық кешенімен біріздендірілген диспетчерлік басқарудың жедел-ақпараттық кешені болған кезде ғана жол беріледі.

70-1. Электр энергиясын жинақтау жүйелерімен жаратандырылған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектілерді салу жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының теңгерімдеуші электр энергиясын электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатуы және олардың 1-ге тең төмендету және жоғарылату коэффициенттерін қолдана отырып, жауапкершілікті беру шарты бойынша электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында теріс теңгерімсіздіктерді электр энергиясының бірыңғай сатып алушыға өткізу (сату) электр энергиясын жинақтау жүйелерінің ЖҚАР-ға қосылуы кезінде ғана жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген электр энергиясын жинақтау жүйелері ЖҚАР-ға аталған электр энергиясын жинақтау жүйелерінің белгіленген электр қуатынан жүз пайыз реттеу диапазонында қосылады.

Аукциондық сауда нәтижесінде жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа нысанның құрылыс жобасын іріктеу жеңімпаздарының, электр энергиясын жинақтау жүйесі ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін болса, электр қуатын реттеу қызметтерін көрсетуге шарт жасаспайды.

Ескерту. Қағидалар 70-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 28.03.2025 № 141-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-параграф. Жүйелік оператордың осы энергия жүйелерімен өзара іс-қимыл шеңберінде көрші мемлекеттердің энергия жүйелерінен теңгерімдеу аймағында тәуліктің бір сағаты ішінде алған реттеу бойынша төлем сомаларын есептеу

71. Жүйелік оператордың осы энергожүйелермен өзара іс-қимылы шеңберінде көрші мемлекеттердің энергожүйелерінен теңгерімдеу аймағында тәуліктің бір сағаты ішінде алған реттеуі (теңгерімдеу аймағының алынған теңгерімсіздігінің нақты мәні) осы теңгерімдеу аймағы үшін тәуліктің осы сағаты үшін мынадай екі тауар түрінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында ресімделеді:

1) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында жүйелік оператор теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына сатқан теңгерімдеуші электр энергиясы, оның осы теңгерімдеу аймағы үшін тәуліктің осы сағатындағы көлемі Ресей Федерациясымен шекарадағы оң ауытқу мәнінен және ОА-мен шекарадағы оң ауытқу мәнінен тұрады;

2) теңгерімдеуші нарықтың есептеу орталығынан электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында жүйелік оператор сатып алған теріс теңгерімсіздік, оның осы теңгерімдеу аймағы үшін тәуліктің осы сағатындағы көлемі Ресей Федерациясымен шекарадағы теріс ауытқу мәнінен және ОА-мен шекарадағы теріс ауытқу мәнінен тұрады.

72. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы жүйелік операторға тәуліктің бір сағатында теңгерімдеу аймағында сатылған және тәуліктің осы сағатында Ресей Федерациясымен шекарадағы оң ауытқуға сәйкес келетін теңгерімдеуші электр энергиясы үшін төлейтін бағаны осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы айқындайды.

Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеу аймағында тәуліктің бір сағаты үшін сатылған және тәуліктің осы сағаты үшін ОА шекарасындағы оң ауытқуға сәйкес келетін теңгерімдеуші электр энергиясы үшін Жүйелік операторға төлейтін баға есепті кезеңнің қорытындылары бойынша қалыптасқан Қазақстан Республикасы мен ОА арасындағы нақты жоспардан тыс сальдо-ағынның бағытына байланысты қолданылатын жүйелік оператор мен Орталық Азияның шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында жасалған электр энергиясының жоспардан тыс ағындарын реттеу үшін электр энергиясын сатуға арналған шарттардың не электр энергиясын сатып алуға арналған шарттардың талаптарына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

73. ЭЭТН ЕАО жүйелік операторға тәулік сағатына теңгерімдеу аймағында сатылған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін төлейтін соманы ЭЭТН ЕАО мынадай формула бойынша есептейді:

$$S_{\text{ЭЭТ}}^{\text{ЖО}} = B_{\text{сағ}(+)}^{\text{РФ}} * \Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{РФ}} + \sum_{i=1}^n (B_{\text{сағ}(+)i}^{\text{ОА}} * \Delta_{\text{сағ}(+)i}^{\text{ОА}})$$

мұнда:

$S_{\text{ЭЭТ}}^{\text{ЖО}}$

– ЭЭТН ЕАО жүйелік операторға теңгерімдеу аймағында тәулік сағаты ішінде сатылған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$B_{\text{сағ}(+)}^{\text{РФ}}$

– жүйелік операторға тәулік сағатына теңгерімдеу аймағында сатылған және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес айқындалатын тәуліктің осы сағатында РФ-мен шекарада оң ауытқуға сәйкес келетін теңгерімдеуші электр энергиясы үшін ЭЭТН ЕАО төлейтін баға, теңге/кВт*сағ (мән дөңгелектенбейді);

$\Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{РФ}}$

– тәуліктің осы сағаты үшін РФ-мен шекарадағы оң ауытқудың мәні, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$\sum_{i=1}^n -i$

бойынша сома;

i – 1-ден n -ге дейін өзгертін реттік нөмір;

n – тәуліктің осы сағатында ЭЭТН ЕАО-на теңгерімдеу аймағындағы теңгерімдеуші электр энергиясын сатқан көршілес ОА мемлекеттерінің саны;

$B_{\text{сағ}(+)i}^{\text{ОА}}$

– ЭЭТН ЕАО жүйелік операторға тәулік сағатына теңгерімдеу аймағында сатылған және тәуліктің осы сағаты үшін ОА шекарасындағы оң ауытқуға сәйкес келетін теңгерімдеуші электр энергиясы үшін төлейтін i -ші баға, теңгемен/кВт*сағ (мән

дөңгелектенбейді);

$$\Delta_{\text{сағ}(+)i}^{\text{ОА}}$$

– тәуліктің осы сағаты үшін ОА-мен шекарадағы оң ауытқудың i -ші мәні кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді).

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/к (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74. Жүйелік оператор теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына тәуліктің бір сағатында теңгерімдеу аймағында сатып алынған және тәуліктің осы сағатында РФ-мен шекарадағы теріс ауытқуға сәйкес келетін теріс теңгерімсіздік үшін төлейтін бағаны теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес анықтайды.

Жүйелік оператор теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына тәуліктің бір сағаты үшін теңгерімдеу аймағында сатып алынған және тәуліктің осы сағатында ОА-мен шекарадағы теріс ауытқуға сәйкес келетін теріс теңгерімсіздік үшін төлейтін баға жүйелік оператор мен Орталық Азияның шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында жасалған, электр энергиясының жоспардан тыс ағындарын реттеу үшін Қазақстан Республикасы мен ОА арасындағы есепті кезеңнің қорытындылары бойынша қалыптасқан нақты жоспардан тыс сальдо-ағынның бағытына байланысты қолданылатын сатуға арналған шарттардың не электр энергиясын сатып алуға арналған шарттардың талаптарына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

75. Жүйелік оператор ЭЭТН ЕАО-ға тәулік сағатына теңгерімдеу аймағында сатып алынған теріс теңгерімсіздік үшін төлейтін соманы ЭЭТН ЕАО мынадай формула бойынша есептейді:

$$S_{\text{ТТ}}^{\text{ЖО}} = B_{\text{сағ}(-)}^{\text{РФ}} * \Delta_{\text{сағ}(-)}^{\text{РФ}} + \sum_{i=1}^n (B_{\text{сағ}(-)i}^{\text{ОА}} * \Delta_{\text{сағ}(-)i}^{\text{ОА}}),$$

мұнда:

$$S_{\text{ТТ}}^{\text{ЖО}}$$

– жүйелік оператор ЭЭТН ЕАО-ға тәулік сағатына теңгерімдеу аймағында сатып алынған теріс теңгерімсіздік үшін төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$B_{\text{сағ}(-)}^{\text{РФ}}$$

– жүйелік оператор ЭЭТН ЕАО-ға тәулік сағатына теңгерімдеу аймағында сатып алынған және тәуліктің осы сағатына РФ-мен шекарадағы теріс ауытқуға сәйкес келетін теріс теңгерімсіздік үшін төлейтін және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес айқындалатын баға, теңгемен/кВт*сағ (мән дөңгелектенбейді);

$$\Delta_{\text{сағ}(-)}^{\text{РФ}}$$

– РФ-мен шекарадағы теріс ауытқудың мәні (модулі), кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$\sum_{i=1}^n -$$

i бойынша сома;

i – 1-ден n-ге дейін өзгертін реттік нөмір;

n – тәуліктің осы сағатында ЭЭТН ЕАО-ға теңгерімдеу аймағындағы теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алған көршілес ОА мемлекеттерінің саны;

$$B_{\text{сағ}(-)i}^{\text{ОА}}$$

– жүйелік оператор ЭЭТН ЕАО-ға тәулік сағатына теңгерімдеу аймағында сатып алынған және тәуліктің осы сағатына ОА шекарасындағы теріс ауытқуға сәйкес келетін теріс теңгерімсіздік үшін төлейтін i-ші баға, теңгемен/кВт*сағ (мән дөңгелектенбейді);

$$\Delta_{\text{сағ}(-)i}^{\text{ОА}}$$

– тәуліктің осы сағаты үшін ОА-мен шекарадағы теріс ауытқудың i-ші мәні (модулі), кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді).

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11-параграф. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері теңгерімсіздіктерінің сағаттық көлемдерін есептеу

76. Жүйелік оператор тиісті есеп айырысу кезеңі аяқталғаннан кейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей ЭЭТН ЕАО-ға субъектілердің өндіру-тұтынуының жоспарлы және нақты мәндері туралы деректері ұсынады.

Бұл ретте энергия беруші ұйымдар бойынша сағаттық деректер қызмет көрсетілетін желілер бойынша беру және өзге де қызмет түрлеріне электр энергиясын сатып алу кезінде электр энергиясының технологиялық шығынын жабу мақсатында электр энергиясын сатып алуға сағаттық деректерді бөле отырып ұсынылады.

Жүйелік оператор операциялық тәуліктен кейін күнтізбелік бір күн ішінде ЭЭТН ЕАО-ға электр энергиясын бақылау мен есепке алудың автоматтандырылған жүйесі (

бұдан әрі – ЭЭБЕА АЖ) бар субъектілер бойынша өндіру-тұтыну деректерін ұсынады. Бұл ретте ЭЭБЕА АЖ деректері өзгерістер енгізуге және түзеуге жатпайды.

Теңгерімдеуші нарықта тиісті есептік кезең бойынша баға есептеулері аяқталғаннан кейін теңгерімдеуші нарық жүйесінде автоматты режимде бағалар мен теңгерімсіздіктерді (Қазақстан Республикасының шекарасындағы жоспардан тыс ағындардың көлемін, бағасын және құнын қоса алғанда) айқындауды толық ашып көрсете отырып, деректер қалыптастырылады, оларды ЭЭТН ЕАО жүктеп алады.

Бағалар мен теңгерімсіздіктерді (оның ішінде Қазақстан Республикасының шекарасындағы жоспардан тыс ағындардың көлемдерін, бағаларын және шығындарын қоса алғанда) анықтаудың толық бөлінуімен деректерді жүктеп алу нәтижесінде теңгерімдеуші нарық жүйесінің техникалық ақауы болған кезде теңгерімдеуші нарық жүйесі мүмкін емес, жүйелік оператор бес жұмыс күні ішінде теңгерімдеуші нарық жүйесін және сәйкес деректерді жүктеуді қалпына келтіруді қамтамасыз етеді.

Деректерді жүктеп алу бес жұмыс күнінен кейін қалпына келтірілмесе, жүйелік оператор ЭЭТН ЕАО-ға теңгерімдеуші нарық жүйесінде автоматты режимде есептелген бағалар мен теңгерімсіздіктерді (оның ішінде Қазақстан Республикасы шекарадағы жоспардан тыс ағындардың көлемдерін, бағаларын және шығындарын қоса алғанда) анықтаудың толық түсіндірмесі бар деректерді электрондық пошта арқылы ұсынады.

Ескерту. 76-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.12.2024 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

77. Теңгерімдеудің әртүрлі аймақтарында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісі жасайтын теңгерімсіздіктер бір-бірінен тәуелсіз болып табылады, әрбір теңгерімдеу аймағында жеке есептеледі және есепке алынады.

78. Теңгерімдеу аймағында операциялық тәулік сағатында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісі жасаған теңгерімсіздік формула бойынша айқындалады:

$$T = (\Gamma_{\text{жоспарлы}} - T_{\text{жоспарлы}}) - (\Gamma_{\text{факт}} - T_{\text{факт}}),$$

мұнда:

T – электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің теңгерімдеу аймағындағы операциялық тәулік сағатында кВт*сағ-та жасаған теңгерімсіздігі (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$$(\Gamma_{\text{жоспарлы}} - T_{\text{жоспарлы}})$$

– осы теңгерімдеу аймағында орналасқан генерация-тұтыну объектілеріне сәйкес келетін операциялық тәуліктің осы сағаты үшін электр энергиясының теңгерімдеуші

нарығы субъектісінің кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді) генерация-тұтынудың жоспарлы сальдосы;

$(\Gamma_{\text{факт}} - T_{\text{факт}})$

– осы теңгерімдеу аймағында орналасқан генерация-тұтыну объектілеріне сәйкес келетін операциялық тәуліктің осы сағаты үшін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің нақты генерация-тұтыну сальдосы кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$\Gamma_{\text{жоспарлы}}$

– осы теңгерімдеу аймағында орналасқан генерация-тұтыну объектілеріне сәйкес келетін электр энергиясын генерация-тұтынудың сағаттық тәуліктік графигінде операциялық тәуліктің осы сағаты үшін жүйелік оператор бекіткен электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің электр энергиясын өндіру мәні кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$T_{\text{жоспарлы}}$

– электр энергиясын генерация-тұтынудың сағаттық тәуліктік графигінде операциялық тәуліктің осы сағаты үшін жүйелік оператор бекіткен электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің электр энергиясын тұтыну мәні, оның осы теңгерімдеу аймағында орналасқан генерация-тұтыну объектілеріне кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді) сәйкес келеді;

$\Gamma_{\text{факт}}$

– операциялық тәуліктің осы сағатында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің осы теңгерімдеу аймағында орналасқан генерация-тұтыну объектілеріне сәйкес келетін электр энергиясын өндірудің нақты мәні кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$T_{\text{факт}}$

– операциялық тәуліктің осы сағаты үшін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің осы теңгерімдеу аймағында орналасқан генерация-тұтыну объектілеріне сәйкес келетін электр энергиясын тұтынудың нақты мәні кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді).

Бұл ретте энергиямен жабдықтауға лицензиясы бар субъектілердің теңгерімсіздіктері энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алуға

қатысатын генерация-тұтыну объектілері бойынша (бұдан әрі – ЭЖҰ теңгерімсіздігі) және қалған генерация-тұтыну объектілері бойынша (бұдан әрі – АЭЖ теңгерімсіздігі) бөлек есептеледі.

Инвестициялық тарифті алушылар тізбесіне енгізілген субъектінің генерация-тұтыну объектілерінің теңгерімсіздіктері тиісті инвестициялық тариф қолданылатын кезеңде осы субъектінің (бұдан әрі – инвестициялық тарифті алушылар) басқа генерация-тұтыну объектілерінің теңгерімсіздіктерінен бөлек есептеледі.

Үкіметаралық тарифті алушылары тізбесіне енгізілген субъектінің генерация-тұтыну объектілерінің теңгерімсіздіктері тиісті үкіметаралық тариф қолданылатын кезеңде осы субъектінің (бұдан әрі – үкіметаралық тарифті алушылар) басқа генерация-тұтыну объектілерінің теңгерімсіздіктерінен бөлек есептеледі.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/к (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. Теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерін және теңгерімдеуші электр энергиясы нарығы субъектілерінің теңгерімсіздіктерін есептеу үшін теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына жүйелік оператор ұсынатын деректер (бұдан әрі – бастапқы деректер) өткен есеп айырысу кезеңінің әрбір сағаты үшін мынадай ақпаратты қамтиды:

1) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының әрбір субъектісінің және оның генерация-тұтыну объектілерінің нақты теңгерімдеу аймағында (нақты аймақтарында) нақты орналасуы туралы ақпарат;

2) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерін генерациялау мен тұтынудың, оның ішінде осы субъектілерді генерация-тұтыну объектілері бойынша бөлудегі жоспарлы және нақты мәндері туралы ақпарат;

3) қолданыстағы теңгерімдеу аймақтары (жаңа уақытша және базалық) туралы ақпарат;

4) тиісті физикалық реттеу қорытындылары бойынша әрбір теңгерімдеу аймағында есептік кезеңнен өткен әрбір сағаттың бағыты туралы ақпарат;

5) жүйелік операторға жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдер және төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдер (осы өтінімдерге жүргізілген түзетулерді ескере отырып), теңгерімдеудің әрбір аймағы бойынша бөлу туралы ақпарат;

6) жүйелік операторға жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдер және төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімдер, теңгерімдеудің әрбір аймағы бойынша бөлу туралы ақпарат;

7) әрбір теңгерімдеу аймағының алынған теңгерімсіздіктері туралы ақпарат;

8) Ресей Федерациясымен шекарадағы ауытқулар және осы ауытқулардың бағалары туралы ақпарат, ҚР БЭЖ-мен шекарадағы электр энергиясының нақты сағаттық мемлекетаралық сальдосының ауытқуын өтеу үшін электр энергиясын сатып алу-сату

шарттарына сәйкес жүйелік оператор мен Ресей Федерациясының тиісті шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында жасалған жоспарлардан, ҚР БЭЖ-нің Солтүстік және батыс аймақтары бойынша бөліністе, осы Қағидалардың 7-қосымшасында көрсетілген формулаларда пайдаланылатын барлық құрамдас бөліктердің толық жазылуы бар ақпарат;

9) Орталық Азияның жүйелік операторы мен шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында жасалған электр энергиясының жоспардан тыс ағындарын реттеу үшін электр энергиясын сатуға арналған шарттарда көрсетілген электр энергиясын сатуға арналған бағалардың ең азы және жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін электр энергиясын сатып алуға арналған шарттарда көрсетілген электр энергиясын сатып алуға арналған бағалардың ең азы ОА-мен шекарадағы ауытқулар туралы ақпарат (жүйелік оператордың ЭКЕАЖ деректері бойынша) электр энергиясын, жүйелік оператор мен Орталық Азияның шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында жасалған (бұл ақпарат сондай-ақ өткен есептік кезеңде (күнтізбелік айда) тұтастай ұсынылады);

10) ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің ауытқулары туралы ақпаратты қамтиды;

10-1) ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектілерді салу жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының электр энергиясын жинақтау жүйелерінің ауытқулары туралы ақпарат;

11) "Авария" режиміндегі субъектілердің атына жүйелік оператор берген командалар туралы ақпарат.

Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.12.2024 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 28.03.2025 № 141 -н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

80. Теңгерімдеу аймағындағы электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің генерациясы мен тұтынуының нақты сағаттық мәндері келісілген хаттамалар бойынша сағаттық есепке алу деректерін Жүйелік оператордың ЭКЕАЖ орталық дерекқорына беруді қамтамасыз ететін оның ЭКЕАЖ деректері бойынша айқындалады.

Жүйелік оператордың ЭКЕАЖ орталық деректер базасында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің ЭКЕАЖ-ден көрсетілген сағаттық есепке алу деректері болмаған кезде есептік кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) теңгерімдеу аймағында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің генерациясының (тұтынуының) нақты сағаттық мәндері оның осы теңгерімдеу аймағындағы электр

энергиясының генерациясы (тұтыну көлемінің нақты мәнінің туындысы ретінде айқындалады) көлемінің есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) нақты мәнінің, МВт* сағ-қа (тиісті есептеу аспаптарына сәйкес) бөлінген көбейтіндісі ретінде айқындалады.

Өңірлік жүктеме бейіндерін (облыс, энергия торабы) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10612 болып тіркелген) бекітілген Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларына сәйкес Жүйелік оператор айқындайды.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81. Бастапқы деректерді жүйелік оператор теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына ай сайын, бірақ тиісті есеп айырысу кезеңі аяқталғаннан кейін күнтізбелік 19 (он тоғыз) күннен кешіктірмей ұсынады.

12-параграф. ҚР БЭЖ теңгерімсіздігі және оларды қаржылық реттеу

82. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері және теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерін және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің теңгерімдеуші электр энергиясының теңгерімсіздігін физикалық реттеу нәтижелері бойынша жүзеге асыратын теңгерімдеуші электр энергиясының есептік орталығы жүзеге асыратын теңгерімдеуші электр энергиясы мен теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату жөніндегі өзара қаржылық міндеттемелерді алады.

83. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері меншік нысанына қарамастан, теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан Заңның 15-10-бабының 5-тармағына және осы Қағидаларға сәйкес айқындалған бағалар бойынша және тәртіппен олар жіберген сағаттық оң теңгерімсіздіктер көлемінде теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алуға міндетті.

Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері меншік нысанына қарамастан теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына өздері жіберген сағаттық теріс теңгерімсіздіктерді Заңның 15-10-бабының 5-тармағына және осы Қағидаларға сәйкес айқындалған бағалар бойынша және тәртіппен сатуға міндетті.

84. Осы Қағидалардың 83-тармағында көрсетілген жіберілген (жасалған) теңгерімсіздіктер ретінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері олардың жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға берген тиісті өтінімдері іске қоспаған сағаттарда немесе олар жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға берген тиісті өтінімдер бермеген сағаттарда жіберген (жасаған) теңгерімсіздіктер қабылданады (пайдаланылады).

85. Электр энергиясының коммерциялық экспорты шартының (бұдан әрі-ОА) шеңберінде басқа мемлекеттің (ОА) ұйымына (тұтынушысына) электр энергиясын жеткізуді жүзеге асыратын электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі – экспорт шарты) өзінің теңгерімсіздіктері үшін жауапкершіліктен басқа (Қазақстан Республикасының аумағында) осы мемлекеттің энергожүйесімен теңгерімдеу аймағының (ОА) шекарасындағы электр энергиясының сальдо-ағындарының осы ұйымның экспорт шартында көрсетілген Қазақстан Республикасынан электр энергиясы импортының көлемдерінен ауытқуына байланысты ауытқулары үшін де жауапты болады.

Бұл ретте экспорт шарттары бойынша электр энергиясын жеткізудің нақты сағаттық көлемі электр энергиясын генерация-тұтынудың тиісті тәуліктік кестелерінде көрсетілген электр энергиясын жеткізудің тиісті жоспарлы сағаттық көлемдеріне (экспорт шарттары бойынша) тең болып қабылданады.

86. Электр энергиясының коммерциялық импорты шартының (бұдан әрі-ОА) шеңберінде басқа мемлекеттің (ОА) ұйымынан (өндірушісінен) электр энергиясын қабылдауды жүзеге асыратын электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі – импорт шарты), өзінің теңгерімсіздіктері үшін жауапкершіліктен басқа (Қазақстан Республикасының аумағында), сондай-ақ осы мемлекеттің энергия жүйесімен теңгерімдеу аймағының (ОА) шекарасындағы электр энергиясының сальдо-ағындарының осы ұйымның импорт шартында көрсетілген электр энергиясы экспортының көлемдерінен ауытқуына байланысты ауытқулары үшін жауапты болады.

Бұл ретте импорт шарттары бойынша электр энергиясын жеткізудің нақты сағаттық көлемі электр энергиясын генерация-тұтынудың тиісті тәуліктік кестелерінде көрсетілген электр энергиясын жеткізудің тиісті жоспарлы сағаттық көлемдеріне (импорт шарттары бойынша) тең болып қабылданады.

87. ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін энергия өндіруші ұйымдар, сондай-ақ өз құрамында ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін энергия жинақтау жүйелері бар жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған өздерінің барлық теріс теңгерімсіздіктерін жоғарылатуға арналған сағатта ЭЭТН ЕАО-ға мынадай тәртіппен айқындалатын баға бойынша сатады:

$$Ц_{ЖҚАР(-)} = Б_{ТЭЭШТ(-)} \cdot m + Б_{ШТ} \cdot 1,3 \cdot l,$$

мұнда:

$$Ц_{ЖҚАР(-)}$$

– ЖҚАР туындаған теріс теңгерімсіздік субъектісінің сату бағасы, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$B_{тээшт(-)}$

– теңгерімдеуші электр энергиясының шекті тарифі теңгемен/кВт*сағ, жүзден біріне дейін дөңгелектенеді;

$B_{шт}$

– ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін энергия өндіруші ұйымның, сондай-ақ өз құрамында ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін энергия жинақтау жүйелері бар жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымның осы сағатта теңгерімдеуші аймақта теріс теңгерімсіздік жасаған жағдайда қолданылатын шекті тариф теңге/кВт*сағ, жүзден біріне дейін дөңгелектенеді.

m, l – өлшемсіз коэффициент, мынадай мәндерді қабылдайды:

$m=1$ егер есептелгенге дейін бір немесе екі сағатта осы субъект ЖҚАР туындаған теріс теңгерімсіздікке жол бермесе, сондай-ақ егер осы сағаттың бағыты жоғарылатуға болса;

$m=0$ егер есептелгенге дейін екі сағатта осы субъект ЖҚАР туындаған теріс теңгерімсіздікке жол берсе немесе осы сағаттың бағыты төмендетуге болса;

$l=0$ егер $m=1$;

$l=1$ егер $m=0$.

ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін энергия өндіруші ұйымдар, сондай-ақ өз құрамында ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін энергия жинақтау жүйелері бар жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған өздерінің барлық оң теңгерімсіздіктерін 0,01 теңге/кВт*сағ тең баға бойынша теңгерімдеуші электр энергиясын ЭЭТН ЕАО-дан сатып алу арқылы жабады.

Осы тармақ жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектілерді салу жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарына, ЖҚАР жүйесінің басқаруында жұмыс істейтін электр энергиясын жинақтау жүйелеріне қолданылмайды.

Ескерту. 87-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

87-1. ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін электр энергиясын жинақтау жүйесі бар жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазы есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) электр энергиясын жинақтау жүйесінің ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған оң теңгерімсіздікті мынадай формула бойынша ЭЭТН ЕАО-нан теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу арқылы жабады:

$$S_{+\text{ЭЖЖ}} = \Delta_{+\text{ЭЖЖ}} * B_{+\text{ЭЖЖ}}, \text{ мұндағы}$$

$$S_{+\text{ЭЖЖ}} -$$

жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазы есепті кезеңде (күнтізбелік айда) (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған электр энергиясын жинақтау жүйесінің оң теңгерімсіздігін жабу үшін) төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{+\text{ЭЖЖ}} -$$

жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазының ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған электр энергиясын жинақтау жүйесінің есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) оң теңгерімсіздігінің мәні (модулі), кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$B_{+\text{ЭЖЖ}} -$$

жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазының есепті кезеңде (күнтізбелік айда) (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған электр энергиясын жинақтау жүйесінің оң теңгерімсіздігін жабу үшін) сатып алу бағасы, ол 0,01 теңге/кВт*сағ-қа тең.

ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін электр энергиясын жинақтау жүйесі бар жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазы есепті кезеңде (күнтізбелік айда) ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған электр энергиясын жинақтау жүйесінің теріс теңгерімсіздігін мынадай формула бойынша ЭЭТН ЕАО-нан теріс теңгерімсіздіктерді сату арқылы жабады:

$$B_{-\text{ЭЖЖ}} = \frac{S_{-\text{ЭЖЖ}}}{\Delta_{-\text{ЭЖЖ}}}, \text{ мұндағы}$$

$$B_{-\text{ЭЖЖ}} -$$

жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазының есепті кезеңде (күнтізбелік айда) ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған электр энергиясын жинақтау жүйесінің теріс теңгерімсіздігін сату бағасы, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{-ЭЖЖ} -$$

жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазының ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған электр энергиясын жинақтау жүйесінің теріс теңгерімсіздігінің мәні (модулі), есепті кезеңде (күнтізбелік айда) кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$S_{-ЭЖЖ} = S_{+ЭЖЖ} -$$

есепті кезеңде (күнтізбелік айда) ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған электр энергиясын жинақтау жүйесінің теріс теңгерімсіздігі кезінде жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазына теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы төлейтін сомасы жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазына төленетін сомамен тең (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған электр энергиясын жинақтау жүйесінің оң теңгерімсіздігін жабу үшін), теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді).

Ескерту. Қағидалар 87-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 28.03.2025 № 141-н/к (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

88. Энергия беруші ұйымдар ЭЭТН ЕАО-ға теріс теңгерімсіздіктерін мына формулалар бойынша айқындалатын бағалар бойынша сатады:

$$B_{(-)}^{АЭК} = B_{\text{болж.сағ.}}^{БС} \cdot k,$$

мұнда:

$$B_{(-)}^{АЭК}$$

– теріс теңгерімсіздіктердің ЭЭТН ЕАО-ның сатып алу бағасы теңгерімдеу аймағында тәуліктің сағатына, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$B_{\text{болж.сағ.}}^{БС}$$

– тәуліктің берілген сағатындағы бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасы, тенгемен/кВт*сағ;

k

– өлшемсіз коэффициент, мынадай мәндерді қабылдайды:

егер

$$\left| \frac{\Delta_{(-)}^{АЭК}}{(\Gamma_{\text{жоспарлы}} - T_{\text{жоспарлы}})} \right| > 0,2$$

, онда $k=0,7$;

егер

$$\left| \frac{\Delta_{(-)}^{АЭК}}{(\Gamma_{\text{жоспарлы}} - T_{\text{жоспарлы}})} \right| \leq 0,2$$

, онда $k=1$;

егер

$$(\Gamma_{\text{жоспарлы}} - T_{\text{жоспарлы}}) = 0.$$

, онда $k=0,7$, мұнда:

$$\Delta_{(-)}^{АЭК}$$

– теңгерімдеу аймағында энергия беруші ұйым жасаған теріс теңгерімсіздіктің көлемі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$(\Gamma_{\text{жоспарлы}} - T_{\text{жоспарлы}})$$

– осы теңгерімдеу аймағында орналасқан генерация-тұтыну объектілеріне сәйкес келетін операциялық тәуліктің осы сағаты үшін энергия беруші ұйымның кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді) генерация-тұтынудың жоспарлы сальдосы;

Энергия беруші ұйымдар өздерінің оң теңгерімсіздіктерін теңгерімдеуші электр энергиясын ЭЭТН ЕАО-дан сатып алу арқылы мына формуланы пайдалана отырып жабады:

$$B_{(+)}^{АЭК} = B_{\text{болж.сағ.}}^{БС} \cdot k,$$

мұнда:

$$B_{(+)}^{АЭК}$$

– оң теңгерімсіздіктерді ЭЭТН ЕАО сату бағасы теңгерімдеу аймағында тәуліктің сағатына, тенгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$B_{\text{болж.сағ.}}^{БС}$$

– тәуліктің осы сағатындағы бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасы, теңгемен/кВт*сағ;

k

– өлшемсіз коэффициент, мына мәндерді қабылдайды:

егер

$$\frac{\Delta_{(+)}^{АЭК}}{(\Gamma_{\text{жоспарлы}} - T_{\text{жоспарлы}})} > 0,2,$$

, онда $k=1,3$;

егер

$$\frac{\Delta_{(+)}^{РЭК}}{(\Gamma_{\text{жоспарлы}} - T_{\text{жоспарлы}})} \leq 0,2$$

, онда $k=1$;

егер

$$(\Gamma_{\text{жоспарлы}} - T_{\text{жоспарлы}}) = 0,$$

онда $k=1,3$, мұнда:

$\Delta_{(+)}^{АЭК}$

– теңгерімдеу аймағында энергия беруші ұйым жасаған оң теңгерімсіздіктің көлемі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді)

$(\Gamma_{\text{жоспарлы}} - T_{\text{жоспарлы}})$

– осы теңгерімдеу аймағында орналасқан генерация-тұтыну объектілеріне сәйкес келетін операциялық тәуліктің осы сағаты үшін энергия беруші ұйымның кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді) генерация-тұтынудың жоспарлы сальдосы.

Жүйелік оператор үшін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттары мен концессиялық келісімдер негізінде салынған, ұлттық электр желісіне қосылған, аймақаралық және (немесе) 220 киловольт және одан жоғары кернеулі электр беру желілері, қосалқы станциялар, тарату құрылғыларының пайдалануын жүзеге асыратын энергия беруші ұйымдар өздерінің барлық теріс теңгерімсіздіктерін ЭЭТН ЕАО-ға сатады және барлық оң теңгерімсіздіктерін ЭЭТН ЕАО-дан теңгерімдеуші электр энергиясын бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасы бойынша тиісті көлемде сатып алу арқылы өтейді, бұл ретте өлшемсіз k коэффициентінің мәні бірге тең.";

Аталған тармақ реттеуші теңгерімсіздіктерге, ЭЖҰ теңгерімсіздігіне, сондай-ақ басқа субъектілермен жауапкершілікті беру шартын жасасқан энергия беруші ұйымдардың теңгерімсіздіктеріне қолданылмайды.

Ескерту. 88-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/к (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

88-1. Теңгерімдеу аймағында тәуліктің осы сағатында пайда болатын теріс теңгерімсіздіктерді сатудан энергия беруші ұйымдардың кірісі, мына формула бойынша айқындалады:

$$S_{(-)сағ}^{АЭК} = |\Delta_{(-)сағ}^{АЭК} * B_{(-)}^{АЭК}|$$

, мұнда:

$$S_{(-)сағ}^{АЭК}$$

– теңгерімдеу аймағында тәуліктің осы сағатына сатып алынған теріс теңгерімсіздік үшін ЭЭТН ЕАО энергия беруші ұйымға төлейтін сома, теңге (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{(-)сағ}^{АЭК}$$

– теңгерімдеу аймағында тәуліктің сағатына энергия беруші ұйымның теріс теңгерімсіздігі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$B_{(+)}^{АЭК}$$

– теңгерімдеу аймағында тәуліктің сағатына энергия беруші ұйымның осы Қағидалардың 88-тармағына сәйкес теріс теңгерімсіздіктерді ЭЭТН ЕАО-ның сатып алу бағасы;

Теңгерімдеу аймағында тәуліктің осы сағатына туындаған энергия беруші ұйымдардың шығындары мына формула бойынша айқындалады:

$$S_{(+)сағ}^{АЭК} = |\Delta_{(+)сағ}^{АЭК} * B_{(+)}^{АЭК}|$$

, мұнда:

$$S_{(+)сағ}^{АЭК}$$

– теңгерімдеу аймағында тәуліктің осы сағатына оң теңгерімсіздікті жабу үшін сатып алынған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін энергия беруші ұйым ЭЭТН ЕАО-ға төлейтін сома, теңге (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{(+)сағ}^{АЭК}$$

– теңгерімдеу аймағында тәуліктің сағатына энергия беруші ұйымның оң теңгерімсіздігі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$B_{(+)}^{АЭК}$

– теңгерімдеу аймағында тәуліктің сағатына осы Қағидалардың 88-тармағына сәйкес ЭЭТН ЕАО-ның оң теңгерімсіздіктерін сату бағасы, теңге/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді).

Аталған тармақ реттеуші теңгерімсіздіктерге, ЭЖҰ теңгерімсіздігіне, сондай-ақ жауапкершілікті басқа субъектілерге беру шартын жасасқан энергия беруші ұйымдардың теңгерімсіздіктеріне қолданылмайды.

Ескерту. 88-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.12.2024 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/к (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

88-2. Теңгерімдеу аймағында тәуліктің осы сағатына субъектілердің табиғат қорғау мақсатындағы су жіберуді жүргізу кезеңінде жасалған теріс теңгерімсіздіктерді сатудан түскен кірістері мына формула бойынша айқындалады:

$$S_{(-)сағ}^{ГЭС} = |\Delta_{(-)сағ}^{ГЭС} * B_{(-)}^{ГЭС}|$$

, мұнда:

$S_{(-)сағ}^{ГЭС}$

– теңгерімдеу аймағында тәуліктің осы сағатына табиғат қорғау мақсатындағы су жіберуді жүргізу кезеңінде жасалған теріс теңгерімсіздік үшін субъектіге ЭЭТН ЕАО төлейтін сома, теңге (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$\Delta_{(-)сағ}^{ГЭС}$

– теңгерімдеу аймағында тәуліктің осы сағатына табиғат қорғау мақсатындағы су жіберуді жүргізу кезеңінде жасалған теріс теңгерімсіздік, кВт*сағ;

$B_{(-)}^{ГЭС}$

– құрамына табиғат қорғау мақсатындағы су жіберуді жүргізу кезеңінде электр энергиясын өндіретін гидроэлектростанциялар кіретін субъектінің есептеу күніндегі қолданыстағы шекті тарифі теңге/кВт*сағ, (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

Теңгерімдеу аймағында тәуліктің осы сағатына субъектілердің табиғат қорғау мақсатындағы су жіберуді жүргізу кезеңінде жасалған оң теңгерімсіздіктерді жабу

үшін теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алудан шығындары мына формула бойынша айқындалады:

$$S_{(+)\text{сағ}}^{\text{ГЭС}} = |\Delta_{(+)\text{сағ}}^{\text{ГЭС}} * B_{(+)}^{\text{ГЭС}}|$$

, мұнда:

$$S_{(+)\text{сағ}}^{\text{ГЭС}}$$

– теңгерімдеу аймағында тәуліктің осы сағатына табиғат қорғау мақсатындағы су жіберуді жүргізу кезеңінде гидроэлектростанциялар жасаған оң теңгерімсіздікті жабу үшін сатып алынған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін субъекті ЭЭТН ЕАО-ға төлейтін сома, теңге (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{(+)\text{сағ}}^{\text{ГЭС}}$$

– теңгерімдеу аймағында тәуліктің осы сағатына табиғат қорғау мақсатындағы су жіберуді жүргізу кезеңінде жасалған оң теңгерімсіздік кВт * сағ;

$$B_{(+)}^{\text{ГЭС}}$$

– табиғат қорғау мақсатындағы су жіберуді жүргізу кезеңінде құрамына электр энергиясын өндіретін гидроэлектростанциялар кіретін субъектінің есептеу күніндегі қолданыстағы шекті тарифі теңге/кВт*сағ, (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді).

Аталған тармақ реттеуші теңгерімсіздіктерге қолданылмайды.

Ескерту. Қағидалар 88-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

89. Теңгерімдеуші электр энергиясын және теңгерімдеуші нарық субъектісінің теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығымен теріс теңгерімсіздіктерін сатып алу-сату көлемі әрбір теңгерімдеу аймағы үшін жеке есептеледі.

90. Теңгерімдеу аймағында тәуліктің бір сағатында сатылған, жоғарылатуға бір сағат ретінде айқындалған субъектіден ЭЭТН ЕАО теріс теңгерімсіздікті сатып алатын бағаны ЭЭТН ЕАО мына формула бойынша есептейді:

$$B_{(-)}^{\uparrow} = B_{\text{өзін.}} \cdot k$$

, мұнда:

$$B_{(-)}^{\uparrow}$$

– теңгерімдеу аймағында тәуліктің сағатында жоғарылатуға бір сағат ретінде айқындалған, ЭЭТН ЕАО-ның теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу бағасы, теңге/кВт*

сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

Безін.

– теңгерімсіздіктерді сату бағасы, мына тәртіппен айқындалады:

1) уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын сатуға арналған шекті тарифі бар субъект үшін, уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын сатуға арналған шекті тарифі бар субъект болып табылатын теңгерім провайдері үшін, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын сатуға арналған шекті тарифі бар субъектімен жауапкершілікті беру шартын жасасқан теңгерім провайдері үшін (электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны қоспағанда) – осы энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын сатуға арналған бекітілген тарифке теңестіріледі, теңге/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

1-1)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-1) тармақша 01.10.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (мәтін алып тасталды) бұйрығымен.

1-2) инвестициялық тарифті алушы болып табылатын субъект үшін осы субъектінің болжамды инвестициялық тарифіне теңестіріледі;

1-3) үкіметаралық тарифті алушы болып табылатын субъект үшін шамалардың ең азына теңестіріледі: болжамды үкіметаралық тарифке немесе бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасына;

2) барлық басқа субъектілер үшін бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасына теңестіріледі, теңге/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

k

– өлшемсіз коэффициент, мына мәндерді қабылдайды:

егер

$$\left| \frac{\Delta_T^I - \Delta_{PT}^I}{(\Gamma_{\text{жоспарлы}} - \Pi_{\text{жоспарлы}})} \right| > 0,2,$$

, онда $k=0,7$;

егер

$$\left| \frac{\Delta_T^I - \Delta_{PT}^I}{(\Gamma_{\text{жоспарлы}} - T_{\text{жоспарлы}})} \right| \leq 0,2,$$

, онда $k=1$;

егер

$$|\Gamma_{\text{жоспарлы}} - T_{\text{жоспарлы}}| = 0,$$

, онда $k=0,7$, мұнда:

Δ_T^{\uparrow}

– теңгерімдеу аймағындағы жоғарылату сағатында теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру шартын жасасқан субъектіні қоса алғанда, оң немесе теріс теңгерімсіздіктің көлемі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

 Δ_{PT}^{\uparrow}

– теңгерімдеу аймағындағы жоғарылату сағатында айқындалған реттеуші теңгерімсіздік көлемі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

 $(\Gamma_{\text{жоспарлы}} - T_{\text{жоспарлы}})$

– осы теңгерімдеу аймағында орналасқан генерация-тұтыну объектілеріне сәйкес келетін операциялық тәуліктің осы сағаты үшін энергия беруші ұйымның кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді) генерация-тұтынудың жоспарлы сальдосы.

Осы тармақ энергия беруші ұйымдардың теңгерімсіздігіне (теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру шартын жасасқан энергия беруші ұйымдарды және ЭЖҰ теңгерімсіздіктерін қоспағанда), сондай-ақ субъектілердің реттеуші теңгерімсіздіктеріне қолданылмайды.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын, бірыңғай сатып алушы және (немесе) қаржы-есеп айырысу орталығымен электр энергиясын сатып алу-сату бойынша ұзақ мерзімді шарттар мен жауапкершілікті беру шарттарын (бұдан әрі – бірыңғай сатып алушының теңгерімсіздігі) жасасқан энергия өндіруші ұйымдардың объектілері жасаған оң және теріс теңгерімсіздіктердің алгебралық қосындысы нәтижесінде қалыптасқан, осы тармаққа сәйкес есептелген теңгерімсіздікті сату бағасы осы Қағидалардың 98-3-тармағын ескере отырып түзетіледі.

Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

90-1. Алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.12.2024 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

90-2. Алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.12.2024 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

91. ЭЭТН ЕАО субъектіге жоғарылату сағаты ретінде айқындалған тәуліктің осы сағатында теңгерімдеу аймағында сатылған теріс теңгерімсіздік үшін төлейтін соманы ЭЭТН ЕАО мына формула бойынша есептейді:

$$S_{\text{сағ}}^{(+)} = B \cdot \Delta_{\text{сағ}(-)}^{(+)}$$

, мұнда:

$$S_{\text{сағ}}^{(+)}$$

– ЭЭТН ЕАО субъектіге жоғарылату сағаты ретінде айқындалған тәуліктің осы сағатында теңгерімдеу аймағында сатылған, теріс теңгерімсіздік үшін төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$B_{(-)}^{\uparrow}$$

– теңгерімдеу аймағында жоғарылату сағаты ретінде айқындалған тәуліктің осы сағатында теріс теңгерімсіздіктерді ЭЭТН ЕАО-ның сатып алу бағасы, осы Қағидалардың 90-тармағына сәйкес есептелген, кВт*сағ/теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}(-)}^{(+)}$$

– теңгерімдеу аймағында жоғарылату сағаты ретінде айқындалған тәуліктің осы сағатында субъект жасаған теріс теңгерімсіздіктің мәні (модулі), кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді).

Осы тармақ энергия беруші ұйымдардың теңгерімсіздігіне (ЭЖҰ теңгерімсіздіктері мен провайдермен жауапкершілікті беру шартын жасасқан энергия беруші ұйымдарды қоспағанда), сондай-ақ субъектілердің реттеуші теңгерімсіздіктеріне қолданылмайды.

Осы тармаққа сәйкес есептелген бірыңғай сатып алушының теріс теңгерімсіздіктерін сату құны осы Қағидалардың 98-3-тармағын ескере отырып түзетіледі.

Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

91-1. Алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.12.2024 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

92. Субъект ЭЭТН ЕАО-ға теңгерімдеу аймағында жоғарылату сағаты ретінде айқындалған тәулік сағатында сатып алынған оң теңгерімсіздікті жабуға теңгерімдеуші электр энергиясы үшін төлейтін бағаны ЭЭТН ЕАО мынадай формула бойынша есептейді:

$$B_{\text{сағ}(+)}^{(+)} = \left(\frac{\sum_{i=1}^n (S_{\text{ЭЭТН},i}) + (S_{\text{ЭЭТ}} * k - S_{\text{ТТ}}) + \sum_{S=1}^r S_{\text{сағ}(-)}^{\uparrow} S - S_{\text{сағ}}^{\text{ЕО}}}{\Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{ҚР}} - \Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{АЭК}} - \Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{ЖҚАР}} - \Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{АВАР}} - \Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{СЭС}}} \right) * m + (B_{\text{өзін.}} * 1,3) * n,$$

, мұнда:

$B_{\text{сағ}(+)}^{(†)}$

– субъект ЭЭТН ЕАО-ға теңгерімдеу аймағында жоғарылату сағаты ретінде айқындалған тәулік сағатында сатып алынған оң теңгерімсіздікті жабуға теңгерімдеуші электр энергиясы үшін төлейтін баға, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$\sum_{i=1}^n$ –

i бойынша сома;

i – 1-ден n-ге дейін өзгертін реттік нөмір;

n – тәуліктің осы сағатында ЭЭТН ЕАО-ға теңгерімдеу аймағындағы теңгерімдеуші электр энергиясын сатқан субъектілер саны;

$S_{\text{ЭЭТ}.i}$

– ЭЭТН ЕАО i-ші субъектіге тәуліктің осы сағаты ішінде теңгерімдеу аймағында сатылған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$S_{\text{ЭЭТ}}^{\text{ЖО}}$

– ЭЭТН ЕАО жүйелік операторға тәуліктің осы сағатында теңгерімдеу аймағында сатылған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді) төлейтін сома, теңгемен (егер осы сағат ішінде жүйелік оператор теңгерімдеуші электр энергиясын сатпаса, нөлге теңестіріледі);

k

– өлшемсіз коэффициент, мынадай мәндерді қабылдайды:

1)

k

= 3, егер қаралып отырған сағат Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының электр энергетикалық жүйелерінің қатарлас жұмыс істеуі туралы шартқа сәйкес бақыланбайтын болса;

2)

k

= 1, егер қаралып отырған сағат Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының электр энергетикалық жүйелерінің қатарлас жұмыс істеуі туралы шартқа сәйкес бақылау болып табылса;

$S_{\text{ТТ}}^{\text{ЖО}}$

– жүйелік оператор ЭЭТН ЕАО-ға тәуліктің осы сағатында теңгерімдеу аймағында сатып алынған теріс теңгерімсіздік үшін (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді) төлейтін сома, теңгемен (егер осы сағат ішінде жүйелік оператор теріс теңгерімсіздікті сатып алмаса, нөлге теңестіріледі);

$$\sum_{s=1}^r S_{\text{сағ}(-)s}^{\uparrow}$$

– s бойынша сома;

s – 1-ден r -ге дейін реттік нөмір;

r – теріс теңгерімсіздік жасаған субъектілер саны;

$$S_{\text{сағ}(-)s}^{(\uparrow)}$$

– ЭЭТН ЕАО s-ші субъектіге осы Қағидалардың 91-тармағына сәйкес теңгерімдеу аймағында жоғарылату сағаты ретінде айқындалған тәулік сағатында сатып алынған теріс теңгерімсіздіктер үшін төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$S_{\text{сағ}}^{\text{ЕО}}$$

– осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес тәуліктің осы сағатында теңгерімдеу аймағында ЭЭТН ЕАО-ның туындаған шығындары (кірістері) (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), теңгемен (оң және теріс мәндерді де қабылдай алады);

$$\Delta_{\text{сағ}(+) }^{\text{ҚР}}$$

– осы сағатта теңгерімдеу аймағында субъектілер жасаған барлық оң теңгерімсіздіктердің қосындысы, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}(+) .\Sigma}^{\text{АЭК}}$$

– ЭЖҰ оң теңгерімсіздіктері мен басқа субъектілерімен жауапкершілік беру шартын жасасқан энергия беруші ұйымдар жасаған оң теңгерімсіздіктерді қоспағанда, осы сағатта энергия беруші ұйымдар теңгерімдеу аймағында жасаған барлық оң теңгерімсіздіктердің қосындысы, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}(+) .\Sigma}^{\text{ЖҚАР}}$$

– осы сағатта теңгерімдеу аймағында осы ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін субъектілердің барлық оң теңгерімсіздіктерінің қосындысы, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}(+) .\Sigma}^{\text{АВАР}}$$

– "Авария" режимі кезінде осы сағат ішінде теңгерімдеу аймағында жүйелік оператордың командаларын орындаған субъектілер жасаған барлық оң теңгерімсіздіктердің сомасы, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}(+)\Sigma}^{\text{СЭС}}$$

–теңгерімдеу аймағында осы сағат ішінде құрамына табиғат қорғау мақсатындағы су жіберу кезеңінде электр энергиясын өндіретін су электр станциялары кіретін субъектілер жасаған барлық оң теңгерімсіздіктердің сомасы, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді). Табиғат қорғау мақсатындағы су жіберу жүргізілмейтін кезеңде

$$\Delta_{\text{сағ}(+)\Sigma}^{\text{ГЭС}}$$

=0;

Б_{өзін.}

– теңгерімсіздіктерді сатып алу бағасы, ол мынадай тәртіппен айқындалады:

1) уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын сатудың шекті тарифі бар субъект үшін, уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын сатуға арналған шекті тарифі бар субъект болып табылатын теңгерім провайдері үшін, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын сатуға арналған шекті тарифі бар субъектімен жауапкершілікті беру шартын жасасқан теңгерім провайдері үшін (электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны қоспағанда) – осы энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын сатуға арналған бекітілген тарифке теңестіріледі, теңге/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

1-1)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-1) тармақша 01.10.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (мәтін алып тасталды) бұйрығымен.

1-2) инвестициялық тарифті алушы болып табылатын субъект үшін осы субъектінің болжамды инвестициялық тарифіне теңестіріледі;

1-3) үкіметаралық тарифті алушы болып табылатын субъект үшін мынадай шамалардың ең жоғары мөлшеріне теңестіріледі: болжамды үкіметаралық тарифке немесе бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасына;

2) барлық басқа субъектілер үшін ол бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасына теңестіріледі, теңге/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

m, n – өлшемсіз коэффициенттер, мына мәндерді қабылдайды:

егер

$$\frac{\sum_{i=1}^n (S_{\text{ээт},i}) + (S_{\text{ээт}} \cdot k - S_{\text{тт}}^{\text{ЖО}}) + S_{\text{сағ}}^{(\Gamma)} - S_{\text{сағ}}^{\text{ЕО}}}{\Delta_{\text{сағ}(+)\Sigma}^{\text{ҚР}} - \Delta_{\text{сағ}(+)\Sigma}^{\text{АЭК}} - \Delta_{\text{сағ}(+)\Sigma}^{\text{ЖҚАР}} - \Delta_{\text{сағ}(+)\Sigma}^{\text{АВАР}} - \Delta_{\text{сағ}(+)\Sigma}^{\text{СЭС}}} < B_{\text{өзін.}} * 1,3, m=0, n=1;$$

егер

$$\frac{\sum_{i=1}^n (S_{\text{ээт},i}) + (S_{\text{ээт}} \cdot k - S_{\text{тт}}^{\text{жо}}) + S_{\text{сағ}}^{(\uparrow)} - S_{\text{сағ}}^{\text{ЕО}}}{\Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{ҚР}} - \Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{АЭК}} - \Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{ЖҚАР}} - \Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{АВАР}} - \Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{СЭС}}} \geq B_{\text{өзін.}} * 1,3, m=1, n=0.$$

Егер

$$B_{\text{сағ}(+)}^{(\uparrow)}$$

мәні теріс болса немесе

$$B_{\text{сағ}(+)}^{(\uparrow)}$$

мәні нөлге тең болса, бұл мән 0,01 теңге/ кВт*сағ теңестіріледі.

Аталған тармақ энергия беруші ұйымдарға (теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру шартын жасасқан энергия беруші ұйымдар мен ЭЖҰ теңгерімсіздіктерін қоспағанда), сондай-ақ реттеуші теңгерімсіздіктерге қолданылмайды.

Ескерту. 92-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

93. Теңгерімдеу аймағында жоғарылату сағаты ретінде айқындалған тәулік сағатында сатып алынған оң теңгерімсіздікті жабу үшін теңгерімдеуші электр энергиясы бойынша субъект ЭЭТН ЕАО-ға төлейтін сома мына формула бойынша есептеледі:

$$S_{\text{сағ}(+)}^{(\uparrow)} = B_{(+)}^{\uparrow} \cdot \Delta_{\text{сағ}(+)}^{(\uparrow)}$$

, мұнда:

$$S_{\text{сағ}(+)}^{(\uparrow)}$$

– теңгерімдеу аймағында жоғарылату сағаты ретінде айқындалған тәулік сағатында сатып алынған оң теңгерімсіздікті жабу үшін теңгерімдеуші электр энергиясы бойынша субъект ЭЭТН ЕАО-ға төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$B_{(+)}^{\uparrow}$$

– осы Қағидалардың 92-тармағына сәйкес есептелген субъект ЭЭТН ЕАО-ға оң теңгерімсіздікті жабу үшін теңгерімдеуші электр энергиясына төлейтін баға, теңге/кВт *сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}(+)}^{(\uparrow)}$$

– теңгерімдеу аймағында жоғарылату сағаты ретінде айқындалған тәуліктің осы сағаты үшін субъект жасаған оң теңгерімсіздіктің мәні, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді).

Аталған тармақ энергия беруші ұйымдарға (теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру шартын жасасқан энергия беруші ұйымдар мен ЭЖҰ теңгерімсіздігін қоспағанда), сондай-ақ реттеуші теңгерімсіздіктерге қолданылмайды.

Ескерту. 93-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

94. Субъект төмендеу сағаты ретінде айқындалған тәуліктің бір сағатына теңгерімдеу аймағында сатып алынған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін (оң теңгерімсіздікті жабу үшін) ЭЭТН ЕАО-ға төлейтін бағаны ЭЭТН ЕАО мынадай формула бойынша есептейді:

$$B_{(+)}^{\downarrow} = B_{\text{өзін.}} \cdot k$$

, мұнда:

$$B_{(+)}^{\downarrow}$$

– төмендеу сағаты ретінде айқындалған теңгерімдеу аймағында тәуліктің бір сағатына сатып алынған субъектінің теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу бағасы (оң теңгерімсіздікті жабу үшін), теңге/ кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$B_{\text{өзін.}}$$

– теңгерімсіздіктерді сатып алу бағасы, ол мына тәртіппен айқындалады:

1) уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын сатудың шекті тарифі бар субъект үшін, уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын сатуға арналған шекті тарифі бар субъект болып табылатын теңгерім провайдері үшін, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын сатуға арналған шекті тарифі бар субъектімен жауапкершілікті беру шартын жасасқан теңгерім провайдері үшін (электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны қоспағанда – осы энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын сатуға арналған бекітілген тарифке теңестіріледі, теңге/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

1-1)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-1) тармақша 01.10.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (мәтін алып тасталды) бұйрығымен.

1-2) инвестициялық тарифті алушы болып табылатын субъект үшін осы субъектінің болжамды инвестициялық тарифіне теңестіріледі;

1-3) үкіметаралық тарифті алушы болып табылатын субъект үшін мынадай шамалардың ең жоғары мөлшеріне теңестіріледі: болжамды үкіметаралық тарифке немесе бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасына;

2) барлық басқа субъектілер үшін ол бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасына теңестіріледі, теңге/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

k

– өлшемсіз коэффициент, мына мәндерді қабылдайды:

егер

$$\left| \frac{\Delta_T^\perp - \Delta_{РТ}^\perp}{(\Gamma_{\text{жоспарлы}} - T_{\text{жоспарлы}})} \right| > 0,2,$$

, онда $k=1,3$;

егер

$$\left| \frac{\Delta_T^\perp - \Delta_{РТ}^\perp}{(\Gamma_{\text{жоспарлы}} - T_{\text{жоспарлы}})} \right| \leq 0,2,$$

, онда $k=1$;

егер

$$\left| (\Gamma_{\text{жоспарлы}} - T_{\text{жоспарлы}}) \right| = 0$$

, онда $k=1,3$, мұнда:

Δ_T^\perp

– теңгерімдеу аймағында төмендеу сағатта теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру туралы шарт жасасқан субъектіні қоса алғанда, оң немесе теріс теңгерімсіздіктің көлемі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$\Delta_{РТ}^\perp$

– теңгерімдеу аймағындағы төмендеу сағатындағы реттеуші теңгерімсіздік көлемі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$(\Gamma_{\text{жоспарлы}} - T_{\text{жоспарлы}})$

– осы теңгерімдеу аймағында орналасқан генерация-тұтыну объектілеріне сәйкес келетін операциялық тәуліктің осы сағаты үшін субъектінің генерация-тұтынудың жоспарлы сальдосы, кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді).

Аталған тармақ энергия беруші ұйымдарға (теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру шартын жасасқан энергия беруші ұйымдар мен ЭЖҰ теңгерімсіздігін қоспағанда), сондай-ақ реттеуші теңгерімсіздіктерге қолданылмайды.

Ескерту. 94-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

94-1. Алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.12.2024 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

94-2. Алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.12.2024 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

95. Субъект теңгерімдеу аймағында төмендету сағаты ретінде айқындалған тәулік сағатында сатып алынған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін (оң теңгерімсіздікті жабу үшін), ЭЭТН ЕАО-ға төлейтін соманы ЭЭТН ЕАО мына формула бойынша есептейді:

$$S_{\text{сағ}}^{(L)} = B_{(+)}^{\downarrow} \cdot \Delta_{\text{сағ}(+)}^{(L)}$$

мұнда:

$$S_{\text{сағ}}^{(L)}$$

– субъект теңгерімдеу аймағында төмендету сағаты ретінде айқындалған тәулік сағатында сатып алынған теңгерімдеуші электр энергиясын үшін (оң теңгерімсіздікті жабу үшін), төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$B_{(+)}^{\downarrow}$$

– субъект теңгерімдеу аймағында төмендету сағаты ретінде айқындалған тәулік сағатында сатып алынған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін (оң теңгерімсіздікті жабу үшін), осы Қағидалардың 94-тармағына сәйкес есептелген төлейтін баға, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}(+)}^{(L)}$$

– теңгерімдеу аймағында, төмендету сағаты ретінде айқындалған тәулік сағатында субъект жасаған оң теңгерімсіздіктің мәні (модулі), кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді).

Аталған тармақ энергия беруші ұйымдарға (теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру шартын жасасқан энергия беруші ұйымдар мен ЭЖҰ теңгерімсіздігін қоспағанда), сондай-ақ реттеуші теңгерімсіздіктерге қолданылмайды.

Ескерту. 95-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

95-1. Алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.12.2024 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

96. ЭЭТН ЕАО субъектіден теңгерімдеу аймағында төмендету сағаты ретінде айқындалған тәулік сағатында сатылған теріс теңгерімсіздігін сатып алатын бағаны ЭЭТН ЕАО мынадай формула бойынша есептейді:

$$B_{\text{сағ}(-)}^{(1)} = \left(\frac{\sum_{i=1}^n (S_{\text{ТТ}i}) + (S_{\text{ТТ}}^{\text{ЖО}} - S_{\text{ЭЭТ}}^{\text{ЖО}}) + \sum_{s=1}^r S_{\text{сағ}(+)s}^{\downarrow} + S_{\text{сағ}}^{\text{ЕО}}}{\Delta_{\text{сағ}(-)}^{\text{ҚР}} - \Delta_{\text{сағ}(-)\Sigma}^{\text{АЭК}} - \Delta_{\text{сағ}(-)\Sigma}^{\text{ЖҚАР}} - \Delta_{\text{сағ}(-)\Sigma}^{\text{АВАР}} - \Delta_{\text{сағ}(-)\Sigma}^{\text{ДК}}} \right) - \Delta_{\text{ч}(-)\Sigma}^{\text{ГЭС}} \cdot m + (B_{\text{өзін.}} \cdot 0,7) * n$$

, мұнда:

$$B_{\text{сағ}(-)}^{(1)}$$

– ЭЭТН ЕАО субъектіден теңгерімдеу аймағында төмендету сағаты ретінде айқындалған тәулік сағатына сатылған теріс теңгерімсіздікті, сатып алатын баға, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$S_{\text{ТТ}i}$$

– і-субъектісі ЭЭТН ЕАО-ға тәуліктің осы сағатында теңгерімдеу аймағында сатып алынған теріс теңгерімсіздік үшін төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\sum_{i=1}^n$$

і бойынша сомасы;

і – 1-ден n-ге дейін өзгеретін реттік нөмір;

n – тәуліктің осы сағатында ЭЭТН ЕАО-дан теңгерімдеу аймағындағы теріс теңгерімсіздіктерді сатып алған субъектілер саны;

$$S_{\text{ТТ}}^{\text{ЖО}}$$

– жүйелік оператор ЭЭТН ЕАО-ға тәуліктің осы сағатында сатып алынған теріс теңгерімсіздік үшін (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді) төлейтін сома, теңгемен (егер осы сағат ішінде жүйелік оператор теріс теңгерімсіздікті сатып алмаса, нөлге теңестіріледі);

$$S_{\text{ЭЭТ}}^{\text{ЖО}}$$

– ЭЭТН ЕАО жүйелік операторға тәуліктің осы сағатында теңгерімдеу аймағында сатылған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді) төлейтін сома, теңгемен (егер осы сағат ішінде жүйелік оператор теңгерімдеуші электр энергиясын сатпаса, нөлге теңестіріледі);

$$\sum_{s=1}^r$$

– s бойынша сомасы;

s – 1-ден r-ге дейін реттік нөмір;

r – оң теңгерімсіздік жасаған субъектілер саны;

$$S_{\text{сағ}(+)s}^{\downarrow}$$

– s-ші субъект осы Қағидалардың 95-тармағына сәйкес ЭЭТН ЕАО-ға теңгерімдеу аймағында төмендетуге арналған сағат ретінде айқындалған тәулік сағатына сатып алынған оң теңгерімсіздіктер үшін төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$S_{\text{сағ}}^{\text{EO}}$$

– осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес тәуліктің осы сағатында ЭЭТН ЕАО-ның туындаған шығындары (кірістері), теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді) (оң және теріс мәндрді де қабылдай алады);

$$\Delta_{\text{сағ}(-)}^{\text{ҚР}}$$

– осы сағатта теңгерімдеу аймағында субъектілері жасаған барлық теріс теңгерімсіздіктер сомасының модулі, кВт*сағ (бүгін санға дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}(-).\Sigma}^{\text{АЭК}}$$

– ЭЖҰ теріс теңгерімсіздіктерін және басқа субъектілермен жауапкершілік беру шартын жасасқан энергия беруші ұйымдар жасаған теріс теңгерімсіздіктерді қоспағанда, осы сағатта теңгерімдеу аймағында жасаған барлық теріс теңгерімсіздіктер сомасының модулі, кВт*сағ (бүгін санға дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}(-).\Sigma}^{\text{ЖҚАР}}$$

– осы сағаттағы теңгерімдеу аймағында осы ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің барлық теріс теңгерімсіздіктер қосындысының модулі, кВт*сағ (бүгін санға дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}(-).\Sigma}^{\text{АВАР}}$$

– "Авария" режимі кезінде осы сағат ішінде теңгерімдеу аймағында жүйелік оператордың командаларын орындаған субъектілер жасаған барлық теріс теңгерімсіздіктердің қосындысының модулі, кВт*сағ (бүгін санға дейін дөңгелектенеді)

;

$$\Delta_{\text{сағ}(-).\Sigma}^{\text{ДК}}$$

– теңгерімдеу аймағында осы сағат ішінде генерацияны арттыру туралы жүйелік оператордың диспетчерлік командаларын орындаған энергия өндіруші ұйымдардың барлық теріс теңгерімсіздіктерінің қосындысының модулі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{ч}(-).\Sigma}^{\text{ГЭС}}$$

– теңгерімдеу аймағында осы сағат ішінде құрамына табиғат қорғау мақсатындағы су жіберуді жүргізу кезеңінде электр энергиясын өндіретін гидроэлектростанциялар кіретін субъектілер жасаған барлық теріс теңгерімсіздіктер сомасы кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді). Табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулері жүргізілмейтін кезеңде

$$\Delta_{\text{ч}(-).\Sigma}^{\text{ГЭС}} = 0.$$

.

Бөзін.

– теңгерімсіздіктерді сатып алу бағасы, ол мына тәртіппен айқындалады:

1) уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын өткізудің шекті тарифі бар субъектілер үшін, уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын сатуға арналған шекті тарифі бар субъект болып табылатын теңгерім провайдері үшін, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын сатуға арналған шекті тарифі бар субъектімен жауапкершілікті беру шартын жасасқан теңгерім провайдері үшін (электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны қоспағанда) – осы энергия беруші ұйымның электр энергиясын сатуға арналған бекітілген тарифке теңестіріледі, теңге/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

1-1)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-1) тармақша 01.10.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (мәтін алып тасталды) бұйрығымен.

1-2) инвестициялық тарифті алушы болып табылатын субъект үшін осы субъектінің болжамды инвестициялық тарифіне теңестіріледі;

1-3) үкіметаралық тарифті алушы болып табылатын субъект үшін мынадай шамалардың ең төменіне теңестіріледі: үкіметаралық болжамды тарифке немесе бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасына;

2) барлық басқа субъектілер үшін ол бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасына теңестіріледі, теңге/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

m, n – өлшемсіз коэффициенттер, мына мәндерді қабылдайды:

$$\frac{\sum_{i=1}^n (S_{TTi}) + (S_{TT}^{ЖО} - S_{ЭЭТ}^{ЖО}) + S_{сағ}^{(↓)} + S_{сағ}^{EO}}{\Delta_{сағ(-)}^{ҚР} - \Delta_{сағ(-)\Sigma}^{АЭК} - \Delta_{сағ(-)\Sigma}^{ЖҚАР} - \Delta_{сағ(-)\Sigma}^{АВАР} - \Delta_{сағ(-)\Sigma}^{ДК}} - \Delta_{ч(-)\Sigma}^{ГЭС} > B_{өзін.} \cdot 0,7$$

, кезінде m=0; n=1,

$$\frac{\sum_{i=1}^n (S_{ЭЭТ,i}) + (S_{ЭЭТ,k}^{ЖО} - S_{TT}^{ЖО}) + S_{сағ}^{(↑)} - S_{сағ}^{EO}}{\Delta_{сағ(+)}^{ҚР} - \Delta_{сағ(+)\Sigma}^{АЭК} - \Delta_{сағ(+)\Sigma}^{ЖҚАР} - \Delta_{сағ(+)\Sigma}^{АВАР} - \Delta_{сағ(+)\Sigma}^{ДК} - \Delta_{ч(-)\Sigma}^{ГЭС}} \leq B_{өзін.} \cdot 0,7$$

, кезінде m=1; n=0.

Егер мән теріс немесе нөлге тең болса, 0,01 мәніне теңестіріледі, теңге/кВт*сағ.

Осы тармаққа сәйкес есептелген бірыңғай сатып алушының теріс теңгерімсіздігінің сату бағасы осы Қағидалардың 98-3-тармағын ескере отырып түзетіледі.

2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін

$$\Delta_{сағ(-)\Sigma}^{ДК}$$

өзгерілетін шама мәні нөлге теңестіріледі.

Аталған тармақ энергия беруші ұйымдарға (теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру шартын жасасқан энергия беруші ұйымдар мен ЭЖҰ теңгерімсіздігін қоспағанда), сондай-ақ реттеуші теңгерімсіздіктерге қолданылмайды.

Ескерту. 96-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

97. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші нарық субъектісіне теңгерімдеу аймағында төмендетуге арналған сағат ретінде айқындалған тәулік сағатына сатылған теріс теңгерімсіздік (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған) үшін төлейтін соманы теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы мынадай формула бойынша есептейді:

$$S_{сағ(-)}^{(↓)} = B_{сағ(-)}^{(↓)} * \Delta_{сағ(-)}^{(↓)}, \text{ мұнда:}$$

$$S_{сағ(-)}^{(↓)}$$

- теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектісіне теңгерімдеу аймағында төмендетуге арналған сағат ретінде айқындалған тәулік сағатына сатылған теріс теңгерімсіздік (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған) үшін төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$B_{сағ(-)}^{(↓)}$$

- теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектісінен тәуліктің осы сағаты үшін теңгерімдеу аймағында сатылған теріс теңгерімсіздікті сатып алатын баға, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}(-)}^{(4)}$$

- электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі теңгерімдеу аймағында төмендетуге арналған сағат ретінде айқындалған тәулік сағатында жасаған теріс теңгерімсіздіктің (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған) мәні (модулі), кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді).

Бұл тармақ энергия беруші ұйымдардың теңгерімсіздіктеріне және ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теңгерімсіздіктерге қолданылмайды.

Ескерту. 97-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

98. Субъект реттелмейтін сағат ретінде айқындалатын тәуліктің бір сағаты үшін теңгерімдеуші аймақта ЭЭТН ЕАО-мен теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату операцияларын жүзеге асыратын бағаны ЭЭТН ЕАО мына формуланы пайдалана отырып есептейді:

$$\tilde{B} = B_{\text{өзін.}} \cdot (1 + m \cdot |k|).$$

, мұнда:

\tilde{B}

– теңгерімдеу аймағында реттеусіз бір сағаттағы субъектілердің теңгерімсіздіктерін сатып алу және сату бағасы, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$B_{\text{өзін.}}$

– теңгерімсіздіктерді сатып алу және сату бағасын айқындау үшін пайдаланылатын субъектінің өзіндік бағасы, мына тәртіппен айқындалады:

1) уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын сатудың шекті тарифі бар теңгерімдеуші нарық субъектісі үшін, уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын сатуға арналған шекті тарифі бар субъект болып табылатын, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын сатуға арналған шекті тарифі бар субъектімен жауапкершілікті беру шартын жасасқан теңгерім провайдері үшін – осы энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын сатуға арналған бекітілген тарифке теңестіріледі, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

1-1)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-1) тармақша 01.10.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (мәтін алып тасталды) бұйрығымен.

1-2)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-2) тармақша 01.10.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (мәтін алып тасталды) бұйрығымен.

1-3)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-3) тармақшаның бірінші абзацы 01.10.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (мәтін алып тасталды) бұйрығымен.

– шамалардың ең азы: болжамды үкіметаралық тарифке немесе бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасына – теріс теңгерімсіздік жағдайында;

– жоғарыда көрсетілген шамалардың максимумы – оң теңгерімсіздік жағдайында;

2) барлық басқа субъектілер үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасына теңестіріледі, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

k

– өлшемсіз коэффициент, мына формула арқылы есептеледі:

$$k = \left(\frac{x - S_{\text{ЭЭТ}}^{\text{ЖО}} - |S_{\text{сағ}}^{\text{ЕО}}| \cdot j}{\sum_{l=1}^n \Delta_{(-)l} \cdot B_{\text{өзін.}l}} - \frac{x - S_{\text{ТТ}}^{\text{ЖО}} - |S_{\text{сағ}}^{\text{ЕО}}| \cdot z}{\sum_{l=1}^m \Delta_{(+)l} \cdot B_{\text{өзін.}l}} \right) \cdot \frac{1}{2},$$

мұнда:

x

– ЭЭТН ЕАО-ның реттеусіз бір сағаттағы кірістері мен шығыстарының орташа арифметикалық мәні, теңгемен, мына формула бойынша есептелген:

$$x = \left(\sum_{i=1}^n \Delta_{(-)i} \cdot B_{\text{өзін.}i} + \sum_{l=1}^m \Delta_{(+)l} \cdot B_{\text{өзін.}l} + S_{\text{ЭЭТ}}^{\text{ЖО}} + S_{\text{ТТ}}^{\text{ЖО}} + |S_{\text{сағ}}^{\text{ЕО}}| \right) \cdot \frac{1}{2},$$

мұнда:

$\sum_{i=1}^n$ –

n бойынша сома;

i – 1-ден n-ге дейін өзгертін реттік нөмір;

n – осы сағаттағы теңгерімдеу аймағында 88, 88-2, 98-2 және 98-3-тармақтарына сәйкес бағалары есептелмейтін субъектілердің саны;

$\Delta_{(-)i}$

– теңгерімдеу аймағында i -ші субъектінің осы сағат ішінде жасаған теріс теңгерімсіздік модулі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$B_{\text{өзін}.i}$

– i -ші субъектінің теріс теңгерімсіздіктерін сату бағасы, мына тәртіппен айқындалады:

1) уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын сатудың шекті тарифі бар субъект үшін, уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын сатуға арналған шекті тарифі бар субъект болып табылатын, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын сатуға арналған шекті тарифі бар субъектімен жауапкершілікті беру шартын жасасқан теңгерім провайдері (электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны қоспағанда) үшін – осы энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын сатуға арналған бекітілген тарифке теңестіріледі, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

1-1)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-1) тармақша 01.10.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (мәтін алып тасталды) бұйрығымен.

1-2) инвестициялық тарифті алушы болып табылатын субъект үшін осы субъектінің болжамды инвестициялық тарифіне теңестіріледі;

1-3) үкіметаралық тарифті алушы болып табылатын субъект үшін мынадай шамалардың ең төменіне теңестіріледі: үкіметаралық болжамды тарифке немесе бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасына;

2) барлық басқа субъектілер үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасына теңестіріледі, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$\sum_{l=1}^m$ –

m бойынша сомасы;

l –

1-ден m -ге дейін өзгертін реттік нөмір;

m – теңгерімдеу аймағында осы сағатта оң теңгерімсіздік жасаған субъектілердің саны;

$\Delta_{(+)i}$

–
 l

-ші субъектінің теңгерімдеу аймағында осы сағат ішінде жасаған оң теңгерімсіздік (реттеуші теңгерімсіздікті қоспағанда), кВт*сағ (бүгін санға дейін дөңгелектенеді);

$S_{\text{өзін.1}}$

—
1

-ші субъектінің оң теңгерімсіздіктерін жабу үшін теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу бағасы, мынадай тәртіппен айқындалады:

1) уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын сатудың шекті тарифі бар субъект үшін, уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын сатуға арналған шекті тарифі бар субъект болып табылатын, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын сатуға арналған шекті тарифі бар субъектімен жауапкершілікті беру шартын жасасқан теңгерім провайдері үшін – осы энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын сатуға арналған бекітілген тарифке теңестіріледі, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

1-1) ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-1) тармақша 01.10.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (мәтін алып тасталды) бұйрығымен.

1-2) инвестициялық тарифті алушы болып табылатын субъект үшін осы сағатқа арналған инвестициялық тарифті алушылар тізімінде көрсетілген осы субъект бойынша болжамды инвестициялық тарифке теңестіріледі;

1-3) үкіметаралық тарифті алушы болып табылатын субъект үшін мынадай шамалардың ең жоғары мөлшеріне теңестіріледі: болжамды үкіметаралық тарифке немесе бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасына;

2) барлық қалған субъектілер үшін электр энергиясын бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасына теңестіріледі, тг/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$S_{\text{ЭЭТ}}$

– ЭЭТН ЕАО теңгерімдеу аймағында тәулік сағатында сатылған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін жүйелік операторға төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$S_{\text{ТТ}}$

– теңгерімдеу аймағында бір тәулікте сатып алынған теріс теңгерімсіздік үшін жүйелік оператор ЭЭТН ЕАО-ға төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$S_{\text{сағ}}$

– осы Қағидаларға №8 қосымшаға сәйкес ЭЭТН ЕАО-ның тәуліктің осы сағатында теңгерімдеу аймағында туындайтын шығындары (кірістері) (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), теңгемен (оң және теріс мәндерді қабылдайды);

j

, z – өлшемсіз коэффициенттер, мынадай мәндерді қабылдайды:

$$S_{\text{caF}}^{\text{EO}} \geq 0,$$

кезінде $j=0, z=1$,

$$S_{\text{caF}}^{\text{EO}} < 0,$$

кезінде $j=1, z=0$,

m

– өлшемсіз коэффициент, мынадай мәндерді қабылдайтын:
теріс теңгерімсіздік жасаған субъектілер үшін:

$$k > 0,$$

кезінде $m=1$,

$$k < 0,$$

кезінде $m=-1$,

оң теңгерімсіздік жасаған субъектілер үшін:

$$k > 0,$$

кезінде $m=-1$,

$$k < 0,$$

кезінде $m=1$.

Аталған тармақ энергия беруші ұйымдарға (теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру шартын жасасқан энергия беруші ұйымдар мен ЭЖҰ теңгерімсіздігін қоспағанда), сондай-ақ реттеуші теңгерімсіздіктерге қолданылмайды.

Осы тармаққа сәйкес есептелген бірыңғай сатып алушының теңгерімсіздік бағасы осы Қағидалардың 98-3-тармағын ескере отырып түзетіледі.

Ескерту. 98-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

98-1. Алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.12.2024 № 455 (алғашқы

ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

98-2. "Авария" режимі жарияланған теңгерімдеу сағатында ЭЭТН ЕАО мен жүйелік оператордың өкімдерін орындайтын субъектілер арасындағы теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату бойынша операциялар мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$B_{\text{авар}} = B_{\text{өзін.}} \cdot k,$$

мұнда:

$B_{\text{авар}}$

– бұл субъект "Авария" режимінде жүйелік оператордың өкімдерін орындау кезінде ЭЭТН ЕАО-дан электр энергиясын сатып алу-сату бойынша операцияларды жүзеге асыратын баға, теңге/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$B_{\text{өзін.}}$

– теңгерімсіздіктерді сатып алу бағасы, ол мына тәртіппен айқындалады:

1) уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын сатуға арналған шекті тарифі бар субъекті үшін – осы энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын сатуға арналған бекітілген тарифке теңестіріледі, теңге/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

1-1)

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

1-1) тармақша 01.10.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (мәтін алып тасталды) бұйрығымен.

1-2) инвестициялық тарифті алушы болып табылатын субъект үшін осы субъектінің болжамды инвестициялық тарифіне теңестіріледі;

1-3) үкіметаралық тарифті алушы болып табылатын субъект үшін осы субъектінің болжамды үкіметаралық тарифіне теңестіріледі;

2) барлық басқа субъектілер үшін бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасына теңестіріледі, теңге/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

k

– өлшемсіз коэффициент, ол мынаған теңестіріледі:

0,7 субъект оң теңгерімсіздік жасағанда (ЖҚАР әсерінен туындамаған);

1,3 субъект теріс теңгерімсіздік жасағанда (ЖҚАР әсерінен туындамаған).

"Авария" режимінде жүйелік оператордың өкімін орындаған, бірыңғай сатып алушымен және (немесе) қаржы-есеп айырысу орталығымен жасалған электр энергиясын ұзақ мерзімді сатып алу-сату шарты және бірыңғай сатып алушымен жауапкершілікті беру шарты бар жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын

энергия өндіруші ұйымдар объектілерінің теңгерімсіздіктерінің бағасына, сондай-ақ энергия беруші ұйымдардың теңгерімсіздіктеріне (теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру шартын жасасқан энергия беруші ұйымдардың теңгерімсіздіктері мен ЭЖҰ теңгерімсіздіктерін қоспағанда) қолданылмайды.

"Авария" режимі жарияланған теңгерімдеу сағатында ЭЭТН ЕАО мен жүйелік оператордың өкімдерін орындаған субъектілер арасындағы теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату сомасы мына формула бойынша жүргізіледі:

$$S_{\text{авар}} = \Delta_{\text{авар}} * B_{\text{авар}},$$

мұнда:

$S_{\text{авар}}$

– "Авария" режимінде жүйелік оператордың өкімдерін орындау кезінде субъектінің тәуліктің осы сағатында теңгерімдеу аймағында туындайтын шығыстары (кірістері), теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$\Delta_{\text{авар}}$

– "Авария" режимінде жүйелік оператордың өкімдерін орындау кезінде, ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теңгерімсіздікті қоспағанда, субъект жасаған нақты теңгерімсіздік, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$B_{\text{авар}}$

– бұл субъект осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес "Авария" режимінде жүйелік оператордың өкімдерін орындау кезінде ЭЭТН ЕАО-дан электр энергиясын сатып алу-сату бойынша операцияларды жүзеге асыратын баға, теңге/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді).

Ескерту. Қағидалар 98-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

98-3. Егер Қазақстан Республикасының Үкіметімен өнімді бөлу туралы шарт (келісім) жасасқан субъектілердің кірістері мен шығыстарын, осы сағаттағы теңгерімдеу аймағындағы ЭЭТН ЕАО-ның операциялық шығындарын, сомаларды дөңгелектеу және теріс (нөлдік) бағаларды қоспағанда, осы Қағидалардың 92 және 96-тармақтарына сәйкес жүргізілген есептеулердің нәтижелері бойынша ЭЭТН ЕАО-да теңгерімдеуші электр энергиясын сатудан және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудан түскен кірістер

мен шығыстар арасындағы оң айырма қалыптасса онда бұл оң айырмашылық сағат бағытына қарамастан бірыңғай сатып алушының теріс теңгерімсіздіктері арасында бөлінеді.

Бірыңғай сатып алушының теріс теңгерімсіздіктерін сатудың түзетілген сомасы мына формула бойынша анықталады:

$$S_{\text{БС.түз.}} = \frac{S_{\text{айыппұл}}}{\Delta_{\text{ай}}^{\text{БС}}} * \Delta_{\text{сағ}}^{\text{БС}} + S_{\text{БС.таб.}}, \text{ мұнда:}$$

$S_{\text{БС.түз.}}$

– бірыңғай сатып алушының ЭЭТН ЕАО-ға, теңгерімдеу аймағында есептік кезең сағатына теріс теңгерімсіздікті сатудан түскен кірісінің түзетілген сомасы, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$S_{\text{айыппұл}}$

– осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес айқындалатын есепті кезеңдегі ЭЭТН ЕАО-ның кірістері мен шығыстарының оң айырмасының сомасы, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$\Delta_{\text{ай}}^{\text{БС}}$

– барлық теңгерімдеу аймақтарындағы есептік кезең үшін бірыңғай сатып алушының (модуль бойынша) теріс теңгерімсіздіктерінің сомасы, кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$\Delta_{\text{сағ}}^{\text{БС}}$

– теңгерімдеу аймағындағы есеп айырысу кезеңіндегі бір сағаттағы бірыңғай сатып алушының теріс теңгерімсіздігі, кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$S_{\text{БС.таб.}}$

– осы Қағидалардың 91 және 97-тармақтарына сәйкес есептелетін бірыңғай сатып алушының теріс теңгерімсіздігін сатудан түсетін кірістер сомасы.

Бірыңғай сатып алушының теріс теңгерімсіздігі үшін бағалар мынадай формулаға сәйкес өзгертілуге тиіс:

$$B_{\text{БС.түз.}} = \frac{S_{\text{БС.түз.}}}{\Delta_{\text{сағ}}^{\text{БС}}}, \text{ мұнда:}$$

Ц_{БС.түз.}

– бірыңғай сатып алушының теріс теңгерімсіздігі үшін түзетілген баға, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді).

Есеп айырысу кезеңінде бірыңғай сатып алушының теріс теңгерімсіздігі болмаған кезде осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ЭЭТН ЕАО кірістері мен шығыстары арасындағы оң айырма келесі есеп айырысу кезеңінде бөлінетін болады.

Ескерту. Қағидалар 98-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.12.2024 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

98-4. Жүйелік оператордың генерацияны арттыруға диспетчерлік командасын орындаған энергия өндіруші ұйымдар өздерінің барлық теріс теңгерімсіздіктерін (ЖҚАР әсерінен туындамаған) сатады, мынадай формулалар бойынша сатады:

$$S_{\text{ДК}(-)} = \Delta_{\text{ДК}(-)} * B_{\text{шекті.тариф}}, \text{мұнда:}$$

$S_{\text{ДК}(-)}$

– жүйелік оператордың генерацияны арттыруға диспетчерлік командасын орындаған энергия өндіруші ұйымның теңгерімдеу аймағында, есептік кезең сағаты үшін кіріс сомасы, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$\Delta_{\text{ДК}(-)}$

– есеп айырысу кезеңінің сағаты ішінде теңгерімдеу аймағында жүйелік оператордың генерацияны арттыруға диспетчерлік командасын орындаған энергия өндіруші ұйымның теріс теңгерімсіздігі, кВт*сағ;

$B_{\text{шекті.тариф}}$

– осы энергия өндіруші ұйымның уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын сатуға арналған шекті тарифі, теңгемен/кВт * сағ;

Осы тармақ бірыңғай сатып алушымен және (немесе) қаржы-есеп айырысу орталығымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты және жүйелік оператордың генерацияны арттыруға диспетчерлік командасын орындау нәтижесінде жасалған бірыңғай сатып алушымен жауапкершілікті беру шарты бар жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың теңгерімсіздіктеріне қолданылмайды.

Ескерту. Қағидалар 98-4-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.12.2024 № 455 (01.01.2025 бастап қоланысқа енгізіледі) бұйрығымен.

99. Тәулік сағатына

$(S_{\text{сағ}}^{\text{ЕО}})$

теңгерімдеу аймағында пайда болған ЭЭТН ЕАО шығындары (кірістері) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$S_{\text{сағ}}^{\text{ЕО}} = S_{\text{сағ}}^{\text{АЭК}} + S_{\text{сағ}}^{\text{ЖҚАР}} + S_{\text{сағ}}^{\text{СНС}} - S_{\text{сағ}}^{\text{опер}} + S_{\text{сағ}}^{\text{АВАР}} + S_{\text{сағ}}^{\text{ДК}} + S_{\text{сағ}}^{\text{ГЭС}}$$

, мұнда:

$S_{\text{сағ}}^{\text{АЭК}}$ —

басқа субъектілермен жауапкершілік беру шартын жасасқан энергия беруші ұйымдар жасаған теңгерімсіздіктерді және ЭЖҰ теңгерімсіздіктерін қоспағанда, тәуліктің осы сағаты үшін теңгерімдеуші электр энергиясын сатудан және энергия беруші ұйымдардан, теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудан ЭЭТН ЕАО-ның шығындары (кірістері), теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$S_{\text{сағ}}^{\text{ЖҚАР}}$ —

тәуліктің осы сағаты үшін ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін субъектілерден теңгерімдеуші электр энергиясын сатудан және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудан ЭЭТН ЕАО шығындары (кірістері), теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$S_{\text{сағ}}^{\text{СНС}}$ —

тәуліктің осы сағаты үшін теңгерімдеу аймағында Қазақстан Республикасының Үкіметімен өнімді бөлу туралы шарт (келісім) жасасқан субъектілерден теңгерімдеуші электр энергиясын сатудан және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудан ЭЭТН ЕАО кірістері, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$S_{\text{сағ}}^{\text{опер}}$ —

тәуліктің осы сағаты үшін теңгерімдеу аймағында теңгерімдеуші нарықта есеп айырысуды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі қызметтен ЭЭТН ЕАО-ның кірістері, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$S_{\text{сағ}}^{\text{АВАР}}$ —

тәуліктің осы сағаты үшін теңгерімдеу аймағында "Авария" режимі кезінде жүйелік оператордың командаларын орындаған субъектілерден теңгерімдеуші электр энергиясын сатудан және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудан ЭЭТН ЕАО кірістері (шығындары), теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$S_{\text{сағ}}^{\text{ДК}} -$$

тәуліктің осы сағаты ішінде теңгерімдеу аймағында жүйелік оператордың генерацияны арттыруға арналған диспетчерлік командаларын орындаған субъектілерден және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудан ЭЭТН ЕАО кірістері (шығындары), теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін

$$S_{\text{сағ}}^{\text{ДК}}$$

өзгерілетін шама мәні нөлге теңестіріледі.

$$S_{\text{ч}}^{\text{ГЭС}}$$

– теңгерімдеу аймағында тәуліктің осы сағаты үшін құрамына гидроэлектростанция (гидроэлектростанциялар) кіретін субъектіден табиғат қорғау мақсатындағы су жіберу графигіне сәйкес табиғат қорғау мақсатында су жіберу кезеңінде электр энергиясын өндіретін және теңгерім провайдерімен жауапкершілік беру шартын жасаспаған теңгерімдеуші электр энергиясын сатудан және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудан ЭЭТН ЕАО шығындары (кірістері).

ЭЭТН ЕАО

$$S_{\text{сағ}}^{\text{АЭК}}, S_{\text{сағ}}^{\text{ЖҚАР}}, S_{\text{сағ}}^{\text{СНС}}, S_{\text{сағ}}^{\text{опер}}, S_{\text{сағ}}^{\text{АВАР}}, S_{\text{сағ}}^{\text{ДК}}, S_{\text{ч}}^{\text{ГЭС}};$$

мәндерін осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес есептейді.

Ескерту. 99-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/к (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

100. Есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) субъектінің теңгерімдеуші электр энергиясы үшін ЭЭТН ЕАО-ға төлеген төлемінің жиынтық көлемі және осы кезеңдегі теңгерімдеу аймағында одан сатып алынған теріс теңгерімсіздіктерді ЭЭТН ЕАО мынадай формула бойынша есептейді:

$$S'_{\text{ай}} = S_{\text{ай}(+)} + S_{\text{тт.ай}} + S_{\text{жқар.ай}(+)} + S_{\text{авар.ай}(+)} + S_{\text{ГЭС.ай}(+)},$$

мұнда:

$$S'_{\text{ай}}$$

– есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) субъектінің теңгерімдеуші электр энергиясы және осы кезеңдегі теңгерімдеу аймағында одан сатып алынған теріс теңгерімсіздіктер

үшін ЭЭТН ЕАО-ға төлеген төлемінің жиынтық көлемі, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$S_{\text{ай}(+)}$

– есепті кезең (күнтізбелік ай) үшін теңгерімдеу аймағында сатып алынған теңгерімдеуші электр энергиясы (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған оң теңгерімсіздіктерге байланысты) үшін субъект ЭЭТН ЕАО-ға төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$S_{\text{тт.ай}}$

– есепті кезең (күнтізбелік ай) үшін теңгерімдеу аймағында сатып алынған теріс теңгерімсіздіктер үшін ЭЭТН ЕАО-ға субъект төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$S_{\text{жқар.ай}(+)}$

– есепті кезеңдегі (күнтізбелік ай) теңгерімдеу аймағында осы ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған оң теңгерімсіздіктер үшін ЖҚАР жүйесінің бақылауымен жұмыс істейтін субъектінің ЭЭТН ЕАО-ға төлейтін сомасы (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), (егер субъект ЖҚАР жүйесінің бақылауында жұмыс істемесе, нөлге тең);

$S_{\text{авар.ай}(+)}$

– есепті кезеңде (күнтізбелік айға) теңгерімдеу аймағында "Авария" режимінде жүйелік оператордың командаларын орындау нәтижесінде жіберілген оң теңгерімсіздіктер үшін субъектінің ЭЭТН ЕАО-ға төлейтін сомасы (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), теңгемен (егер субъект "Авария" режимінде жүйелік оператор командаларын орындау нәтижесінде оң теңгерімсіздікке өндірімеген жағдайда нөлге теңеледі).

$S_{\text{гэс.ай}(+)}$

– есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) теңгерімдеу аймағындағы теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру туралы шарт жасаспаған, табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулер кезеңінде табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулері графигіне сәйкес құрамында электр энергиясын өндіретін гидроэлектростанция бар субъектінің оң теңгерімсіздіктері үшін ЭЭТН ЕАО-ға төлейтін сомасы (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), теңгемен.

Ескерту. 100-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/к (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

101. Есепті кезең ішінде (күнтізбелік ай) теңгерімдеу аймағында субъектіден сатып алған теңгерімдеуші электр энергиясы және теріс теңгерімсіздіктер үшін субъектіге осы кезең үшін төлейтін төлемінің жиынтық көлемін ЭЭТН ЕАО мына формула бойынша есептейді:

$$S''_{\text{ай}} = S_{\text{ай}(-)} + S_{\text{ээт.ай}} + S_{\text{жқар.ай}(-)} + S_{\text{дк.ай}(-)} + S_{\text{авар.ай}(-)} + S_{\text{гэс.ай}(-)}$$

, мұнда:

$$S''_{\text{ай}}$$

– есепті кезең үшін жиынтық (күнтізбелік ай) кезеңдегі теңгерімдеуші электр энергиясы және теңгерімдеу аймағында сатып алынған теріс теңгерімсіздіктер үшін субъектінің атына ЭЭТН ЕАО-ның жиынтық көлемі, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$S_{\text{ай}(-)}$$

– ЭЭТН ЕАО есепті кезең (күнтізбелік ай) ішінде теңгерімдеу аймағында сатылған теріс теңгерімсіздіктер (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған) үшін субъектіге төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$S_{\text{ээт.ай}}$$

– ЭЭТН ЕАО есепті кезең (күнтізбелік ай) ішінде теңгерімдеу аймағында сатылған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін субъектіге төленетін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$S_{\text{жқар.ай}(-)}$$

– есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) теңгерімдеу аймағында ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теріс теңгерімсіздіктер үшін ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін субъектіге төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді) (егер субъект ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істемесе, нөлге теңестіріледі);

$$S_{\text{дк.ай}(-)}$$

– жүйелік оператордың генерацияны арттыруға берілген диспетчерлік командаларын орындау нәтижесінде жасалған теріс теңгерімсіздіктер үшін теңгерімдеу аймағында есептік кезеңде (күнтізбелік ай) ЭЭТН ЕАО субъектіге төлейтін сомасы, теңгемен (егер субъект жүйелік оператордың генерацияны арттыру үшін берілген диспетчерлік командаларын орындау нәтижесінде теріс теңгерімсіздіктер жасамаған болса, нөлге теңестіріледі);

$S_{\text{авар.ай(-)}}$

– есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) теңгерімдеу аймағында "Авария" режимінде жүйелік оператордың командаларын орындау нәтижесінде жасалған теріс теңгерімсіздіктер үшін ЭЭТН ЕАО субъектіге төлейтін сома, теңгемен (егер субъект, Жүйелік оператордың командаларын "Авария" режимінде орындау нәтижесінде теріс теңгерімсіздіктер жасамаса нөлге теңестіріледі);

$S_{\text{ГЭС.ай(-)}}$

– есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) теңгерімдеу аймағындағы теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру туралы шарт жасаспаған, табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулер кезеңінде табиғат қорғау мақсатындағы су жіберулері графигінесәйкес құрамында электр энергиясын өндіретін гидроэлектростанция бар субъектінің теріс теңгерімсіздіктері үшін ЭЭТН ЕАО-ға төлейтін сомасы (жүзден біріне дейін дөңгелектеледі), теңгемен.

2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін

$S_{\text{дк.ай(-)}}$

өзгерілетін шама мәні нөлге теңестіріледі.

Ескерту. 101-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

102. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерінің және сағаттық теңгерімсіздіктерінің есептеулерін (бұдан әрі – есептеулер), олардың негізінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында өзара есеп айырысулар жүзеге асырылады, осы Қағидаларға сәйкес теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы Жүйелік оператордың, теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығының және бірыңғай сатып алушының деректері негізінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарық жүйесінде автоматты режимде жүзеге асырады.

103. Осы Қағидаларға сәйкес ЭЭТН ЕАО жүзеге асыратын есеп айырысулардың нәтижелерін ол осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының әрбір субъектісі бойынша теңгерімдеуші нарық жүйесінде жариялайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген жариялауды теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы ай сайын, бірақ тиісті есептік кезең аяқталғаннан кейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмей жүзеге асырады.

Осы тармақта көрсетілген есеп айырысу нәтижелерін жариялау теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығының ресми интернет-ресурсында да қайталанатыны.

Жарияланған есеп айырысуларда сәйкессіздіктер анықталған кезде субъектілер 2 (екі) жұмыс күні ішінде жүйелік операторға және ЭЭТН ЕАО-ға жазбаша түрде өтініш жібереді.

Жүйелік оператор және (немесе) ЭЭТН ЕАО келіп түскен ескертулерді қабылдаған кезде қайта есеп айырысу жүргізіледі. Жаңартылған есеп айырысулар ЭЭТН ЕАО-ның ресми интернет-ресурсында жариялануға тиіс.

Өтініштер болмаған жағдайда немесе есеп айырысулар қайта жарияланған күннен бастап, ЭЭТН ЕАО Қағидалардың 137-тармағына сәйкес теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есеп айырысулар тізілімін қалыптастырады.

Ескерту. 103-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87 -н/к (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

104. Теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді төлеуді теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сатуға жасалған шарттар және теріс теңгерімсіздіктер, сондай-ақ қосылу шарты шеңберінде теңгерімдеуші нарыққа қатысушылар ай сайын, бірақ заңның 15-10-бабының 9-тармағына сәйкес сатып алу айы аяқталғаннан кейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей жүзеге асырады.

Осы тармақта көрсетілген төлем Заңның 15-10-бабы 2-тармағының үшінші бөлігіне және 13-тармағының 10) тармақшасына сәйкес теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы жүргізетін қосылу шарты шеңберінде теңгерімдеуші нарыққа қатысушылар арасындағы теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу (сату) жөніндегі міндеттемелер және теңгерімдеуші нарықтағы теріс теңгерімсіздіктер бойынша өзара есептеулер және осы қағидалар арқылы жүзеге асырылады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Үкіметімен өнімді бөлу туралы шарттар жасасқан субъектілер есептік кезеңнің қорытындылары бойынша, егер олардың есепті кезеңдегі теріс теңгерімсіздіктерді сатудан түскен жиынтық табысы олардың теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алуға арналған есепті кезеңдегі жиынтық шығындарынан асып кетсе, ЭЭТН ЕАО-дан электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында төлем алмайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметімен өнімді бөлу туралы шарттар жасасқан субъектілер жасалған келісім/шарт негізінде теріс теңгерімсіздіктерді сатудан және теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алудан түскен кірістер мен шығыстар арасындағы оң айырмашылықты ЭЭТН ЕАО пайдасына өтеусіз береді.

Осы тармақтың 4-бөлімінде көрсетілген шарттар орындалмаған кезде ЭЭТН ЕАО Қазақстан Республикасы Үкіметімен өнімді бөлу туралы шарт жасаған субъектілердің кірістері мен шығыстары арасындағы оң айырмашылықтан түскен ақшалай қаражатты уақытша ЭЭТН ЕАО-ның шоттарына орналастырады.

Ескерту. 104-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87 -н/к (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13-параграф. Теңгерімдеу аймақтарын анықтау

105. Теңгерімдеу аймақтарын жүйелік оператор айқындайды.

106. Теңгерімдеу аймақтары базалық және жаңа уақыт аймақтарына бөлінеді.

107. Теңгерімдеудің негізгі аймақтары екі аймақ:

1) Қазақстанның мынадай облыстарын қамтитын "Солтүстік-Оңтүстік" теңгерімдеу аймағы, (энергия тораптары): Ақтөбе, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Абай, Ұлытау, Жетісу, Ақмола, Павлодар, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Алматы, Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстары (энергия тораптары);

2) Қазақстанның мынадай облыстарын қамтитын "Батыс" теңгерімдеу аймағы, (энергия тораптары): Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстары (энергия тораптары).

108. Теңгерімдеудің базалық аймақтарын осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес ҚР БЭЖ жұмысының сенімділігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету қажеттілігін негізге ала отырып, теңгерімдеудің жаңа уақытша аймақтарын айқындай отырып, жүйелік оператор өзгертеді.

109. Теңгерімдеудің жаңа уақытша аймақтарын айқындауды жүйелік оператор теңгерімдеуші нарық жүйесінде осы аймақтардың шекараларын көрсете отырып теңгерімдеудің жаңа уақытша аймақтарын айқындау туралы электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының барлық субъектілерін бір мезгілде хабардар ете отырып жүзеге асырады.

110. Жаңа уақытша теңгерімдеу аймақтары жұмыс істей бастайды, ал базалық теңгерімдеу аймақтары "Авария" режимі жарияланған сағаттарды қоспағанда, жаңа аймақтарды анықтау сағаты аяқталғаннан кейін өз әрекеттерін тоқтатады. "Авария" режимі жарияланған сағаттарда жаңа уақытша теңгерімдеу аймақтары жұмыс істей бастайды, ал негізгі теңгерімдеу аймақтары жаңа аймақтарды анықтау сағатының басынан бастап жұмысын тоқтатады.

111. Жаңа уақытша теңгерімдеу аймақтары өз әрекетін жояды, ал базалық теңгерімдеу аймақтары "Авария" режимі жарияланған сағаттарды қоспағанда, жүйелік оператор теңгерімдеудің жаңа уақытша аймақтарының (бұдан әрі – жаңа аймақтардың күшін жою сағаты) әрекетін жойған тәулік сағаты өткеннен кейін өз әрекетін қалпына келтіреді. "Авария" режимі жарияланған сағаттарда жаңа уақытша теңгерім аймақтары өз әрекеттерін тоқтатады, ал негізгі теңгерім аймақтары жүйелік оператор жаңа уақыт теңгерім аймақтарының әрекетін жойған сағаттың басынан бастап өз әрекеттерін қалпына келтіреді.

112. Теңгерімдеудің жаңа уақытша аймақтарының әрекетінің күшін жоюды жүйелік оператор теңгерімдеуші нарық жүйесінде осы аймақтардың әрекетінің күшін жою туралы электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының барлық субъектілерін бір мезгілде хабардар ете отырып жүзеге асырады.

113. Теңгерімдеудің жаңа уақытша аймақтарының қолданылу уақытын (ұзақтығын) жүйелік оператор ҚР БЭЖ-дегі ағымдағы жағдайды негізге ала отырып айқындайды

және жаңа аймақтарды айқындау сағатынан кейінгі тәулік сағатынан бастап есептеледі және, "Авария" режимі жарияланған сағаттарды қоспағанда жаңа аймақтарды жою сағаты өткеннен кейін аяқталады.

14-параграф. Теңгерімдеуші нарық жүйесі

114. Теңгерімдеуші нарық жүйесінің жұмысын қолдауды жүйелік оператор жүзеге асырады.

Теңгерімдеуші нарық жүйесінде жоспарлы-профилактикалық жұмыстар негізінен демалыс күндері түнгі уақытта жүргізіледі. Бұл ретте жүйелік оператор алдын ала (жоспарлы-профилактикалық жұмыстар басталғанға дейін 8 сағаттан кешіктірмей) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерін осы жұмыстар туралы хабардар етеді.

Теңгерімдеуші нарық жүйесінде жоспарлы-профилактикалық жұмыстарды жүргізу кезінде жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға өтінімдер берілмейді, түзетілмейді, күші жойылмайды және іске қосылмайды, осы уақытта сатып алуға және сатуға жоспарлы өтінімдерді беру және өзектендіру де қолжетімді емес.

115. Теңгерімдеуші нарық жүйесіне электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының барлық субъектілері қол жеткізе алады.

115-1. Теңгерімдеуші нарық субъектісі теңгерімдеуші нарық жүйесінде өзінің қызмет түрін (түрлерін) дербес көрсетеді.

Ескерту. Қағидалар 115-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

116. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері теңгерімдеуші нарық жүйесінде оларды генерация-тұтыну объектілері бойынша бөлуде, сондай-ақ олардың энергия тораптары бойынша бөлінуін ескере отырып көрсетіледі.

Электр энергиясын жинақтау жүйелерімен жарақтандырылған жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектілерді салу жөніндегі жобаларды іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпаздары, теңгерімдеуші нарықта жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілер бойынша және электр энергиясын жинақтау жүйелері бойынша олардың энергия тораптарына бөлінуін ескере отырып көрсетіледі.

Ескерту. 116-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 28.03.2025 № 141-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

117. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің әрбір генерация-тұтыну объектісіне теңгерімдеуші нарық жүйесінде сәйкестендіру коды беріледі. Бұл ретте энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алуға лицензиясы бар электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері үшін

теңгерімдеуші нарық жүйесіндегі сәйкестендіру коды тиісті энергия торабын (энергия тораптарын) ескере отырып беріледі.

118. Теңгерімдеуші нарық жүйесінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері үшін қолжетімді мынадай міндетті ақпарат көрсетіледі:

1) Республиканың оларға кіретін облыстарын аша отырып, ағымдағы теңгерімдеу аймақтары туралы ақпарат;

2) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері туралы ақпарат;

3) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының әрбір субъектісінің және оның теңгерімдеудің нақты аймағында (нақты аймақтарында) генерация-тұтыну объектілерінің ағымдағы орналасуы туралы ақпарат;

4) теңгерімдеуші электр энергиясына ағымдағы шекті тариф;

5) теріс теңгерімсіздіктердің ағымдағы шекті тарифі;

6) осы провайдерлермен жауапкершілікті беруге шарт жасасқан ағымдағы провайдерлер және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының тиісті субъектілері (әрбір теңгерім провайдер бойынша жеке);

7) оң теңгерімсіздіктерге жол берген электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілеріне теңгерімдеуші электр энергиясын сатуға нақты (алдыңғы есептік кезең үшін) сағаттық, орташа өлшенген бағалар (әрбір теңгерімдеу аймағы үшін бөлек);

8) теріс теңгерімсіздіктерге жол берген электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінен теріс теңгерімсіздіктерді сатып алуға нақты (алдыңғы есептік кезең үшін) сағаттық орташа өлшенген бағалар (әрбір теңгерімдеу аймағы үшін бөлек);

9) ағымдағы және алдыңғы есеп айырысу кезеңдерінің өткен сағаттарындағы теңгерімдеуші нарықтағы аукциондық бағалар туралы ақпарат;

10) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің электр энергиясын өндіру-тұтынудың жоспарлы және нақты мәндері;

11) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің теңгерімсіздігі.

Қажет болған жағдайда теңгерімдеуші нарық жүйесінде теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының жұмысы үшін қажетті қосымша ақпарат көрсетіледі.

119. Теңгерімдеуші нарық жүйесінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері беретін жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға өтінімдерді және төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға өтінімдерді олардың осы Қағидаларға сәйкестігі тұрғысынан, сондай-ақ тиісті электр беру желілері бойынша жол берілетін ағындар бойынша сәйкестік тұрғысынан автоматты тексеру жүзеге асырылады.

120. Жүйелік оператор теңгерімдеудің жаңа уақытша аймақтарын анықтаған кезде теңгерімдеуші нарық жүйесінде мынадай негізгі іс-әрекеттер дереу автоматты түрде жүзеге асырылады:

1) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерін жаңа теңгерімдеу уақыт аймақтары арасында қайта бөлу;

2) егер теңгерімдеудің жаңа уақыт аймақтарын айқындау кезінде осы объектілер теңгерімдеудің әртүрлі аймақтарында болса, теңгерімдеуші электр энергиясы нарығы субъектілерінің генерация-тұтыну объектілерін теңгерімдеудің жаңа уақыт аймақтары арасында қайта бөлу;

3) жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға өтінімдерді және жаңа уақытша теңгерімдеу аймақтары арасында басталмаған сағаттарға берілген жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға өтінімдерді қайта бөлу;

4) барлық қалыптастырылған сараланған тізімдерді жоғарылатуға және сараланған тізімдерді теңгерімдеудің жаңа уақыт аймақтарына сәйкес келмеген сағаттарға сәйкес төмендетуге қайта құру.

Жаңа уақытша теңгерімдеу аймақтарының әрекет ету уақыты (ұзақтығы) өткеннен кейін барлық көрсетілген әрекеттер теңгерімдеуші нарық жүйесінде автоматты түрде қайта жүзеге асырылады, бірақ іс-әрекетті қалпына келтірген теңгерімдеудің базалық аймақтарына қатысты.

121. Жүйелік оператор теңгерімдеудің жаңа уақытша аймақтарын айқындаған кезде, теңгерімдеуші нарық жүйесінде, егер осы айқындау кезінде оларда көрсетілген генерация-тұтыну объектілері теңгерімдеудің әртүрлі аймақтарында орналасқан болса, жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға өтінімдерді және басталмаған сағаттарға берілген жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға өтінімдерді бөлу де жүзеге асырылады.

Теңгерімдеудің жаңа уақытша аймақтарының әрекет ету уақыты (ұзақтығы) өткеннен кейін, осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген, әлі басталмаған сағаттарға сәйкес келетін өтінімдер олар бөлінгенге дейінгі бастапқы күйіне автоматты түрде қалпына келтіріледі.

15-параграф. Провайдерлер

122. Субъектілер Заңның 15-10-бабының 2-тармағына сәйкес ЭЭТН ЕАО-мен жасалған теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату шартына бір мезгілде тиісті өзгерістер енгізе отырып, азаматтық заңнамаға сәйкес және бір күнтізбелік айдан кем емес жарамдылық мерзімімен жасалатын жауапкершілікті беру шарты бойынша теңгерімдеудің бір аймағы шеңберінде теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату үшін жауапкершілікті теңгерім провайдеріне береді.

Жауапкершілікті беру шарты жасалған, өзгертілген немесе бұзылған кезде ЭЭТН ЕАО-мен жасалған теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату шартына өзгерістер енгізу субъект ЭЭТН ЕАО-ға жүгінген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап жүргізіледі.

Бұл ретте теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату үшін жауапкершілікті теңгерім провайдеріне тапсырушы субъект

жауапкершілікті беру шартын жасасу, өзгерту немесе бұзу жөніндегі хабарламамен ЭЭТН ЕАО-ға айдың 25-күнінен кешіктірмей өтініш білдіреді.

Атаулы қолдау алушы, инвестициялық тарифті алушы және үкіметаралық тарифті алушы электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы теңгерім провайдері болып табылмайды және теңгерімсіздіктерді қаржылық реттеу үшін жауапкершілікті теңгерім провайдеріне бермейді.

Ескерту. 122-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/к (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

123. Теңгерімдеуші электр энергиясын және теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығымен теңгерімдеуші провайдердің теріс теңгерімсіздіктерін сатып алу-сату көлемдері теңгерімдеу аймағында жиынтығында теңгерім провайдері бойынша және теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектілері бойынша теңгерім провайдеріне өз теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу үшін жауапкершілікті берген бойынша есептеледі.

124. Теңгерім провайдерімен жауапкершілік беру шартын жасасқан субъектілер осы шарттың қолданылу барысында теңгерімсіздіктерге жол берген кезде ЭЭТН ЕАО-мен теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату жөніндегі тиісті операцияларды жүзеге асырмайды.

Теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату жөніндегі операцияларды, оның ішінде осы Қағидаларға сәйкес өзара есеп айырысуларды жүзеге асыруды осы сағат ішінде субъектінің теңгерімдеу аймағында тәулік ішінде жасаған реттеуші теңгерімсіздіктер үшін өзара есеп айырысуларды жүзеге асырудан басқа, субъектінің теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу үшін жауапкершілікті қабылдаған теңгерім провайдері жүзеге асырады.

Ескерту. 124-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.12.2024 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

125. Теңгерімдеу аймағындағы теңгерімсіздік провайдерінің тәулік сағатындағы теңгерімсіздігі теңгерім провайдерімен жауапкершілік беру шартын жасасқан электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының барлық субъектілері берілген сағат үшін теңгерімсіздік аймағында жіберілген теңгерімсіздік мөлшеріне арттырылған теңгерімсіздік сомасы ретінде айқындалады (бұдан әрі – алгебралық қосынды).

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы үшін теңгерімсіздіктердің алгебралық сомасы жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар мен қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар үшін бөлек айқындалады.

Ескерту. 125-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87 -н/к (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

126. Осы сағат ішінде теңгерімдеу аймағында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі жасаған реттеуші теңгерімсіздік алгебралық сомаға енгізілмейді.

Ескерту. 126-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87 -н/қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

127. Теңгерім провайдері жүйелік операторға онымен жауапкершілік беру шартын жасасқан электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері үшін жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға өтінім (төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға өтінім) бермейді.

Теңгерім провайдерімен жауапкершілік беру шартын жасасқан электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері жүйелік операторға жоғарылатып реттеуге қатысуға өтінімдерді (төмендетіп реттеуге қатысуға өтінімдерді) дербес береді.

Ескерту. 127-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

128. Теңгерім провайдері жүйелік операторға онымен жауапкершілік беру шартын жасасқан электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері үшін арналған теңгерімдеуге қатысуға өтінім төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға өтінім бермейді.

129. Теңгерім провайдерлері ЭЭТН ЕАО қалыптастыратын, ЭЭТН ЕАО интернет-ресурсында жарияланатын провайдерлер тізбесіне енгізіледі.

Субъект бір теңгерімдеу аймағы шеңберінде бір теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру шарттарын жасасады. Бұл ретте өз құрамында жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын және бірыңғай сатып алушымен және (немесе) қаржы-есеп айырысу орталығымен электр энергиясын сатып алу-сату ұзақ мерзімді шарты бар энергия өндіруші ұйымдардың объектілері бар субъектілер осы объект бойынша бірыңғай сатып алушымен жауапкершілік беру шартын жасасады.

ЭЭТН ЕАО теңгерім провайдерін мынадай өлшемшарттарға сәйкес келген кезде провайдерлер тізбесіне енгізеді:

1) энергия өндіруші ұйым болып табылатын субъект басқа энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімсіздігін қаржылық реттеу үшін жауапты қабылдамайды;

2) электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен және қаржы-есеп айырысу орталығымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сату ұзақ мерзімді шарты бар жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарды қоспағанда, екі және одан да көп энергия өндіруші ұйым, оның ішінде өнеркәсіптік кешен болып табылатын электр энергиясын өндіру-тұтынудың өзіндік теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу үшін жауапкершілікті бір теңгерім провайдеріне бермейді;

3) энергия беруші ұйым теңгерім провайдері болып табылмайды.;

Теңгерім провайдерлерінің тізбесін өзектілендіруді ЭЭТН ЕАО жауапкершілікті беру шарттарын жасасу (бұзу) фактісі бойынша тиісті жасасқан күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен және қаржы-есеп айырысу орталығымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сату ұзақ мерзімді шарты бар, электр энергиясын өндіру-тұтынудың өз теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу үшін жауапкершілікті теңгерім провайдеріне берген жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар төмендетіп немесе жоғарылатып реттеуге қатысуға өтінімдер бермейді.

1) және 2) тармақшалар электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы шартқа сәйкес белгілі бір кезеңге Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10612 болып тіркелген) бекітілген Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларына сәйкес орташа тәуліктік қуаты кемінде 1 МВт көлемінде қуат нарығының тұтынушысы болып табылатын өнеркәсіптік кешендерге сатып алу мерзімінде қолданылмайды. Бұл ретте өнеркәсіптік кешеннің электр энергиясын сатуға арналған бекітілген шекті тариф осы Қағидалардың 90, 92, 94, 96 және 98-тармақтарында теңгерім провайдері үшін теңгерімсіздіктер бойынша бағаларды есептеу кезінде қолданылмайды.

Ескерту. 129-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

130. Егер теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру шартын жасасқан электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі жүйелік оператор теңгерімнің жаңа уақытша аймақтарын айқындаған кезде басқа теңгерімдеу аймағында болған не оның генерация-тұтыну объектілерінің біреуі немесе бірнешеуі басқа теңгерімдеу аймағында болған жағдайда, онда теңгерімдеудің жаңа уақыт(ұзақтығықы аймақтарының әрекеті осы жауапкершілік шарты өзінің қолданылуын уақытша тоқтатады (қолданылмайды).

Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері теңгерімсіздіктерге жол берген кезде жауапкершілікті беру шартының қолданылуын тоқтата тұру сағаттары ішінде теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату жөніндегі тиісті операцияларды теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығымен жүзеге асырады.

16-Параграф. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың және электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты бар қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясының теңгерімдеуші нарығына қатысу

131. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын, электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен және қаржы-есеп айырысу орталығымен жасалған, жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты бар энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жауапкершілік беру шартын жасасуға міндетті.

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында өз теңгерімсіздігі болмайды және осы нарыққа тек теңгерім провайдері ретінде, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардан, оның ішінде қаржы-есеп айырысу орталығымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сату шарттары бойынша теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату үшін жауапкершілікті өзіне ала отырып қатысады.

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығын жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдарды пайдалануға беру фактісі туралы оны пайдалануға бергеннен кейінгі келесі айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей жазбаша хабардар етеді.

Ескерту. 131-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

132. Жауапкершілікті беру шарты шеңберінде жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар:

1) өзінің барлық оң теңгерімсіздіктерін электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан Заңның 15-10-бабының 16-тармағына сәйкес уәкілетті орган айқындаған тәртіппен есептелетін арттыру коэффициентіне көбейтілген электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен және қаржы-есеп айырысу орталығымен не электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісімен электр энергиясын сатып алудың қолданыстағы шартында көрсетілген электр энергиясын сатуға арналған баға бойынша тиісті көлемде теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу арқылы жабады;

2) өзінің барлық теріс теңгерімсіздіктерін электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен және есеп айырысу-қаржы орталығымен не электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісімен қолданыстағы электр энергиясын сатып алу-сату шартында көрсетілген электр энергиясын сатуға арналған баға бойынша уәкілетті орган Заңның 15-10-бабының 5-тармағына сәйкес айқындаған тәртіппен есептелетін төмендету коэффициентіне көбейтілген баға бойынша сатады.

Осы тармақта көрсетілген арттыру коэффициентінің мәні операциялық тәулік сағаты үшін бірлікке теңестіріледі, онда оң теңгерімсіздік мәні жүйелік оператор

бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізілген электр энергиясын желіге жіберудің жоспарлы мәнінен жол берілетін ауытқу мәнінен аспайды.

Осы тармақта көрсетілген төмендету коэффициентінің мәні операциялық тәулік сағаты үшін бірлікке теңестіріледі, онда теріс теңгерімсіздік мәнінің модулі жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізілген электр энергиясын желіге жіберудің жоспарлы мәнінен жол берілетін ауытқу мәнінен аспайды.

Қаржы-есеп айырысу орталығымен электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шартын жасасқан жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар үшін осы тармақтың екінші және үшінші бөлігінде көрсетілген коэффициенттердің мәні осы шарттардың қолданылу кезеңіне 1-ге теңестіріледі.

2023 жылғы 1 шілдеден кейін электр энергиясының бірыңғай сатып алушысымен ұзақ мерзімді электр энергиясын сатып алу-сату шартын жасаған, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар үшін арттыру және азайту коэффициенттерінің мәндері мынадай тәртіппен айқындалады:

осы тармақтың екінші және үшінші бөлігінде көрсетілген арттыру коэффициентінің мәні операциялық тәуліктің сағаты үшін 1,3-ке теңестіріледі, онда оң теңгерімсіздік мәніне жол берілетін ауытқу диапазонынан асады;

осы тармақтың екінші және үшінші бөлігінде көрсетілген төмендету коэффициентінің мәні операциялық тәуліктің сағаты үшін 0,7-ге теңестіріледі, онда теріс теңгерімсіздік модулінің мәніне жол берілетін ауытқу диапазонының мәнінен асады.

2023 жылғы 1 шілдеден кейін электр энергиясының бірыңғай сатып алушысымен ұзақ мерзімді электр энергиясын сатып алу-сату шартын жасаған, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар үшін рұқсат етілген ауытқу мәндері жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтыну тәуліктік кестесіне енгізілген электр энергиясын желіге жоспарлы жіберу мәнінен $\pm 5\%$ диапазонына тең болады.

Ескерту. 132-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87 -н/к (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

132-1. Электр энергиясын жинақтау жүйесі ЖКАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазы жауапкершілікті беру туралы шарт шеңберінде 1-ге тең болатын арттыру не төмендету коэффициентіне көбейтілген жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазы мен бірыңғай сатып алушы арасындағы қолданыстағы электр энергиясын сатып алу-сату шартына көрсетілген электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан,

теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу немесе теріс теңгерімсіздіктерді бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын сату бағасымен сату арқылы жүйелік оператор бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтыну тәуліктік кестесіне енгізілген электр энергиясын желіге жіберу жоспарлы сағаттық жіберу мәнінің $\pm 30\%$ диапазон шегінде өтейді.

Егер оң теңгерімсіздік модулінің рұқсат етілген ауытқуы электр энергиясын жинақтау жүйесі ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісінің жүйелік оператормен бекітілген тәуліктік электр энергиясын өндіру-тұтыну кестесіне енгізілген жоспарланған электр энергиясын желіге жіберу мәнінің жоспарланған мәнінен асып кетсе, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазы қолданыстағы электр энергиясын сату-сатып алу шартында көрсетілген жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазымен бірыңғай сатып алушы арасындағы шартта көрсетілген 1,3 коэффициентіне көбейтілген баға бойынша оң теңгерімсіздік артықшылығын реттейді.

Егер теріс теңгерімсіздік модулінің рұқсат етілген ауытқуы электр энергиясын жинақтау жүйесі ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісінің жүйелік оператормен бекітілген тәуліктік электр энергиясын өндіру-тұтыну кестесіне енгізілген жоспарланған электр энергиясын желіге жіберу мәнінің жоспарланған мәнінен асып кетсе, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазы қолданыстағы электр энергиясын сату-сатып алу шартында көрсетілген жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жаңа объектіні салу жөніндегі жобаны іріктеу бойынша аукциондық сауда-саттық жеңімпазымен бірыңғай сатып алушы арасындағы шартта көрсетілген 0,7 коэффициентіне көбейтілген баға бойынша оң теңгерімсіздік артықшылығын реттейді.

Бұл ретте жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі бір объектіге қатысты осы Қағидалардың 132 және 132-1-тармақтарында көрсетілген рұқсат етілген ауытқу диапазондарын бір мезгілде қолдануға жол берілмейді.

Ескерту. Қағидалар 132-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 28.03.2025 № 141-н/қ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

133. Бірыңғай сатып алушы 2023 жылғы 1 шілдеге дейін қаржы-есеп айырысу орталығымен электр энергиясын сатып алу-сату ұзақ мерзімді шартын жасасқан жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдармен жауапкершілікті беру туралы шарттар шеңберінде теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату операцияларын және жауапкершілікті беру туралы шарттар бойынша теріс теңгерімсіздіктерді жүзеге асырмайды.

17-параграф. Теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығымен өзара есеп айырысуды жүзеге асыру тәртібі

134. ЭЭТН ЕАО ай сайын ЭЭТН ЕАО-ның ресми интернет-ресурсында мынадай құжаттарды жариялайды:

1) теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерін және сағаттық теңгерімсіздіктерді есептеу;

2) теңгерімдеуші нарықтың субъектілері арасындағы өзара есеп айырысу тізілімі.

Ескерту. 134-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87 -н/қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

135. Теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерін және сағаттық теңгерімсіздіктерді есептеу жүйелік оператор, теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы және электр энергиясын бірыңғай сатып алушы ұсынған деректер негізінде қалыптастырылады.

136. Теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерін және сағаттық теңгерімсіздіктерді есептеу негізінде:

1) ЭЭТН ЕАО теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сатудың жалпы көлемін және олардың әрбір субъект бойынша бір айдағы құнын айқындайды;

2) ЭЭТН ЕАО теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектісіне жеткізу айынан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күніне дейін бір жолмен қорларды бір жаққа босатуға арналған жүкқұжатты және электрондық шот-фактураны береді. Қорларды бір жаққа босатуға арналған жүкқұжатқа теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерінің есептері және сағаттық теңгерімсіздіктер жарияланғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде ЭЭТН ЕАО ресми интернет-ресурсында электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) арқылы қол қойылады. Теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерінің және сағаттық теңгерімсіздіктердің есептеулерін түзету кезінде қорларды бір жаққа босатуға түзетілген жүкқұжат және электрондық шот-фактура 2 (екі) жұмыс күні ішінде жіберіледі;

3) теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерінің және сағаттық теңгерімсіздіктердің алдын ала есептеулерін алған кезде ЭЭТН ЕАО субъектіге қорларды бір жаққа босатуға арналған алдын ала жүкқұжатты және алдын ала электрондық шот-фактураны қояды;

4) субъект жеткізу айынан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күніне дейін ЭЭТН ЕАО бір жолмен қорларды бір жаққа босатуға арналған жүкқұжат және электрондық шот-фактураны қояды. Қорларды бір жаққа босатуға арналған жүкқұжатқа теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдері мен сағаттық теңгерімсіздіктер есептеулері жарияланғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде ЭЭТН ЕАО ресми интернет-ресурсында ЭЦҚ арқылы қол қойылады. Теңгерімдеуші электр

энергиясының сағаттық көлемдерінің және сағаттық теңгерімсіздіктердің есептеулерін түзету кезінде қорларды бір жаққа босатуға түзетілген жүкқұжат және электрондық шот-фактура 2 (екі) жұмыс күні ішінде жіберіледі;

5) теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерінің және сағаттық теңгерімсіздіктердің алдын ала есептеулерін алған кезде субъект ЭЭТН ЕАО қорларды бір жаққа босатуға арналған алдын ала жүкқұжатты және алдын ала электрондық шот-фактураны қояды;

6) ЭЭТН ЕАО теңгерімдеуші электр энергиясының және сағаттық теңгерімсіздіктердің сағаттық көлемдерін есептеу негізінде өткен есеп айырысу айындағы берешегінің сальдосын анықтайды;

7) ЭЭТН ЕАО анықталған сальдо берешегінің негізінде субъектілер, ЭЭТН ЕАО арасында ақша міндеттемелері бойынша кейіннен өзара есеп айырысуларды жүргізу үшін жұптарды қалыптастырады. ЭЭТН ЕАО субъектілер арасындағы өзара есеп айырысу тізілімін қалыптастырады.

Ескерту. 136-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.12.2024 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

137. Теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есеп айырысу тізілімі ЭЭТН ЕАО-ның ресми интернет-ресурсында есеп айырысулардың соңғы жарияланған теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерін және сағаттық теңгерімсіздіктерді есептеуде көрсетілген ақпарат негізінде екі жұмыс күні ішінде қалыптастырылады.

Ескерту. 137-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87 -н/қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

138. Теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есептеулер тізілімі оның негізінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері Қазақстан Республикасының электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы теңгерімдеуші электр энергиясы нарығы субъектілерінде туындаған міндеттемелер бойынша өзара есептеулерді жүзеге асыратын құжат, сондай-ақ электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінде талап ету құқығын және ақшалай міндеттемелердің болуын растайтын құжат болып табылады.

139. Теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есепке алу тізілімін теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы бекітеді, шағымдануға жатпайды және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі қандай да бір ескертулер мен қарсылықтарсыз қабылдайды.

140. Жүйелік оператор ол бойынша өзара есеп айырысу тізілімі қалыптасқан есеп айырысу кезеңінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің электр энергиясын өндіру-тұтынудың жоспарлы және нақты шамаларын түзеткен жағдайда, теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы осы есеп айырысу кезеңіндегі

бағаларды қайта есептемейді, ал жүйелік оператор жүктеменің өңірлік бейінін қайта есептемейді.

Электр энергиясын өндіру-тұтынудың жоспарлы және нақты мәндері түзетілген электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің атына электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығы төлейтін соманы және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығының атына осы субъектілер төлейтін соманы электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығы электр энергиясын өндіру-тұтынудың жоспарлы және нақты мәндері түзетілген субъектілердің оң және теріс теңгерімсіздіктерінің көлемін түзетуді ескере отырып түзету жүргізілетін есепті кезеңнің қолданыстағы бағалары бойынша есептейді.

Теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сатудың қайта есептелген көлемдерінің және теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есепке алу тізіліміндегі теріс теңгерімсіздіктердің нәтижесінде пайда болған ақшалай міндеттемелердің айырмасы өзара есепке алу тізілімі қалыптастырылмаған келесі есептік айда ескеріледі.

Ескерту. 140-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

141. Ақшалай міндеттемелерді есептеуді және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығына қатысушылар арасында қаржылық міндеттемелерді атаулы бөлуді қамтамасыз етуді теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

142. Ақшалай міндеттемелерді есептеу және теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының қатысушылары арасында қаржылық міндеттемелерді атаулы бөлуді қамтамасыз ету теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату және теріс теңгерімсіздіктер туралы деректер негізінде есептеледі және теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есеп айырысу тізілімінде көрсетіледі.

143. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату жөніндегі міндеттемелер бойынша өзара есептеулерді жүзеге асыру үшін теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектілері теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығымен қосылу шартын жасасуға міндетті.

144. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының қатысушылары арасында қаржылық міндеттемелерді атаулы бөлу нәтижесінде туындаған міндеттемелер бойынша өзара есеп айырысулар теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есеп айырысулар тізілімі негізінде тікелей теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының қатысушылары арасында жүзеге асырылады.

145. Теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есеп айырысу тізілімін теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы қалыптастырады және мынадай ақпаратты қамтиды:

1) ақшалай міндеттемелерді талап етуге құқығы бар электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің атауы;

2) ақшалай міндеттемелері бар электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің атауы;

3) ақшалай міндеттемелер сомасы;

4) есептік кезең.

146. ЭЭТН ЕАО бағдарламалық қамтылымды пайдалана отырып, автоматты режимде өзара есеп айырысуларды жүзеге асыру үшін теңгерімдеуші электр энергиясы нарығына қатысушылар арасында жиынтығында келесі тәртіптің сақталуын ескере отырып, жұптарды қалыптастырады:

1) қалыптасқан жұптардың санын азайтуды қамтамасыз ету;

2) бір өңірде (облыста) орналасқан субъектілер арасында жұпты қалыптастырудың басымдылығын қамтамасыз ету;

3) келесі 3 (үш) айда бірдей жұптардың қалыптасуына жол бермеуді қамтамасыз ету ;

4) алдыңғы өзара есеп айырысу тізілімдері бойынша өзара берешекті өтемеген субъектілер арасында жұптардың басым қалыптасуын қамтамасыз ету. Егер дебитор бұрынғы өзара есепке алу тізілімі бойынша кредитор алдындағы берешекті өтемесе және жаңа тізілімнің қорытындылары бойынша кредитор болса, онда оған жұпқа бұрынғы өзара есепке алу тізілімі бойынша берешекті төлемеген кредитор басымдықпен қойылады.

Осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген басымдық осы тармақтың 1, 2 және 3) тармақшалары қолданылғанға дейін ескеріледі.

Егер жоғарыда көрсетілген жиынтық шарттарды ескере отырып, субъектілер арасындағы өзара есепке алу тізілімін қалыптастыру кезінде бірнеше субъектілерде жабылмаған ақшалай міндеттемелері қалса, онда субъектілер арасындағы өзара есепке алу тізілімі осы тармақтың 3) тармақшасының ережесін қолданбай қалыптастырылады.

Осы тармақтың екінші бөлігі орындалмаса және бірнеше субъектіде жабылмаған ақшалай міндеттемелері болған кезде субъектілер арасындағы өзара есепке алу тізілімі осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларының ережесін қолданбай қалыптастырылады.

Осы тармақтың үшінші бөлігі орындалмаса және бірнеше субъектілерде жабылмаған ақшалай міндеттемелері болған кезде субъектілер арасындағы өзара есепке алу тізілімі осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларының ережесін қолданбай қалыптастырылады.

Осы тармақтың төртінші бөлігі орындалмаса және бірнеше субъектіде жабылмаған ақшалай міндеттемелері болған кезде субъектілер арасындағы өзара есепке алу тізілімі

осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларының ережесін қолданбай қалыптастырылады.

Ескерту. 146-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің м.а. 11.12.2024 № 455 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

147. Ақшалай міндеттемелер бойынша өзара есеп айырысуды электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі ай сайын, бірақ теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу айы аяқталғаннан кейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы теріс теңгерімсіздіктер жүзеге асырады.

148. Қосылу шарты бойынша және теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерінің және сағаттық теріс теңгерімсіздіктердің есептеулеріне сәйкес теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есептеулер тізілімінде көрсетілген электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату шарты бойынша ақшалай міндеттемелер бойынша және теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату шарты бойынша жасалған теріс теңгерімсіздіктер бойынша теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі болып табылады.

149. Қосылу шартының талаптарына сәйкес теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектісіне ақшалай міндеттемелер, міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету бойынша талап ету құқықтары, сондай – ақ талап етуге байланысты басқа да құқықтар, оның ішінде алынбаған сыйақыға (мүддеге) құқық (бұдан әрі-талап ету құқығы) беріледі.

150. Ақша міндеттемелері бойынша теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығының құқығы теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есеп айырысу тізілімінде көрсетілген электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісіне теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есеп айырысу тізілімі жарияланған кезден бастап теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату шарты бойынша құқық ауысқан кезге дейін болған көлемде және талаптарда және теріс теңгерімсіздіктерде ауысады.

151. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есеп айырысу тізілімінде көрсетілген теңгерімдеуші нарық субъектісіне қосылу шартының талаптарына сәйкес кем түсетін барлық құқықтардың жарамдылығы мен болуына кепілдік береді.

152. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы:

1) теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есепке алу тізілімінде көрсетілген электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісіне теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату шарты бойынша құқықтар мен міндеттерді және теріс теңгерімсіздіктерді толық көлемде береді;

2) теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есепке алу тізілімі жарияланған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде теңгерімдеуші электр энергиясы нарығы субъектісін теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату шарты бойынша талап ету құқығын басқаға беру туралы және теріс теңгерімсіздіктер туралы хабардар етеді.

153. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есеп айырысу тізіліміне сәйкес оның талап ету құқықтарын және Қазақстан Республикасының теңгерімдеуші электр энергиясы нарығында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері арасында туындаған ақшалай міндеттемелерді бөлуді жүргізуге келісім береді және уәкілеттік береді.

154. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есеп айырысу тізілімінде теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы айқындаған теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы алдындағы ақшалай міндеттемелерін төлейді.

155. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының сағаттық көлемдерін және теріс теңгерімсіздіктерді есептеу негізінде теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына тиесілі ақшалай міндеттемелер бойынша құқықтар (талаптар) қосылу шартына сәйкес теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есеп айырысу тізілімінде көрсетілген электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісіне(субъектілеріне) беріледі.

156. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісіне тиесілі ақшалай міндеттемелер бойынша құқықтар (талаптар) электр энергиясының теңгерімдеуші сағаттық көлемдерін және электр энергиясы теңгерімдеуші нарығындағы теріс теңгерімсіздіктерді есептеу негізінде қосылу шартына сәйкес теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есептеулер тізілімінде көрсетілген электр энергиясы теңгерімдеуші нарық субъектісіне (леріне) беріледі.

157. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есеп айырысу тізіліміне сәйкес теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығының теңгерімдеуші нарық субъектісі алдындағы ақшалай міндеттемелерін теңгерімдеуші нарық субъектілері арасында бөлуге келісімін береді.

158. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есеп айырысу тізілімінде көрсетілген электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есеп айырысу тізілімінде көрсетілген оның ақшалай міндеттемелерін орындамағаны үшін теңгерімдеуші нарық субъектілері алдында жауап бермейді.

159. ЭЭТН ЕАО теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату бойынша қызмет үшін ай сайынғы жоспарлы кірісті

(S_{plan}^{EAO})

, бекітеді, теңгемен.

Ескерту. Қағидалар 159-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

160. ЭЭТН ЕАО сағаттық теңгерімдеуші электр энергиясының және сағаттық теңгерімсіздіктердің алдын ала есеп айырысуларын алғаннан кейін ай сайын теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату қызметі бойынша кірісті

$(S_{initial}^{EAO})$

, теңгемен, мына формула бойынша айқындайды:

$$S_{initial}^{EAO} = S'_{ай} - S''_{ай}$$

, мұнда:

$S'_{ай}$

– 100-тармаққа сәйкес айқындалатын есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) субъектінің теңгерімдеуші электр энергиясы және осы кезеңдегі теңгерімдеу аймағында одан сатып алынған теріс теңгерімсіздіктер үшін ЭЭТН ЕАО-ға төлеген төлемінің жиынтық көлемі

»

$S''_{ай}$

– 101-тармаққа сәйкес айқындалатын есепті кезең үшін жиынтық (күнтізбелік ай) кезеңдегі теңгерімдеуші электр энергиясы және теңгерімдеу аймағында сатып алынған теріс теңгерімсіздіктер үшін субъектінің атына ЭЭТН ЕАО-ның жиынтық көлемі.

Егер ағымдағы есепті кезеңде

$S_{initial}^{EAO}$

мәні

S_{plan}^{EAO}

мәніне тең болмаған жағдайда ЭЭТН ЕАО

$S_{initial}^{EAO}$

мәні

S_{plan}^{EAO}

тең болатын деңгейге дейін

$S_{ай}^{опер}$

мәнін түзетеді.

Ескерту. Қағидалар 160-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 23.02.2026 № 87-н/қ (01.04.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Электр энергиясының
теңгерімдеуші нарығының
жұмыс істеу қағидаларына
1-қосымша

**Теңгерімдеуші электр энергиясы мен теріс теңгерімсіздіктің
сатып алу - сату үлгілік шарты**

" ____ " _____ 20__ ж.

(шарт жасасу орны)

→
(ұйымның атауы, БСН)
атынан

→
(лауазымы, Т.А.Ж.)
негізінде әрекет
ететін _____,
(құжат атауы)
бұдан әрі "Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы" деп аталатын, бір
тараптан және

→
(ұйымның атауы, БСН)
атынан

→
(лауазымы, Т.А.Ж.)
негізінде әрекет ететін

→
(құжат атауы)
бұдан әрі "Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі" деп
аталатын, екінші тараптан, бұдан әрі бірге "Тараптар" деп аталатын, ал жеке "Тарап"
осы Теңгерімдеуші электр энергиясы мен теріс теңгерімсіздік сатып алу - сату үлгілік
шартын (бұдан әрі - Шарт) төмендегілер туралы жасасты.

1-тарау. Негізгі ережелер

Осы Шартта мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

- 1) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы - Жүйелік оператордың Қазақстан Республикасының Біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясының теңгерімсіздігін физикалық реттеу нәтижесінде туындайтын және теңгеруші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу - сатумен байланысты электр энергиясының теңгеруші нарығы субъектілері мен теңгеруші нарықтың есеп айырысу орталығы арасындағы өзара қатынастар жүйесі;
- 2) теңгеруші нарығының есеп айырысу орталығы - "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 70-45) тармақшасына сәйкес теңгерімдеуші электр энергиясын және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы теріс теңгерімсіздіктерді орталықтандырылған сатып алу - сатуды жүзеге асыратын уәкілетті орган айқындаған, ұйым;
- 3) уәкілетті орган - электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;
- 4) электр энергиясының теңгеруші нарығының субъектілері - орталықтандырылған сауда нарығының операторын қоспағанда, электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері;
- 5) электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері – энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар және жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген цифрлық майнерлер, сондай-ақ жүйелік оператор, орталықтандырылған сауда нарығының операторы және электр энергиясын бірыңғай сатып алушы;
- 6) жүйелік оператор - орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатар жұмысты қамтамасыз етуді, энергия жүйесіндегі тепе-теңдікті сақтауды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен қосалқы қызметтер сатып алуды, сондай-ақ ұлттық электр желісі бойынша электр энергиясын беруді, оған техникалық қызмет көрсетуді және пайдалану әзірлігінде ұстауды жүзеге асыратын ұлттық компания;
- 7) теңгерімдеуші электр энергиясы - жүйелік оператордың электр энергиясын өндіру - тұтынудың бекітілген сағат сайынғы тәуліктік кестесін іске асырған кезде оң теңгерімсіздіктерді жабуға арналған электр энергиясы;

8) теңгерімсіздік – генерация - тұтынудың жоспарлы және нақты сальдосының кВт*сағ айырмасы;

9) оң теңгерімсіздік – мәні нөлден үлкен (теріс емес), кВт*сағ болатын теңгерімсіздік;

10) теріс теңгерімсіздік-мәні нөлден кіші (теріс), кВт*сағ болатын теңгерімсіздік;

11) теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тариф - Заңның 5-бабының 70-5) тармақшасына сәйкес тәртіппен айқындалатын теңгерімдеуші электр энергиясын теңгерімдеуші электр энергиясын теңгеруші нарық субъектілері үшін теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына сатудың ең жоғары рұқсат етілген бағасы;

12) теріс теңгерімсіздіктердің шекті тарифі - Заңның 1-бабының 23-4) тармақшасына сәйкес тәртіппен айқындалатын теңгерімдеуші электр энергиясын теңгерімдеуші электр энергиясын теңгерімдеуші нарық субъектілері үшін теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу бағасы;

13) теңгеруші электр энергиясының сағаттық көлемдерін және сағаттық теңгерімсіздіктерді есептеу - теңгерімдеуші электр энергиясының және теріс теңгерімсіздіктердің көлемін және олардың құнын есепті айдың әрбір сағатына көрсететін, өзара есеп айырысулар үшін негіз болып табылатын құжат;

14) теңгерім провайдері - электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында өз теңгерімсіздіктерін және олармен жасалған шарттарға сәйкес теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының басқа субъектілерінің теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу үшін жауапкершілікті өзіне алған, теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы қалыптастыратын теңгерім провайдерлерінің тізбесіне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі;

15) қосылу шарты - теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу (сату) жөніндегі міндеттемелер бойынша өзара есептеулерді және теңгеруші электр энергиясы нарығының субъектілері мен теңгеруші нарықтың есеп айырысу орталығы арасындағы теңгерімдеуші нарықтағы теріс теңгерімсіздіктерді қамтамасыз ету үшін теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы мен электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі арасында жасалатын шарт.

2-тарау. Шарттың мәні

1. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы сатады (сатып алады), ал электр энергиясының теңгеруші нарығының субъектісі шарттың талаптарына, Қазақстан Республикасының Электр энергетикасы саласындағы заңнамасының талаптарына және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылдың 20 ақпандағы № 112 бұйрығымен бекітілген Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді ал сатып алады (сатады).

2. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі электр энергиясын сатады (сатып алады), ал теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы Шарттың талаптарына, Қазақстан Республикасының Электр энергетикасы саласындағы заңнамасының және қағидаларының талаптарына сәйкес теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алады (сатады).

3. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі теңгерімдеуші электр энергиясы мен теріс теңгерімсіздіктер үшін Шартта, Қазақстан Республикасының Электр энергетикасы саласындағы заңнамасының талаптарында және Қағидаларда белгіленген мөлшерде және тәртіппен төлеуге міндеттенеді.

3-тарау. Теңгерімдеуші нарықта электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу /сату шарттары

4. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату Қазақстан Республикасының заңнамасына, шарттың қағидалары мен талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Жүйелік оператор электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерін генерациялау мен тұтынудың жоспарлы және нақты мәндері туралы, оның ішінде осы субъектілерді генерация-тұтыну объектілері бойынша әр сағат бойынша бөлуде ақпаратты айқындайды.

6. Теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерінің және сағаттық теңгерімсіздіктердің есептеулеріне сәйкес жүзеге асырылады.

7. Теңгерімдеуші электр энергиясын және теңгерімдеуші электр энергиясы нарығындағы теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату үшін өзара есеп айырысу теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы мен теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектісі арасында жасалатын теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының барлық субъектілерімен қосудың жеке шарты негізінде жүзеге асырылады.

4-тарау. Электр энергиясын есепке алу

8. Теңгерімдеуші электр энергиясын және теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы мен электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісінің теріс теңгерімсіздіктерін сатып алу-сатудың нақты көлемі есеп айырысу кезеңінде теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерін және сағаттық теңгерімсіздіктерді есептеу негізінде есеп айырысу кезеңінің бірінші күнтізбелік күннен сағат 00-00-ден соңғы күнтізбелік күннің сағат 24-00-ге дейін (орта еуропалық уақыт) анықталады.

5-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

9. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарық субъектісі құқылы:

1) теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сатуға және теңгерімдеуші электр энергиясы нарығындағы теріс теңгерімсіздіктерге қатысты ақпарат алуға;

2) теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерін және сағаттық теңгерімсіздіктерді есептеуде ақпараттың қателіктері/дәлсіздіктері туралы теңгерімдеуші нарықтың жүйелік операторына және есеп айырысу орталығына хабарлауға;

10. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарық субъектісі міндетті:

1) теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан теңгерімдеуші электр энергиясын және теңгеруші электр энергиясы нарығындағы теріс теңгерімсіздіктерді сатып алуға құқылы;

2) теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына теңгерімдеуші электр энергиясын және теңгерімдеуші электр энергиясы нарығындағы теріс теңгерімсіздіктерді сатуға;

3) теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату бойынша өзара есеп айырысуларды және теңгерімдеуші электр энергиясы нарығындағы теріс теңгерімсіздіктерді жүзеге асыру үшін теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығымен электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының барлық субъектілерімен қосылу шартын жасасуға;

4) теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы мен электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі арасында жасалатын электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының барлық субъектілерімен қосылу шартында көзделген негізде және тәртіппен сатып алынған-сатылған теңгерімдеуші электр энергиясы мен теріс теңгерімсіздіктер үшін ақы төлеуге міндетті;

5) орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілерін, жүкқұжаттарды, шот-фактураларды теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына жазып беруге/қоюға;

6) орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілерін, жүкқұжаттарды, шот-фактураларды алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

7) теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына теңгерім провайдерімен жауапкершілік беру туралы шарт жасасу/бұзу туралы жазбаша хабарлауға және оның көшірмесін беруге;

8) теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы айқындаған электрондық құжат айналымы жүйесін пайдалануға;

9) Заңда, Қағидаларда және/немесе Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді жүзеге асыруға.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы құқылы:

1) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінен электр энергиясын теңгерімдеуші электр энергиясын және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы теріс теңгерімсіздіктерді сатып алуға құқылы;

2) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісіне электр энергиясын теңгерімдеуші электр энергиясын және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы теріс теңгерімсіздіктерді сатуға;

3) теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы мен электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісі арасында жасалатын электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының барлық субъектілерімен қосылу шартында көзделген негізде және тәртіппен Қазақстан Республикасының теңгерімдеуші электр энергиясы нарығында туындаған теңгерімдеуші нарық субъектісінің ақшалай міндеттемелерін есептеуге, айқындауға және бөлуге;

4) электрондық құжат айналымы жүйесін анықтау;

5) Заңда, Қағидаларда және/немесе Шартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

12. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы міндетті:

1) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісіне орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілерін, жүкқұжаттарды, шот-фактураларды жазып беруге/қоюға;

2) орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілерін, жүкқұжаттарды, шот-фактураларды алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде қол қоюға;

3) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісіне теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сатуға және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы теріс теңгерімсіздіктерге қатысты ақпарат беруге;

4) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісімен теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алу-сату бойынша өзара есеп айырысуларды және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығындағы теріс теңгерімсіздіктерді жүзеге асыру үшін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының барлық субъектілерімен қосылу шартын жасасуға;

5) жүйелік оператор ұсынған ақпарат негізінде теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық көлемдерінің және сағаттық теңгерімсіздіктердің есептеулерін қалыптастыруға, бекітуге және жариялауға міндетті.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-тарау. Тараптар жауапкершілігі

13. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, кінәлі тарап Шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

14. Төлем бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі өткен жағдайда, теңгерімдеуші нарық субъектісі теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы өзара есеп айырысу тізілімінің негізінде міндеттеме орындалуы тиіс күннен кейінгі күннен бастап, теңгерімдеуші нарық субъектілері арасындағы теңгерімдеуші нарық субъектілері төленбеген соманың 0,1% мөлшерінде өсімпұл түріндегі тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқылы, бірақ берешектің жалпы сомасының 10% - нан аспайды.

15. Тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан, сондай-ақ кінәлі тараптың зардап шеккен тарапқа соңғы келтірілген залалды толық көлемде өтеуінен босатпайды.

7-тарау. Еңсерілмейтін күш жағдайларының әсері

16. Тараптар Шартқа қол қоюдан кейін Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер олар еңсерілмейтін күштің, яғни осы жағдайлар кезінде: табиғи сипаттағы дүлей зілзалалар, Қазақстан Республикасының аумағындағы әскери іс-қимылдар, мемлекеттік органдардың тыйым салу немесе шектеу іс-қимылдары сияқты төтенше және алдын алуға болмайтын мән-жайлардың салдарынан тиісінше орындау мүмкін еместігін дәлелдесе, жауапкершіліктен босатылады.

17. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсеріне ұшыраған Тарап еңсерілмейтін күш мән-жайлары басталған күннен бастап бес күннен кешіктірмей екінші Тарапқа көрсетілген мән-жайлардың туындағаны, түрі және ықтимал әрекет ету ұзақтығы туралы жазбаша хабарлама жіберуге, сондай-ақ олардың басталғанын растау үшін Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органының құжатын табыс етуге міндетті.

18. Егер жоғарыда аталған хабарлама мерзімінде жасалмаса, еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсеріне ұшыраған Тарап, осы мән-жайдың өзі немесе кедергі хабарламаны жіберуге мүмкіндік бермесе, оларға өзінің ақталуына сілтеме жасау құқығынан айырылады.

8-тарау. Дауларды шешу

19. Шартқа қатысты Тараптар арасында даулар туындаған жағдайда, Тараптар дауды келіссөздер арқылы реттеуге күш салады.

20. Егер Тараптардың бірі екінші Тарапқа шарт бойынша міндеттемелерді орындау бойынша негізделген талаптары болса, онда мұндай Тарап даулы жағдай туындаған

күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде шағымдардың мәнін жазбаша түрде баяндайды, оған екінші Тарап талап алған күннен бастап бес жұмыс күніне дейінгі мерзімде дәлелді жауап беруге немесе шағымды жіберген Тараппен ескертулерді жою мерзімін келісуге міндетті.

21. Шарт бойынша немесе оған байланысты туындайтын, оның ішінде оның орындалуына, бұзылуына, тоқтатылуына немесе жарамсыздығына қатысты келіссөздер жолымен шешілмеген даулар мен келіспеушіліктер Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында шешілуге жатады.

9-тарау. Шартты тоқтату және бұзу

22. Теңгерімдеуші нарық субъектісі жүйелік оператор қалыптастыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесінен шығарылған кезде Шарттың қолданылуы тоқтатылады. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы теңгерімдеуші нарық субъектісін хабардар етуге міндетті.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22-1. Теңгерімдеуші нарық субъектісі Қағидалардың 129-тармағының талаптарын бұзған кезде теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерім провайдеріне жауапкершілікті беру туралы осы Шартқа қосымша келісімді біржақты тәртіппен бұзады. Бұл жағдайда теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы теңгерімдеуші нарық субъектісін хабардар етуге міндетті.

Ескерту. 1-қосымша 22-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Шартты Тараптардың кез келгені бұзуы мүмкін:

1) Шартқа негізделген міндеттемені орындау мүмкін еместігі (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 374-бабы);

2) басқа Тарапты белгіленген тәртіппен банкрот деп тану;

3) негізінде Шарт жасалған мемлекеттік органның актісін өзгерту немесе оның күшін жою.

Бұл жағдайда Тараптар бұл туралы бір-бірін күнтізбелік 15 күннен кешіктірмей ескертуге тиіс.

24. Шарттың қолданылуын тоқтату Тараптарды Шарттың қолданылуын тоқтатудың көрсетілген күніне дейін туындаған міндеттемелерді орындаудан босатпайды және оны орындамағаны (тиісінше орындамағаны) үшін жауапкершіліктен босатпайды.

10-тарау. Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу және хабарламалары жіберу тәртібі

25. Электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектісі теңгерім провайдеріне жауапкершілікті беру шартын жасасқан жағдайды қоспағанда, Қағидаларға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізген жағдайда Шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі.

26. Шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

27. Шарт бойынша барлық ақпарат Тараптар хабарламалармен алмасу және шартта көзделген мәліметтерді ұсыну түрінде мынадай тәсілдермен беріледі:

1) пошта және (немесе) қолма-қол (тапсыру туралы белгі болған кезде);

2) теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы айқындаған электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

28. Электрондық форматта ұсынылған мәліметтер қағаз тасығыштағы мәліметтерге сәйкес келуі тиіс. Электрондық нысанда және қағаз тасығышта көрсетілген мәліметтердің алшақтығы кезінде электрондық нысан артықшылыққа ие болады.

29. Сағат 18.00-ден кейін жіберілген хабарламалар келесі жұмыс күні алынған деп саналады. Жұма немесе мереке қарсаңында 18.00-ден кейінгі сағаттарда жіберілген хабарламалар демалыс немесе мереке күндерінен кейінгі бірінші жұмыс күні алынған болып саналады.

11-тарау. Қорытынды ережелер

30. Шарт Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және 20__ жылдың __ __ __ __ дейін қолданылады.

30. Шарт 20 __ __ __ __ жылғы __ __ __ __ бастап күшіне енеді және 20 __ __ __ __ жылғы __ __ __ __ дейін қолданылады.

Ескерту. 1-қосымша 30-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30-1. Шарттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін Шарт автоматты түрде келесі қаржы жылына ұзартылады және Шарттың 9-тарауына сәйкес ол бұзылған сәтке дейін қолданылады.

Ескерту. 1-қосымша 30-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Энергетика министрінің 08.04.2024 № 152 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Егер Шарттың қолданылу мерзімі ішінде ол белгілеген бір немесе бірнеше ережелер жарамсыз болып қалса, немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заң күші болмаса, онда бұл мән-жай шарттың тиісті бөлігінде қолданысын жалғастыратын өзге де ережелерін жарамсыз етпейді немесе заң күші жоқ етеді.

32. Деректемелер өзгерген жағдайда Тараптар мұндай өзгерістер туындаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы бір-бірін хабардар етуге міндеттенеді.

33. Егер Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға жол берілмейді.

34. Шартта реттелмеген Тараптардың өзара қарым-қатынастарының барлық өзге мәселелері бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

35. Шартқа барлық қосымшалар, сондай-ақ жеке жасалатын қосылу Шарты оның ажырамас бөліктері болып табылады.

12-тарау. Тараптардың қолдары мен деректемелері

Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы	Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі
Ұйым атауы	Ұйым атауы
Басшының Т.А.Ж. (өкілінің)	Басшының Т.А.Ж. (өкілінің)
БСН	БСН
Заңды мекен-жайы	Заңды мекен-жайы
Нақты мекен-жайы	Нақты мекен-жайы
Банк атауы мен шот нөмірі	Банк атауы мен шот нөмірі
Телефон	Телефон
Электрондық пошта	Электрондық пошта
	Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидаларына 2-қосымша

Электр энергиясының теңгеруші нарығының барлық субъектілерімен қосылу үлгілік шарты

"__" "__" 20__ ж.

(шарт жасасу орны)

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 15-10-бабы 13-тармағының 9) тармақшасына сәйкес осы электр энергиясының теңгеруші нарығының барлық субъектілерімен қосылудың үлгілік шарты (бұдан әрі - Шарт) өзара

(ұйымның атауы, БСН)
атынан _____

(лауазымы, Т.А.Ж.)
негізінде әрекет ететін _____

(құжат атауы)

бұдан әрі "Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы" деп аталатын, бір тараптан және

(ұйымның атауы, БСН)

атынан _____

(лауазымы, Т.А.Ж.)

негізінде әрекет ететін _____

(құжат атауы)

бұдан әрі "Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі" деп аталатын, екінші тараптан, бұдан әрі бірге "Тараптар" деп аталатын, төмендегілер туралы жасасты.

1-тарау. Негізгі ережелер

1. Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес жасалған қосылу шарты болып табылады және оның қолданылуы Шарттың 3 және 4-тармақтарында көзделген тәртіппен Шартқа қосылған теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы мен электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің құқықтық қатынастарына қолданылады.

2. Шарттың үлгілік нысаны Заңның 15-10-бабы 13-тармағының 9) тармақшасына сәйкес электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органмен бекітіледі және теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығының ресми интернет-ресурсында жарияланған.

3. Шарттың талаптары электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының барлық субъектілері үшін бірдей және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі Шартқа толық көлемде қосылу жолымен қабылдайды. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің Шарт талаптарын қабылдауы (Шартқа қосылу/ Шарт жасасу) теңгерімдеуші электр энергиясы нарығы субъектісінің Шартқа №1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына өтініш беруі арқылы көрсетіледі.

4. Электр энергиясының теңгеруші нарығы субъектілеріне теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына өтініш беру, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясы нарығы субъектісінің Шартты толық көлемде оқығанын, түсінгенін және қабылдағанын айғақтайды. Теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектісі, егер теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығында қағаз тасығышта немесе "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан

Республикасының Заңына сәйкес электрондық құжат айналымы жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалана отырып (бұдан әрі – ЭЦҚ) жүзеге асырылған, Шартқа №1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған және оған қол қойылған теңгерімдеуші электр энергиясы нарығы субъектісінің өтінішінің данасы болса, оның Шартта қол қойылмағанының дәлелі ретінде оның Шартқа қол қоюының болмауына сілтеме жасай алмайды.

2-тарау. Шарттың мәні

